

Асылбек Әуезханұлы

*Манға
жарасымы*



Алматы, 2014

УДК 28
ББК 86.38
Ә 82

*Қазақстан Республикасы Дін істері
ағенттігінің дінтану сараптамасының
оң қорытындысы берілген*

А. Әуезханұлы.
Ә 82 Жанұя жарасымы – Алматы: «Көкжиек» баспасы,
2014. – 192 бет.

ISBN 978-601-7495-07-7

Кітапта бүгінгі қоғамда жиі ұшырасатын отбасылық түйткілдер мен оларды шешу жолдары, бала тәрбиесінің мән маңызы мен тетіктері, сондай-ақ асыл дініміздің бірқатар құндылықтары жинақталған. Әр тақырыпқа қатысты қасиетті аят, хадистер ұсынылады. Кез келген ата-ана білуге тиіс кейбір шаригат талаптары да кітап мазмұнына енгізілген.

Еңбек еліміздің барлық жастағы мұсылман жүртшылығына арналады.

УДК 28
ББК 86.38

ISBN 978-601-7495-07-7

© «Көкжиек» баспасы, 2014
© А. Әуезханұлы, 2014

Мазмұны

Алғы сөз	5
Кіріспе	7

ОТБАСЫ ШАТТЫҒЫ

Тәрбиеге кім мұктаж?	11
Отбасы – жауапкершілік	14
Ақ некенің бұзылғаны кімге керек?	17
Пайғамбарлық тәрбие	21
Байлық – жүректе	24
Отбасымыз – сынағымыз	28
Тәкаппарлық – отбасын шайқалтатын кесір	30
Тәкаппарлықты таста, отбасынды сакта!	33
Қыздарға бару еркектік пе?	35
Некемен ойнағандар түбінде онбайды	38
Ажырасу себептері	39
Қыздай алғаныңызды мұздай қылып тастанап кетпеніз	44
Мәселенің ақиқаты қайсы?	47
Шошқамен жатқаннан шошыныңыз!	48
Көз тию – ақиқат	52

ДІН – НАСИХАТ

Алла разылығы үшін жақсы көру	57
Бауырмашылдық	61
Діни құндылықтарға құрмет	65
Күмәнді ой да – күнә	68
Көре алмаушылық	72
Сабыр	76
Құран берекесіне кенелініз	81

БАЛА БОЛАШАҒЫМЫЗ

Бала тәрбиесі не үшін керек?	89
Бала тәрбиесіндегі кейбір олқылықтар	93
Бала тәрбиесінің маңызы	97

Ізгі ұрпақ сұрап дұға ету.....	101
Ана құрсағындағы тәрбие	105
Азан шақырып ат қою.....	108
Ақиқа күрбандығын шалу	111
Ана сүті және емізу	114
Баланың нәресте шағындағы тәрбие	117
Бала мінезін тәрбиелеу	120
Балаларды неге баулыған жөн?	123
Ардакты пайғамбарымыздың балаларға мейірімі.....	126
Балаларға көркем мінез негіздерін үйрету.....	129
Баланы отансүйгіштікке тәрбиелеу	133
Балаға әдеп дәрістері	136
Қыншылықта төзе білу әдебі	140
Қоғамға құдайлық тәрбие қажет.....	144
Бала-шаға, немерелер – Алланың нығметі	147
Бала тәрбиесі – міндетіміз	150
Бала тәрбиесінің кезеңдері	153
Балаға жақсы ана таңдау	156
Бала үшін жақсы орта, жақсы көрші таңдау.....	159
Мұсылмандық тәрбиеге күш салу – міндетіміз.....	162
Ана толғағы қайтсе женілдейді?.....	165
Отбасымызға қаражат жұмсай білу	168
Баламыз көпшіл болса...	171
«Ауыл терапиясы» ауадай қажет.....	174
Ұызға жарымаған тәрбие.....	177
Атаға қарап ұл өсер.....	180
Өз перзентімізге қалайша қастандық қыламыз?	183
Пайдаланылған әдебиеттер:	186

Алғы сөз

Бүгінде біз рухани құндылықтарға кенеземіз кеуіп, шөлдеп отырған халықпыш. Ғасырлар бойы жиналған мол қазынамызды кешегі кеңес кезінде өз қолымызбен күресінге шығардық. Қазына дегенде алтын-күміс, гауһар тастарымызды емес, өмірімізге арқау болатын рухани құндылықтарымызды жоғалттық. Жасыратын несі бар, бірталай жыл шықпа жаным шықпа деumen күн кешіп келдік. Мұның атын «жазмыш» дейді. Құдайға шүкір, енді-енді еңсемізді тіктеп, етек-женімізді жи-нап, өз алдымызға ел болып жатқан жайымыз бар. Енді жоғалтқан құндылықтарымызды түгендеуге тиіспіз.

«Жанұя жарасымы» деп аталатын қолыңызыдағы кітап осы мақсатта жазылған дүние. Еңбекте бүгінгі қоғамда көрініс беріп жүрген кейбір мәселелер көтерілумен қатар, оның шешім жолдары қоса ұсынылады. Мысалы, «Ақ некенің бұзылғаны кімге керек?», «Байлық – жүректе», «Тәкаппарлықты таста, отбасынды сакта», «Қыздарға бару еркектік пе?» деген тақырыптардың өзі біраз жайттан хабар бермей ме?

«Ел болам десен, бесігінді түзе» деген Мұхаңың сөзін де көп естіміз. Бірақ ол бесікті қалай түзету керектігіне көбіне мән бермейміз. Бұл кітапта бала тәрбиесі не үшін қажет, қашан басталуы тиіс, ол жағынан қандай олқылықтар жіберіп жүрміз, құрсақтағы тәлім, әдеп дәрістерін қай жастан үйретеміз, ат қою, ақиқа шалу, емізу секілді мәселелер қысқа әрі нұсқа түрде жинақталған. Одан бөлек, балаға жақсы ана таңдау, перзентті көпшіл етіп тәрбиелеу, т.б. танымдық

мақалалар осы еңбекке арқау болып отыр. Әрине, бұл тынымсыз һәм тыңғылықты еңбекті қажет етеді.

Біз, қазақ, өніп-өскен, өнегелі де тәрбиелі елміз. Қазақтың пейіліндегі кең даласында талай-талай данышпандар, парасатты ақылмандар ғұмыр кешкен. Олардан қалған тәлім-тәrbие ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Кез келген елдің маңдайына дәл мұндай бақыт жазылмаған. Қазір біз соның қадіріне жетіп, үдесінен шығуымыз керек. Бұның бәрін неге айтып отырмыз? Себебі бұл кітапқа енген мақалалардың өн бойында қазақтың озық дәстүр-салттары мен ұлттық танымтүсініктер де орын алады.

Кітаптың тағы бір ерекшелігі, мақалалардың көпшілігі дұға-тілекпен тәмамдалады. «Жақсы сөз – жарым ырыс» демей ме атамыз қазақ. Ендеше, лайым, жасалған дұғалар қабыл болғай.

Авторға шығармашылық табыс тілейміз.

Баспадан

Кіріспе

Бауыр еті баласының болашағын ойлап, қам жемейтін отбасылар кем де кем шығар. Ешбір атана баласын жамандыққа қимайды. Алайда кейде бұл дүниеде отбасымызben жарасып, шат-шадыман ғұмыр кешу үшін бейнет етіп, тер төгу қажеттігін ұмыт қалдыратын секілдіміз. Айналамызда күн сайын көріп жүрген түйткілдер бізді осындай ой түюге мәжбүр етеді. Бұрынғы көнекөз ата-әжелеріміздің тірі кезде көз көріп, құлақ естіп көрмеген ұнамсыз жағдаяттарға бүгінде етіміз де үйреніп бара жатқаны шындық. Мәселен, біреудің ұлы ажырасып кетіпті, біреудің қызы қайтып келіпті деген ағайынның сөзі ілгеріде сүйекке түскен таңбадай сезілетін. Ал қазір дәм-тұзы жараспай қалған жас шаңырақтарды санап тауысу мүмкін болмай қалды. Артына жылатып, еніретіп тірі жетімдерді қалдырып, өзге әйелдің жетегінде кеткен қаншама еркектер бар. Біреудің отанын ойрандал, ерлі-зайыптының арасын бұзып жүрген әйел жұрағаты да жеткілікті. Қыздарға барғанын мақтаныш көретін «көкелердің» көбейе бастағаны да жасырын емес. Үлкендер сөйтіп ку нәпсінің жетегінде түрлі хикаяларымен әуре-сарсанға түсіп жүргенде, екі ортада жас ұрпақ тәрбиеден жүрдай қалып жатқан жағдайлар көріне бастады. Енді бұған отызды асып, қырықты алқымдаса да үйленбей, тұрмыс құрмай, соқа басы сос тыш жалғыз жүрген бойдақтарды қосыңыз. Мал табам, мансап қуам деп жүріп отбасын құру, дүниеге ұрпақ әкелу секілді адамның негізгі міндеттерін естен шығарып жүрген

замандастарымыздың жүртты қынжылтатыны да рас. Элбетте, қалыптасқан осы бір жағдай үшін заманды да, занды да кінәлаудан аулақпыш. «Әр заманға бір зауал» дегендей, бәлкім, бұл жүректің қатайғаны, мейірімнің азайғаны, көзден бір тамшы жас ақпай суалғанынан шығар. Қамсыздық, уайымсыздық шығар. Қара басты күйттеуден аса алмау немесе бүгінгі ұрпақтың ертеңіне атұсті қарағандық болар. Әйтеуір, мәселе, адамның өзінде болып тұр. Тура жолынан тайып, адамдықтан адасудың ақыры жақсы болмайды. Мұның барлығы, әрине, рухани жұтаңдықтан туындаған өкінішті жағдайлар. Қайран кешегі Бұқарлар мен заманын биікке жетелеген Абайлар бүгінгі жағдайымызды көрсе, әрі өтсе бір жылап, бері өтсе бір жылап, көз алдары бір құрғамай өтер еді-ау! Ал енді бұл қоғам өзінен кейін қандай қоғам қалдырмак? Ертең біздің бала-шаға, ұрпағымыз қандай жағдайда ғұмыр кешеді? Қысқасы, осындай шешімі қын бір күйге тап болдық. Откенге салауат. Енді не істеу керек? Руханияттың қайнар бастауы – ата-бабамыз ғасырлар бойы ұстанып келген асыл дініміз деп илансақ, онда бұл мәселелердің шешімін де сол шариғаттың зандарынан іздеу керектігі қисынды.

Шынында да, қайсыбір халық дәстүр сабактастығы мен рухани құндылықтарына немқұрайлы қараған сайын ол елде жеке адамға, отбасыларға, толықтай қоғамға қатысты күрмеуі қын мәселелер арта беретіні анық. Сондықтан елдік мұрат тұрғысынан момын жүртимыздың келешегі үшін қам жесек, онда әр шаңыракқа мұсылмандық талаптарды үйретуге, жеткізуғе талаптануымыз қажет. Осы мұддеге сәйкес, қазіргі таңда насиҳаттың бір түрі кітап болғандықтан, еліміздегі отбасылық түйткілдер мен олардың шешім

жолдары жайлы шағын бір еңбек оқырмандарына жол тартып отыр. Кітап «Отбасы шаттығы», «Дін – наси-хат», «Бала – болашағымыз» деген үш бөлімнен тұрады. Олардың әрқайсысында қоғамға бір қажеті болар деген тақырыптар қамтылған. Мұқият зер салып оқығанға кітаптың берері мол.

Әрине, бұл кітапта жанұя жарасымына қатысты барлық мәселелер түгел қамтылды дей алмаймыз. Қолыңыздағы еңбек еліміздегі бір отбасының екі дүниелік бақытын тауып, берекеге кенелуіне себеп болып жатса, мақсатымыздың орындалғаны.

Автордан



ОТБАСЫ ШАТТЫҒЫ

Тәрбиеге кім мұқтаж?

Қоғамда тек қана балаларға ғана қажет деген түсінік байқалады. Шындығында, солай ма? Біздіңше, тәрбиеге жас та, кәрі де, бала да, қария да мұқтаж. Тіпті, қазір нағыз тәрбие баладан бұрын ата-анаға керек десек қателеспейміз. Қарапайым жұмысшы да, ғалым да, дәрігер де, зангер де, тіпті жұртқа тәрбие беретін мұғалімдердің өзі түптең келгенде шын тәрбиеге ауадай зәру. Өйткені өзінің жүргегінде ізгілікті тәрбиесі жок адам өзгелерге қандай жақсылық үйретуі мүмкін?!

Бірақ мұндай кең көлемдегі тәрбиені Ислам дінінен ғана табуға болатынын кейбіреулер білмейді. Білсе де мойындағысы келмейді. Исламның үйрететіні қандай тәрбие?

Алла тағала әр түрлі сынақтарға салу арқылы құлдарын тәрбиелейді. Қасиетті Құранның әрбір аяты кісінің рухын тәрбиелейді. Адамзаттың ұстазы, ардақты Мұхаммед пайғамбарымыз(с.а.с) әрбір сөзі мен ісі, өмірінің әрбір сәті арқылы адамзатты тәрбиелейді. Қарап отырсақ, Алланың жіберген түрлі ауыртпашилықтары арқылы да адамзат баласының жан дүниесі тәрбиеге келіп, кемелдене түседі. Олай болса, бізді қоршаған бүкіл жаратылысты тәрбиенің көрнекі құралы деп санауға болады. Тау мен тас, өзен мен көл, Ай мен Күн – бәрі де біздің рухымызды жетілдіру құралдары бола

алады. Бірақ мұның жалғыз ғана шарты бар: ол бүкіл дүниеге материалистік емес, мұсылмандық көзқараспен қарау.

Қасиетті Құранның мына бір аятына қараңыз: «**Шын мәнінде, көктер мен жердің жаратылысында, тұн мен күннің алма-кезек аудисуында, сондай-ақ адамдарға пайда келтіру үшін кемелердің теңіз бетінде жүзуінде, Алланың коктен жаңбыр жаудырып өлген жерді тірілтуінде және оның үстінде әр алуан жан-жануарларды таратып қоюында, желдің құбылуды мен жер мен көк арасында бұлтардың көшуінде ақыл иелері үшін Алланың бар және жалғыз екендігін білдіретін ап-айқын дәлелдер бар**» («Бақара» сүресі, 164-аят).

Ендеше, аталмыш табиғи құбылудардың барлығы да адамдарды мұсылмандыққа тәрбиелеуде деген сөз. Алланың бар екендігіне иланған кісі түсірген Құранына да шәксіз сенеді. Құранға иман келтірген адам мұсылмандық өмір сүрудің шынайылығына көз жеткізе береді.

Тәрбие – Алланың құлдарына нәсіп еткен ең ұлы нығметтерінің бірі. Құдайын танымайтын адам өмірдің мың түрлі сынақтарын көре-көре өмір ақиқатына көз жеткізе бастайды.

Міне, осы ақиқат тұрғысынан келгенде, тәрбиелі болу үшін міндетті түрде жоғарғы оқу орнын тәмамдау шарт емес. Алысқа бармай-ақ көшпелі өмір тіршілігін кешкен ата-баларымыз өмірлік тәрбиені университет, академия қабырғасында емес, қара жердің үсті мен көк аспанның астында жүріп алды. Олар «дала академиясының» тәрбиесімен өтті.

Енді салыстырып көрейік, қай дәуірдің тәрбиесі күшті болған? Мұсылмандыққа, шығыс тәрбиесіне ескіліктің қалдығы деп қараған кездерден бастап адамзат баласы қандай жетістіктерге қол жеткізді? Бүгінгі өмірдің кез келген саласына көз жүгіртіп көріңіз.

Алдау, арбау, көз бояу қайдан шықты? Арак-шарап судай ішіліп, темекі мен есірткінің әдетке айналуы қалай пайда болды? Баланың шеше мен әкеге әкірендең сөйлеуі қай тәрбиенің жемісі? Ерлі-зайыптылардың бір шаңырақ астында бір жылдан артық тұра алмауы қай тәрбиенің пайдасы? Қарабастың қамы үшін кез келген қылмысқа ойланбай баратындар қайдан шықты? Жалаңаш саны мен төсін бүкіл ерек атаулыға мақтанышпен көрсететін түсінік бізге қайдан жұқты? Мандай терін төгіп еңбек етуден қашатын, жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүргенді еп көретін еркектер қай тәрбиенің өкілдері? Іштегі баланы алдыру, жасанды түсік, туған баланы жетімдер үйіне, қартайған атаананы қарттар үйіне тоғыту – дала тәрбиесінде бар маді? Ұрып кету, пышақтап кету, дарға асылу – бұларды да Алланың тәрбиесі болмаса, өзге тәрбие құралымен түзету мүмкін емес.

Міне, осыларды ескере келгенде, біздің қоғам қандай тәрбиеге мұқтаж екенін өзіңіз шешіңіз, құрметті оқырман! Біздікі жай ғана ой салу!

Отбасы – жауапкершілік

Мұсылман адам бүкіл өмірінде шариғатымыздың өлшемдерінен мұлт кетпеуге тырысады. Өйткені ол әр нәрсенің сұрауы алынатын Есеп күніне сенеді. Бір періште келіп: «Күнің бітті, дәм-тұзың таусылды, енді бұл өмірмен қош айтысуга дайындал» деген кезде адамдар өмірінде ұтқанын біліп қуанады, не ұтылғанын біліп өкінеді. Міне, осы тұрғыдан алғанда Ислам дінінде бір мұсылмандың өзіне жар таңдап, отбасын құруы, одан Алла разылығын көксейтін ізгі ұрпақ өрбітуі өте маңызды мәселе. Алла тағала Құран кәрімде былай дейді: **«Оларға бойларың үйреніп тұрақтауларың үшін сендерге өз араларыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік пен мейірім салуы да Алланың белгілерінің бірі. Ой жүгірте білетін қауым үшін мұнда көп ғибрат бар»** («Рум» сүресі, 21-аят).

Ендеше, үйлену, отбасын құру адамның жаратылысымен, табиғатымен астасып кеткен нығмет. Аяттың мазмұнына үнілсек, ер мен әйелдің арасына махабbat сезімін салушы Алла тағала екенін байқаймыз. Шынында да бұл аятта көп ғибрат жатыр. Егер Алла тағала ер мен әйелді жаратып, бірақ оларға сүйіспеншілік сезімін бермесе, онда екі жар бір-бірін тауып қосылmas еді. Үйленбес еді, ұрпақ жалғастырып, адам санын көбейте алmas еді. Міне, ақын-жазушылардың сан ғасырдан бері шығармаларына негізгі арқау етіп келе жатқан махабbat, сүйіспеншілік сезімі аса мейірімді Алла тағаланың өз құлдарына нәсіп еткен үлкен нығметі екенін осы аят айқын білдіруде. Сол себепті Аллаға иман келтірген

әрбір мұсылман өз жұбайы Алланың нығметі екенін сезе отырып, отау құру, ақ неке қидыру секілді отбасы төңірегіндегі істерінің бәрін шарифат заңдары бойынша атқаруы тиіс. Бұл бір. Екіншіден, әрбір қоғамның, ұлттың, халықтың озық болуы, кемел болуы отбасынан, яғни өмірлік серік болуға келіскең екі жастың қол ұстасып құрған ұясынан бастау алатыны сөзсіз. Демек қоғамда кез келген проблема туындалап жатса, оның шешімін отбасы тәрбиесінен іздесек қателеспейміз. Өйткені – жан-жақты тәрбиенің де қайнар көзі.

Ал жеке адамға қатысты жағынан келсек, сәтті құрылған отбасы бұл өмірдің де, бақи өмірдің де сәтті болуының алғашқы баспалдағы екендігі анық. Сондықтан мұсылман адам отбасын құру мәселесіне үлкен жауапкершілікпен қарағаны дұрыс. Енді үйленетін жастың әуелі қандай жағдайларға мән беруі керек?

Отбасы – қоғам тіршілігіне серпін беретін ең маңызды бөлшек болумен қатар ұлттың, мемлекеттің бастапқы ядросы. Отбасы – қасиетті әрі аса қастерлі ұғым. Сондықтан кім кімде үйлену мәселесіне үлкен мақсатпен келу керек. Оның қасиеттілігінің ең бірінші белгісі – Ислами некеде жатыр. Некенің сақталуы тиіс ұстанымдары, мақсат-міндеттері болады. Ерлі-зайыптыларға жүктелетін салмақты құқықтық міндеттері болады. Үйленудің осындай маңызды жағы бар. Бір қызға үйлене салсам, бірге тұра берсем, соным неке болады деген тар түсініктен аулак болу керек. Некенің шарттары сақталмай, шарифат талаптары орындалмай, яғни мақсатсыз құрыла салған отбасы мұсылмандық негіздерден алшак.

Мақсатсыз құрылған жаңуя ниетсіз амал секілді. Онда береке болмайды. Мақсат болмаған соң, кей-

де адамдар бір-бірінің дініне, тәрбиесіне, ішкі жан дүниесіне, ар-ұятына қарамай, тек түрі мен келбетіне қызығып үйлене салады да, аз ғана уақыт ішінде түсінісе алмай, келісе алмай, ұрыс-керістерге бой алдырып, ақыры ажырасумен аяқталып жатады. Бұл әрине ата-ана үшін де, қоғам үшін де үлкен қайғы. Мақсатсыз құрылған отбасы әдемі басталғанмен, бір күні гұрс етіп құлауы мүмкін. Ал енді мақсатқа келер болсақ, отбасының әуелгі мақсаты Алла тағаланы разы ететін, ақыретте Пайғамбарымызды қуандыратын ұрпақ, жетілдіру болуы керек. «*Үйленіңдер, көбейіңдер, мен қиямет күні үмбетімнің көптігімен мақтанамын*» деген хадисте осы мақсат анық білдірілген. Сүйікті пайғамбарымыз бұл хадисте үмбетінің тек санымен ғана мақтанатынын айтып отырған жок. Үмбетінің өзін қуандыратындағ ізгі ниетті, адал, құлшылығы мол, жаны мен тәні таза, көркем мінезді т.б. жақсылықтарды тал бойына жинаған ұрпақ болуы тиіс деп талап қойып отыр. Алла тағала еліміздегі отбасылардың осы талаптарға сай болуын жазсын!



Ақ некенің бұзылғаны кімге керек?

Ислам дініндегі ең маңызды құндылықтардың бірі – адал неке. Неке адамзат тарихында алғашқы адамнан, яғни Адам атамыздан бері жалғасып келеді. Неке немесе отбасы адам баласы үшін өте-мөте қасиетті ұғым. Өйткені отбасы екі бірдей адамның екі дүниелік тағдырына қатысы бар нәрсе. Екі түрлі табиғаттағы екі адамның Алланың алдында, неке куәгерлерінің және екі жақтың туған-туыс, дос-жарандарының алдында өз қалаулары бойынша, бір-бірінің ризашылығымен тек бұл дүниеде ғана емес, аргы өмірде де бірге боламыз деп жария уәде беруін «неке» дейміз.

Неке адамдардың өмірлік тағдыры болғандықтан, онда міндетті түрде Алла тағаланың қалауы бар деген сөз. Ендеши, отбасын құрған адам ең алдымен оның Алла тағалаға, Ислам дініне қарайтын жағын еске алуы керек. Бұл жағын ескерген жан өз некелі жарын бір жыл, екі жыл немесе жиырма жылдық деп емес, қайтыс болған күніне дейін бұл өмірде, одан соң аргы өмірде серігім болады деп қабылдауды керек. Олай болса, үйлене салып ажырасу деген түсінік дұрыс емес. Бұрынғы ата-бабамызда ажырасу деген ұғым жок еді. Өйткені олар некенің осындай қадір-қасиетін жақсы түсінген. Ал бүгінгі жағдай баршамызға мәлім.

«Үйленер кезде байқамаппын, әйелімнің мінезі жа-ман екен, аяқ-қолы қисық екен, еріншектеу екен, сөздері дөрекі екен» немесе т.б. себептерді сұлтауратып, ажыраса салуды оп-оңай санайтындар аз ұшыраспайды. «Күйеуім әйел секілді әр нәрсеге араласа береді, азық-тұлігімді қамтамасыз ете алмайды, т.б.» деп әйел де

жүлқынып шығады. Сонда Алла алдындағы ақ некенің қасиеті қайда қалды?

Ислам дінін біледі, иман келтіріп, намаз оқып жүр дегендердің өзі болмашы себептерге бола әйеліме талак бердім деп жүргенін байқаймыз. Сонда Алла тағаланың жер бетіне орнатқан ұлы заны бұлай ойнайдай ойыншық болғаны ма? Бұл істердің бәрінің ертең сұрағы алынады. Бұл жақта ажырасу оңай, ал арғы жақта оның зардабы өте қын. Сондықтан үйленем деп өз қалауынмен бір кісіні өмірлік жар деп алдың ба, оның аяғы қисық түгіл, белі бүкір болса да, мінезі жаман түгіл болса да, шыдап өмірінің соңына дейін баруың керек. Өйткені мұсылманның некесі аз ғана уақытқа емес, мәңгілік өмірге бір-ақ қылады.

Адам қанша рет үйленсем де өзім білем дейтіндей қарбыз бақшасында жүрген жоқ қой. Әр қарбызды бір жарып, дәмі жаман екен деп тастай берсе не болады? Одан қалған жарылған қарбызды кім жемек? Бақшадағы әр гүлдің басын жұлып кете берген адам бақшаға қанша зиян келтіргенін ойлай ма? Сол секілді бір қызға үйлене салып, ажырасудың қоғам өміріне дәл сондай немесе одан да ауыр зияны бар. Ендеше, шыдай алмайсың ба, әу баста шаңырақ көтеруге асықпа. Өмірлік жар етем деген адамынды жақсы танымайынша, үйленбе!

Ажырасудың жақсы қылық емес екенін мына бір мысалдан да анық аңғаруға болады. Бір адам жағдайымды дұрыстап алайын деп қандай да бір үрлық жасаса, сөйтіп арам жолмен тапқан ақшасына қуанып, бала-шағасын асырап, өзінің көңілін көтеріп бір жасап қалуы ықтимал. Ал енді бұл қанша жерден қуанышты болғанымен әу бастағы үрлықты жақсы іс дей аламыз ба? Әрине, жоқ. Міне, сол секілді әркім ажыраса салып үйлене берсе, қанша жерден қуанғанымен, түбінде ажырасу деген

жақсы іс емес. Шариғатымызда ажырасу – Алланың рұқсат еткен істерінің ең жек көрінішті болып саналады. Мәселеге осы тұрғыдан қарауымыз қажет-ақ.

Расында да, неке – өте қастерлі ұғым. Ер мен әйелдің некесі болмаған жерде бүгінгі тіршілікті де елестету қын. Некенің көптеген қырлары бар. Адамның көптеген қажеттіліктері неке арқылы өтеледі.

Мәселен, бала сүйіп, артына ұрпак қалдырғысы келген жан бұл мұратына тек неке арқылы ғана қол жеткізеді. Екінші жағынан, адам баласы бұл дүниеде жалғыз өмір сүре алмайды. Адамға серік керек. Жалғыздық тек Аллаға ғана жарасады. Ал адамның күні адаммен, соның ішінде ердің күні әйелмен, әйелдің күні ерімен екені даусыз. Алайда қойдың отары, жылқының үйірінен адам жамағатының ерекшелігі сол – онда белгілі бір жүйе, белгілі бір заңдылық, талаптар бар. Міне, осы ұлы адамзаттық жамағаттың ең түпкі бөлігі отбасы болып табылады. Демек бүкіл адамзат қауымы шағын отбасылардан құралған алып жанұя іспеттес.

Құранда айтылған Алла тағаланың барша адамдарды бір еркектен және бір әйелден тарататыны туралы аяттан осындай да мағына шығады. (Қараызы: «Хужурат», сұресі, 13-аят).

Ендеше, отбасын құрып, шаңырак көтерудің ең негізгі мәні дүние деген мына әлемге ұрпак әкелу, адамзат нәсілін жалғастыру. Ендеше, арғы дүниедегі ұлы махшар алаңында жиналатын бүкіл өзекті жандар бір кездері бір ата, бір анадан өрбиді. Кейбіреулер әйел ер адамның тән қалауы үшін жарапған деп ойлауы да мүмкін. Әрине, мұны жоққа шығара алмаймыз. Алайда жанұя құрудың ең негізгі мәніне дәл мұндай биологиялық, физиологиялық немесе анатомиялық жағынан бұрын әлеуметтік тұрғыдан қараған макұл.

Бұл қырынан келгенде, асыл дініміздегі халал, харамға, сенімге, туыстық қатынасқа, жалпы күнделікті өмірімізге қатысты қағидалардың көшілігі отбасының айналасында екендігі анық.

Әркім отбасындағы өзіндік тыныс-тіршіліктері арқылы өзгелерден ерекшеленеді. Бір адамның мұсылман отбасына жататындығы да оның осы саладағы өмірінен көрінеді. Мәселен, арак, темекі, сыра, шошқаның еті, т.б. демей кез келген нәрсені талғамай ішіп-жей беретін, әурет жерлерім ашылып қалатын болды деп уайымдамай кез келген киімді кие салатын, өтірік, өсек яки жала екендігіне қарамай кез келген сөзді сөйлей салатын адамдарды ә дегеннен мұсылман отбасынан шықты деп бағалай алмаймыз. Өйткені бұл істер Ислам зандарына қайши. Енде, адамдар өзінің мұсылмандық сипатын сактап қалу үшін отбасы мәселесінде де өте мұқият болғаны жөн.

Бұл айтылғандар ерлі-зайыптылардың үйлену арқылы қаншалықты ұлы іспен айналысып жүргенін байқатады. Неке мен отбасы осындай ұлы құндылық болғандықтан, лағынет атқыр шайтанның әрдайым оны бұзуға әрекет жасайды.

Өйткені шайтанға не керек? Әркімнің әр жерде әупілдесіп, ұрысып, керісуі керек. Күштінің әлсізді жәбірлеп, езіп жаншығаны қажет. Адамдар арасында мәңгілікке жалғасатын ерегестің болғаны керек. Олай болса, ойланып көрейікші. Бұл айтылғандар бізге қажет пе? Міне, мәселенің ең маңызды тұсы осы!

Пайғамбарлық тәрбие

Жанұя мүшелерінің екі дүниеде бақытты ғұмыр кешуі ең алдымен отағасының тәрбиешілік міндеттерін дұрыс атқаруымен байланысты. Өйткені тәрбие дұрыс жолға қойылмай, отбасындағы ешбір істің оңала қоймасы анық. Ал тәрбие ісінің ең жарқын үлгісін ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) көрсетіп берді. Олай дейтініміз, небәрі жиырма-отыз жылдың ішінде пайғамбарымыз өз қол астынан хазірет Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли (р. анһум) секілді әрқайсысы бір төбе әділетті халифаларды, сондай-ақ әрбірі жарық жүлдyz іспеттес жүз мындаған санлақ сахабаларды тәрбиеледі.

Бұл әрине Пайғамбарымыздың мінсіз тәлімінің айқын көрінісі еді. Алла елшісінің (с.ғ.с.) отбасылық өмірі кімге болса да үлгі. Пайғамбарымыздың құтты шаңырағы өмірден откен барша жанұялардың ең бақыттысы, әрі берекелісі еді. Бұл бақыттары ең алдымен рухани байлықпен ұштасып жатты. Мысалы, Алла елшісінің (с.ғ.с.) өз отбасы мүшелерін қанағат сезіміне тәрбиелеуін ғана сөз етептік. Бұл қасиетті отбасының материалдық тұрмысы өте жұпны болған. Айша анамыз (р. анһа) үйлерінде екі-үш айда бір рет қана қазан асылып, ыстық тамақ ішілетінін, ал өзге уақытта құрма мен қара суды азық ететінін жеткізген. Бірде Фатима қатынқырап қалған бір тілім нан әкеліп әкесіне ұсынғанда, қанағат пен сабырдың сұлтаны Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әкеңнің үш күннен бері та-тып отырган дәмі осы» деп нәзік қызының көзіне жас

үйіргені де бар. Тіпті қарны ашып, әлі құрығаны сонша, тік тұруға шамасы келмей, намазын отырып оқыған кездері де болған. Сондай-ақ шидің үстінде жатып тынығатыны оның шалқып өмір сүрмегенін анғартады. Демек, Алла елшісі барға қанағат, жокқа сабыр етудің үлгісін алдымен өзі көрсететін. Осынау жүдеу тіршілікке қарамастан Айша анамыз да, Фатиматуз-Зәһра да Алла елшісін (с.ғ.с.) жанынан артық жақсы көруші еді. Ендеши, отбасы шаттығының тағы бір сыры балалық, әкелік, жұбайлышқ махаббатта жатыр. Алла елшісі (с.ғ.с.) тәрбиенің өзіндік механизмі арқылы олардың жүрегіне соншалықты айнымас жақындық пен мәңгілік қимастық сезімін орнатты. Міне сол жақындық сезімі толқындана келіп, бірте-бірте бүкіл жаһанға жайылып, әрбір мұсылман жүрегінің төрінен орын алды. Өзі өмірден өтерде де артындағы отбасына зәулім сарай, мол мирас қалдырып кеткен жоқ. Оның отбасы сол баяғы бір-екі ғана бөлмелі тар үйде тіршіліктерін жалғастыра берді. Енді ойлап көрейікші, Алла тағала Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) барша ғаламдарға рахым нұры етіп жіберген. Мына дүние сол асыл жанның құрметіне жаралған десек те қателеспейміз. Бірак сонысына қарамай ол өмірге келген сәті мен дүниеден өтер кезіндегі түрмисында айырмашылық болмаған тап-таза қалыпта мәңгілікке көшті.

Әрине, Пайғамбарымыз қаласа бай болып та күн кешуіне болар еді. Алайда өзінен кейінгі ел билеушілер мен отбасы басшыларына үлгі болу үшін осындай қанағатшыл өмірді таңдал еді. Алайда бұдан Ислам дінінде дәuletті болуға рұқсат жоқ деген қорытынды шықпайды. Бай болма деп те ешкімді үгіттемейміз. Айтпағымыз, отбасының бақыты басқаға емес, жүрек

байлығына байланысты екендігі. Халқымыздың «Бақ пен дәulet көшпелі» деген мақалы біраз жайдан хабар береді. Сондықтан отағасы өз жанұясының мүшелерін шынайы иман нәрімен қоректендіруге, Алланың ҳақ жолынан таймай өмір сұруге, бойларына қанағат, мейірім, сабыр сезімдерін қалыптастыруға бағыттап отырғаны құптарлық.



Байлық – жүректе

Кез келген адам, қоғам немесе мемлекет үшін өз құндылықтарын танып біліп, оның қадіріне жетудің айрықша маңызы бар. Өйткені адамдық құндылықтарды жоғалту өте баяу жүзеге асатын процесс болғандықтан, кейде адамдар өзінің ең қымбат байлығынан айрылып қалғанын да байқамай қалады. Міне, осы тұрғыдан алғанда, біздің де отбасына қатысты талай жоғалтқандарымыз бар. Әсіресе, көптеген рухани құндылықтардан айырылған сыңайлымыз. Содан болса керек, бүгінгі таңда жанұялардың берекесі қашып, ұрыс-керіс көбейіп, ажырасқандардың саны артуда.

Енді егер жоғалтқан құндылықтарымызды іздеуге кіріссек, оны Ислам дінінен, мұсылмандықтан, Құраннан, Пайғамбарымыздың өмірінен іздеуіміз керек. Бұрынғы өткен ғұламаларымыз, дана халқымыз қалдырған сөздердің, дастан-жырлардың да негізгі арқауы осы қайнарлардан бастау алған. Мәселен, Алланың елшісі (с.ғ.с.) мұсылман отағасының жанұя мүшелеріне қалай қарауы керектігін бұйрықтары, кеңестері арқылы білдірумен қатар, өз өмірінде де нақты істерімен көрсетіп, барша мұсылмандарға ұлғі болды. Хадис шәріпптерінің бірінде ер адамның әйеліне дұрыс қарауы керектігін айқын білдіріп: «*Сендердің ең жақсыларың – отбасына жақсы қарагандарың, ал араларыңда отбасына ең жақсы қарайтын менмін*», – деген. Тағы бір хадисінде: «*Ең жақсыларың – әйеліне жақсы қарагандарың*», – дейді. Әнас ибн Мәлік атты саңлақ сахабалардың бірі: «*Өз жанұясына дәл Пайғамбарымыздай мейірбан жан*

көрген емеспін» деп еске алады. Ал иман, көркем мінез және отбасы мүшелеріне жұмсақ қарау тұрғысынан ардақты Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мына бір хадис мұсылман үшін мызғымас қағида болуы тиіс. Ол хадис те: «*Мұміндердің иман тұрғысынан ең кемелі – мінезі ең көркем болғаны және отбасына жұмсақ қараганы*» делінген.

Олай болса, мұсылмандық тұрғыдан алғанда, үйлену, ең алдымен, Алланың бүйірығына бойұсынудың, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) соңынан ерудің бір белгісі. Үйлену – Алланың үлкен нығметтерінің бірі. Ер азамат үшін күнәлі істерден, бұзақылықтан, некесіз жеңіл жүрістен, улы көздерін бөтен әйелге қадаудан аулак болудың бір жолы. Ал әйел үшін күйеуінің разылығын табу арқылы Алланың разылығына бөленудің бір амалы. Үйлену – перзент сүйіп, ұрпақ жетілдірудің де алғышарты. Сондай-ақ ізгі отбасын құру – күшті бір мемлекеттің іргетасын қалаумен тең. Ал мықты отбасының құрылуы мен оның бақытты жалғасымы үшін материалдық жетістіктерден бұрын рухани байлық қажет екендігі анық. Өйткені бақыттың да, байлықтың да орны жүрек. Ендеше, ерлі-зайыптыларға айтарымыз бақытты сырттан емес, жүректен іздеген жөн. Сол бір жапырақ жүрек бай болса, адамның өмірі де мәнді болады. Отбасын құруға жар іздегенде де осы жүрек байлығына мән берудің маңызы зор.

Осы талапқа сай отбасын құрып, берекелі өмір сұрудің жарқын үлгісін бізге Алланың елшісі (с.ғ.с.) көрсетіп берді. Мысалы, өмірде әйелдердің тұрмыс тауқыметіне, отбасылық қыншылықтарға, өзге де әлеуметтік себептерге шыдай алмай күйеуіне шағым жасайтын кездері көп кездесіп жатады. Алайда Алла

елшісі (с.ғ.с.) жайлы жарлары еш уақытта бір ауыз болса да шағым айтпаған. Олар Алла елшісінің (с.ғ.с.) отағасылық өміріне жан-тәнімен разы еді. Айталық, ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өмірлік серіктерінің арасында хазірет Хадишаны ерекше жақсы көрді. Онымен жиырма бес жыл бақытты өмір кешті. Тіпті дүние салғаннан соң да, оны ұмыта алмады. Зәредей бір нәрсенің өзі сүйікті жарын есіне салып, ол жайлы сүйіспеншілігін жаңалап тұруши еді. Мысалы, Хадиша аномыз қайтыс болғаннан кейінгі уақытта оның Хале деген сіңілісі Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) үйіне келіп, кіруге рұқсат сұрайды. Оның дауысы хазірет Хадишаның даусына ұксап кеткендіктен, Пайғамбарымыз бір сәт қобалжып: «Бұл келген Хале емес пе?» деді. Қасында отырған Айша аномыз бұған ренжігендей: «Қайтыс болған әйелді осыншалықты еске алуыңыздың қандай мәні бар. Алла тағала сізге одан жақсы жұбайлар берген жоқ па?» деп сұрайды. Сонда Алла елшісі (с.ғ.с.): «Жок, ақиқат сен айтқандай емес. Ешкім маған иланбаған кезде, ол маған сеніп еді, әркім Аллаға серік қосып жатқанда, мұсылмандықты ол қабылдаған еді. Маған ешкім де көмектеспей жүргенде, ол менің жәрдемшім болушы еді» деген болатын. Ардақты Пайғамбарымыз одан соң, Айша аномызды жақсы көретін. Алайда бұл сүйіспеншілік те тек сұлулыққа байланысты емес еді. Себебі хазірет Айшаның қабілеті, зеректігі, ақылдылығы, парасаттылығы және әр нәрсенің жорамалын жасаудағы ерекше естілігі болатын. Әйгілі хадисінде: «Әйелдер төрт нәрсесі үшін таңдалады: мал-дүниесі, сұлулығы, тегі және діндарлығы. Сен діндарын таңда» деп кеңес беруі де осыдан болса керек.

Міне, бұл айтылғандардан шығатын тұжырым, мұсылман адам бақытты ғұмыр кешкісі келсе, өзіне жар іздегенде, оның жүрек байлығына көп назар аударғаны жөн. Ал үйленген соң жұбайының сол рухани құндылықтарын бағалауы тиіс. Жүрекке сінетін шынайы иман, иба, әдеп, өзара түсіністік, шыдамдылық, көркем мінез, жылы сөз мұсылман отбасының өміріндегі ең асыл қазыналары болуы тиіс.

Сөз соңында тілеріміз, отбасын құрған жандардың жүректері иманға, көңілдері бақытқа толсын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын.



Отбасымыз – сынағымыз

Жаратылысқа ақиқат көзімен қарасақ, бұл дүниенің ұлы бір сынак алаңы екенін байқаймыз. Құранда Алла тағала: «**Бүкіл билік қолында болған Алла – ұлы берекет иесі. Ол барлық нәрсеге құдіреті жетуші. Ол олімді және тіршілікті қайсысың қандай жақсылық жасайсың деп сынау үшін жаратты**» («Мұлік» сүресі, 1-2 аяттар) деген.

Ендеше, біздің әрқайсымыздың тыныс-тіршілігіміз түгел сынак. Халық арасында тек қыншылыққа тап болған адамдар ғана тағдырдың сынағына ұшырайды деген түсінік кездеседі. Ол дұрыс емес. Өйткені аята бүкіл өмірдің сынак үшін жаратылғаны анық айтылып отыр. Адам ауырған кезде, жақын-жұрағатынан айырылып қалғанда, басына іс түскенде, көлік апатына ұшырағанда ғана сыналмайды. Тек үйсіз-күйсіз бейшара халде жүргендер ғана сыналмайды. Басқаша айтқанда, адам баласы бұл дүниеге ойнап-күліп, қыдыру, көніл көтеру үшін келген жоқ. Жаратушы иеміздің ұлы сынан өту үшін келдік. Бұл дүниедегі мақсатымыз жетпіс-сексен жылдық өмірді жалпағынан басып өтіп, топырак астына кіріп кету деп ойлаған адам қателеседі. Құдіреті күшті Алла ондай баянсыз, мәнсіз нәрсе жаратпайды. Олай болса, бакшадан алма үзіп жесек те, базарда сауда жасасақ та, біреуге жақсылық жасасақ та, жамандық жасасақ та барлық ісіміз сынак. Құлшылығымыз, намаз, оразамыз – бәрі сыртқы. Алайда сыртқартардың ең бір ауыр әрі жауапты түрі отбасымыз екенін бүгінде біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін. Намаздың да, оразаның да

белгілентен уақыттары бар. Ал отбасымыздың әр минут сайынғы істері маңызды.

Міне, осы тұрғыдан келгенде, өмірлік серік ретінде кімді таңдаймыз, қандай отау құрамыз, ата-анамызыға, жанұя, бала-шағамызыға қатысты міндеттерімізді қалай орындаймыз? Осының бәрі сынақ. Түбінде бәріне жауап береміз. Бойдақ кезімізде өз тамағымыздан өткен әр азықтың адалдығынан сұралатын болсақ, үйленгеннен соң отбасымыздың, бала-шағамыздың ішкен асына жауаптымыз. Тек тамағы емес, киген киімі, сөйлеген сөзі, мінезі, оқыған кітабы, араласқан достары, көрген киносы – бәрі сынақ. Сондықтан үйленген күннен бастап, Алланың разылығын табу басты мақсатымыз болғаны жөн. Алла разылы дегенге мән бермей, біреудің көзі, біреудің сөзі сұлу деп үйленіп алып, бір жыл толмай жатып ажырасамын деп шығудан Алла сақтасын. Сондықтан, үйленуді немесе ажырасуды ойға алған жан, алдымен Қиямет күніндегі жағдайды ойлағаны жөн.

Кысқасын айтқанда, адамзат баласының ер мен әйелден тұратыны кездейсоқтық емес. Бұл Алланың қалауы. Әйелді нәзік, еркекті күшті етіп жаратуы кездейсоқтық емес. Әйелге аналық мейірім беріп, ерекке аталық жауапкершілік жүктеуі мақсатсыз, бос нэрсе емес. Алланың шаригаты. Ендеше, отбасылық өміріміздің ақиret әлеміне қарай ашылған терезесін де ұмытпауымыз керек.

Тәкаппарлық – отбасын шайқалтатын кесір

Иә, ерлі-зайыптылардың отбасылық жағдайлары бүгінгі қоғамда өткір тұрған маңызды мәселелердің бірі. Өкінішке қарай, шаңырағы шайқалған бақытсыз жандардың саны күн өткен сайын азайып отырған жок. Көбейіп отыр.

Кез келген қоғам отбасылардан құралады деген қағида баршамызға мәлім. Отбасылар жақсы болмаса, қоғам да жақсы болмайды. Отбасылар бақытты болмаса, қоғам да бақытты бола алмайды. Ресми статистика бойынша құрылған әрбір жүз отбасының отызы үйленгендеріне бір жыл толмай жатып ажырасуда. Шынын айту керек, бүгінгі қоғамның көп бөлігін асыраушысыз қалған жесірлер, әйел жылдылығынан айырылған күйеулер, көздері жәутендерген тірі жетімдер құрап жатыр ма деп аландаймыз. Енді не істеу керек? Қайтсек, ажырасу кесепатының алдын аламыз? Міне, бұл сұрақ бәрімізді мазалауы керек, тұн үйқымызды қашыруы қажет? Бәріміз де соған мұдделіміз. Өйткені әр адамның өзі де, бала-шагасы да, туған-туыс, ағайындары да бәрімізге ортақ қоғамның мүшесі. Өз отбасым аман болса, қалғаны құл болмаса, бұл болсын деген өзімшілдік тұжырым түбегейлі қате. Мысалы, біздің бала-шагамызды оқытатын мұғалімдер, ауыра қалса емдейтін дәрігерлер, олармен бірге доп ойнайтын достары белгілі бір отбасының мүшелері. Қалай дегенде де, бір отбасының күнделікті тіршілігі екінші бір отбасының мүшелерімен тамырласып жатыр. Сондықтан

қаласақ та, қаламасақ та бүгінгі отбасылық түйткілдерге қарсы бұқіл жұрт болып жұмылуға тиіспіз.

Ал енді бүгін шаңырактың шайқалуына көп жағдайда себеп болатын бір мінез төңірегінде әңгіме қозғауға тырысайық. Ол – менмендік, тәкаппарлық. Ерлі-зайыптылардың екеуі бірдей менмендік мінезіне ие болса, ондай шаңырактың ұзаққа бармасы анық. Себебі, адам бойындағы ең қатерлі мінез – осы тәкаппарлық. Адам түгіл шайтанның шайтан болуына да осы кесірлі мінез себеп болған. «Мен, мен, өзгелердің берінен мен артықпын», «менікі дұрыс, басқанықі қате» деген пікір адамды тәкаппар етеді. Негізінде, өзін өзгелерден артық санайтын, өзімшіл мінезден арыла алмаған адам тек отбасын ғана емес, дүниедегі барлық нәрсені бұлдіріп бұзады. Тіпті өзге түгіл өз өмірін де быт-шыт етіп күйретеді. Сол үшін Алла тағала өз құлдарын жаратқан соң, не істесе соны істесін деп өз бетіне жібере салмай, оларға Құран, пайғамбар, ұждан деген секілді ұлы құндылықтарды сыйлады. Сондықтан Құранда хабар берілгендей, жер де, көк те, тұн де, күндіз де, Ай да, Құн де – бұл дүниедегі барлық жаратылыс адамның қол астына, билігіне берілген. Бірақ адамның өзі Алланың билігінде болуға тиіс. Алла тағала адамнан өзге ешбір жаратылысқа Құран түсірген жоқ, пайғамбар жіберген жоқ. Тек адам баласын ғана сондай ұлы артықшылыққа бөледі.

Ендеше, Алланың құлы бола тұрып мен, мен деп кеуде керуге ешбір адамның ақысы жоқ. Тіпті өзіміздің кім болып жаратыларымызды білмейтін кезімізде біздің кім болып пайда боларымызды Алла білген. Ал тәкаппарлық деген мінез – сондай ұлы Жаратушымыздың бізге шарифат етіп бекіткен дініне

тиісті көңіл бөлмей теріс қарау деген сөз. Сол үшін Алла тағала «Инфитар» сүресінде: «**Эй, адам баласы, сені осыншалықты жомарт Раббың туралы алдаған, аздырған, адастырған не нэрсе?**» деп бұйырады.

Ендеше, қасиетті дінімізде тәкаппарлыққа салынудың жөні жоқ. Шаригаттың ұсынатыны кішіпейілділік пен сыпайылық. Отбасында әйел де, ерекең те кішіпейіл болса, қарапайым болса, онда отбасы да оңайлықпен бұзылмайды. Алла тағала барлық отбасылардың тәкаппарлық кесірінен сақтасын.



Тәкаппарлықты таста, отбасыңды сакта!

Қысқа күнде қырық ойласаң та, санамызға сыймайтын, ақылымыз жетпейтін бір сауал бар. Ерлізайыптылар бір-бірін таңдап үйленген соң, Алланың алдында ақ некелері қылған соң неге осы ажырасады? Алланың өзі орнатқан «отбасы» деген құрылымды неге бұзады? Не жетпейді? Асықпай отырып ойланайықшы, шаңырақ шайқалтуға лайық не себеп бар? Айналамызда отбасынан жылдылық ізделп, бірақ таба алмай жүргендер күн санап көбейіп отыр. Эйелім бағынбайды, күйеуім алдап жүр, ата-аналар араласып кетті, ақшамыз таусылды, қонакқа бара алмай қалдым, т.б. себептер ермен әйелді күйзелтіп бітіретін болды. Өз өмірімізді жап-жақсы қылып үйымдастыруға тырысайықшы. Байқауымша, осыған көп кедергі келтіретін нәрсе тәкаппарлық. Қанша отбасылармен сөйлестім: не ері, не әйелі тәкаппар секілді. «Сіз енді бір саты төмендей салыңыз, көне салыңыз. Тату-тэтті өмір сүрініздер» десек, екінің бірі көбінесе көнбей отырады. «Жок, – дейді, – мен оны кешіре алмаймын!» Не әйел, не еркек, я болмаса екеуі де осыны айтады.

Сонда қалай болғаны? Екі ортада жылап жүрген, достарының бетіне қарай алмай тірі жетім болып жүрген балалар да жүректерді жібіте алмағаны ма? Не деген тастай қатып қалған жүректер бұл? Рас, нәспінің азғыруымен арам іске барып жүрген опасыз еркекті кешіру қын шығар? Қит етсе, төркініне шаба жөнелетін, ә десе, мә деп жауап қайырып отыратын әйелді кешіру

қын шығар? Сендерді қайтсем де ажыратып тынам деп ортаға от сап жүрген қасиетсіз туысқандарды кешіру қын шығар. Бірақ қалай болғанда да, ер де, әйел де өзімен жұмыс жасамаса болмайтын секілді. Алдымен екеуі де тәкаппарлықты тастауы керек. Содан әркім өз кемшілігін жойып, қажет болса бір-бірінен кешірім сұрап, біріне-бірі құліп сөйлеп, шаңырактың іргесін бекітуге бірігіп ат салысуға тиіс. Ертең, арғы күні осы ер мен әйелден талай-талай ұрпақ өрбиді. Олардың арасынан ата-бабасына Құран бағыштай алатын небір опалы нәсіл тарайды. Міне, мұның бәрі тәкаппарлықты тастауға тұрарлық.

Уа, Алла тағалам, елімізде құрылған отбасылардың іргесін берік ете гөр. Оларды шайтанның азғыруынан сақтай гөр. Бұл елдегі бір де бір шаңырактың құлауына жол берме! Жас отбасыларға адалдық пен пәктік бер! Үлкендерге такуалық беріп, Өзінен қоркуды нәсіп ет! Ата-анасынан тірідей айырылған жас балапандарды жылата гөрме! Олардың жылай, жылай құрғауға айналған жастарын тыя гөр. Иман, ықылас, ар-намыс пен ұятты жүректерімізге сала гөр! Әмин. Әмин. Әмин.



Қыздарға бару еркектік пе?

Аллаға шүкір, «Арым – жанымның садағасы» дейтін өр намысты халықтың ұрпағымыз. Алайда соңғы кездерде қазақтың қыздарында ар-ұят, ал еркектерінде намыс азайып бара жатқандай көрінеді. Кейде үп-үлкен көкелеріміздің өзі жас қыздардың намысын қалай таптап жүргенін айтып мақтанады. Жас жігіттердің арасында қаншалықты көп қызға барса, өзін соншалықты абырайлы санайтындар кездеседі. Шындығында, солай ма? Әрине, жок! Себебі өзінің некелі әйелінен өзге қыз-келіншектерге асылу – барып тұрған намыссыздық, арсыздық, азғындық, тіпті хайуаннан да төмен денгейге түсушілік.

Алла тағала Құранда былай деген: «**Негізінде, Біз жаһаннам оты үшін көптеген адамдар мен жындарды жараттық. Олардың жүректері бар, бірақ (акиқатты) сезбейді. Көздері бар, бірақ (жақсылықты) көрмейді. Құлақтары бар, бірақ (Алланың созін) естімейді. Олар хайуан секілді. Тіпті одан да төмен. Міне, нағыз бейқам жандар, солар** » («Ағраф» сүресі, 179-аят).

Кез келген сау адам өзінің туған қызын, қарындасын немесе әпкесін біреулер қорласа, ашуланады. Бірақ өзі біреудің туған қызын, қарындасын, әпкесін, тіпті біреудің некелі әйелін алдап, арбап төсекке тартқанда, ештеңені ойланбайтын болса, оның қай жері адам? Ондай адамда жүрек те, көз де, құлақ та жок. Нәпсіден өзгені ойламайтын, туған елінің қыздарын қорғаудың орнына қорлап жүрген ондай азғындар отанды да қорғап жарытпайды. Өйткені олар жақсылық пен

жамандықтың, адал мен арамның арасын ажыратудан макұрым. Бүгінгі қоғамның өздері секілді азғындардың арқасында бұлініп жатқанын да олар үға алмайды.

Тарихқа қарасаңыз, біздің халық талай рет жер бетінен жойылып кетуге шақ қалған. Сол кезде біздің арыс би-шешендеріміз бен батырларымыз қанын төгіп, жанын беріп жүріп ұрпақтарын қорғап еді. Алысқа бармай-ақ кешегі Саурық, Өтеген, Сұраншы батырлар кім үшін жанын қиды?! Қалмақтар қазақтың бас көтерер еркектерін қырып тастағанда, Төлеби бабамыз тыныштық үшін оларға он бес жыл бойы салық төлеп отырды. Ал өзі ауылда қалған бірен-саран еркектерге үш-төрт әйелден қосып, бала санын көбейтуге күш салды. Сол жылдары туылып, жалаң аяқ, жалаң бұт шауып жүрген балаларға қарап отырып, еңкілдеп жылайды екен, жарықтық. Осы балалар қашан ер жетеді, қашан атқа қонады, қашан елін жаудан қорғайды деп армандайды екен. Ал өзі тыныштықты сақтау үшін елдегі әйелдердің жүзік, сақиналарына дейін жинап алып, қалмақтарға беріп отырады екен.

Енді ойланайықшы, осының бәрі кім үшін? Осылай елім деп еңіреп өткен қайран бабаларымыз өз ұрпақтарының осыншалықты төмендеп кететінін ойлады ма? Еркектері қызға шапқанына мәз болады, ал қыз-келіншектері тақымдары жалтылдан, ақша үшін арын сатады деп ойлады ма?

Иә, қыздар біздің намысымыз, қазынамыз. Оларды көзіміздің қараышындағы қоргауымыз керек.

Пәкістанда оқыған жігіттерден естідім: ол жакта қыз балаға немесе әйелге бөтен бір ерек сұктана қарайтын болса, оны өзге еркектер жабылып сабап, ұрып тастайды екен. Ол елде қыздың намысы – елдің намысы, ердің

намысы саналатын көрінеді. Бізде де кезінде солай еді.
Ал бүгінгісін көпшілік өзі көріп жүр.

Әрине, жұрттың бәріне бірдей топырак шаша алмаймыз. Елімізде иманды, білімді, парасатты азаматтар әрине, аз емес. Біздің тілеріміз – қазақ деген текті жұрттың бүгінгі ұрпағы намыссыздықтан аулақ болса екен. Алла тағалам еліміздегі еркектерді намысты, қыздарды ұятты етсін. Өз құлдарын иман мен ықыластан ажыратпасын!



Некемен ойнағандар түбінде онбайды

Елден сұрар бір өтінішім бар еді. Некемен, талакпен, отбасымен ойнамаңыздаршы, ағайын. Бүгінде ұсактүйек нәрселерге бола «ажырасам» деп шығатындар шектен тыс көбейіп барады. Алланың неке деген ұлы шариғатына женіл қараған адамның ақиредтегі жағдайы не болмақ? Соны ойлап көрдіңіздер ме? Әйелін қорқыту үшін «ажырасам» дейтіндер де бар. Біздің мешітке қаншама адам етегі жасқа толып жылап, еніреп осы мәселемен келеді. «Бала-шағамды сағынып кеттім» деп әкелер жылайды. «Күйеуімнің қадірін білмеген екенмін» деп әйелдер енірейді.

Ардақты пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде былай деген: «Үш нәрсенің әзілі, шыны болмайды. Олардың шыны да шын, әзілі де шын. **Олар: НЕКЕ, ТАЛАҚ, АНТ**». Міне, бұл хадис барлық ерлі-зайыптылардың құлақтарына алтын сырға. Ендеше, ажырасу мәселесінде **«ойнап едім», «әзілдеп едім», «жай әнишейін айта салып едім», «күйеуімді немесе әйелімді қорқытайын деп едім»** деп ойлау өте-мөте қауіпті. Сондықтан, ойнаймын деп от басудан сақтасын! Болмашы себептерге бола «талак», «талак» деп айту жөн емес. Өйткені ол шынымен де талак болып қалады. Сөйтіп адам өз жұбайымен зина жасап жүргенін білмейді. Бұл сөзі үшін Алланың алдына барғанда міндетті түрде жауап береді. Біз жеткізуін жеткіздік. Енді аргы жағын әркім өзі шеше жатар.

Алла тағала еліміздегі отбасылардың берік болуын нәсіп етсін.

Ажырасу себептері

Бүгінгі таңда көтерілген көп шаңырақтың шайқалып, талай отбасының бұзылып жатқаны ақиқат. Тіпті жаңа құрылған отбасылардың үштен бірі жанұяларына бір жыл толмай жатып ажырасуда деген де дерек бар. Біздіңше, мұның көптеген себептері бар. Бірақ негізгі себебі Ислами құндылықтарға, ұлттық құндылықтарға мән бермеу, Батыстық мәдениетке еліктеу деп есептеймін. Сондықтан бүгін жанұяның шаттығына бөгет болып, отбасының ажырасуына себеп болып жатқан жағдайлардың бірқатарына тоқталайық.

Ажырасуға соқтыратын басты себептердің бірі материалдық жағдай. Мысалы, ер адамның өз отбасын дұрыстап асырамауы, олардың құнделікті қажеттіліктерін толық қамтамасыз ете алмауы шаңырақты шайқалтпай қоймайды. Ал Ислам діні ер адамға отын жинап сату арқылы болса да отбасын асырауға бұйырады. Майлықожа ақын «Болымы жок боз бала, Бейнеттен қашар бұлтаңдал» деп жалқаулықты сынаған.

Ал кейде отағасы өз үйін шамасы келгенше бағып отырса да, әйел кісінің оған қанағат етпеуі, атап айтқанда, «көршілеріміз үлкен үй соғыпты», «жаңа көлік алыпты», «жыл сайын шипажайда тынығады екен» деген секілді сөздері отбасын ажырасуға дейін апарып жатады. «Қылымсыған қатын қызыл көйлек киедінің» керімен «мен жұрт секілді шашыма қарай алмадым, тырнағымды баптай алмадым» деп күйеуінің зығырын қайнататын жағдайлар да кездеседі. Ислам

діні мұндай қанағатсыздыққа да тыйым салған. Ақын бабаларымыздың:

Жаман қатын жігіттің
Тайдырады табанын,
Тар қылады заманын, деп жырлауы да осыдан болса
керек.

Отбасының бұзылуына көп жағдайда ерлі-зайыптылардың бір-бірін алдап, өтірік айтып, өзара сенімнен айрылуы да себеп. Бір-бірінің күнәлі іске барғаны жайлы күмәнданатын ерлі-зайыптылар аз кездеспейді. Босағаны пәк аттамайтын қыздар да жок емес. Сондықтан күйеулері кейде әйелінен безінеді. Ал Ислам діні ер мен әйелді әрдайым адалдыққа, арнамысына кір жүктірмауға шақырады. Зина күнәсін жасамау былай тұрсын, зинаға апаратын жолға жақындауды бүйіретін. Сондықтан келешектен үміті бар қыздар жеңіл жүріске салынбай, етек-жеңіне қарап, арсызығын аттамай жүргүгінде көніл бөлгені жөн.

Ерлі-зайыптылардың перзент сүймеуі де шаңырақ шайқалуына әкеліп жатады. Өйткені бала ата-ананың көз қуанышы. Перзентсіз отбасында уайым-қайғы көп болады. Келіндердің құрсақ көтермеуіне олардың қалай болса солай, ашық-шашық, жеңіл киініп жүріп, жатырларына сүйк тигізулері де бір себеп. Ал негізінде перзент сүймеу ажырасуға түрткі бола алмайды. Ондай күйдегі отбасылар Алладан перзент сұрап дұға етулерін тоқтатпағандары дұрыс. Құранда Зәкәрия пайғамбардың қартайған шағының өзінде: «**Уа, Раббым, сүйегім қаусап, шашым ағарды. Уа, Раббым, Саған тілек етіп жалбарынудан күдер үзген емеспін. Шынында, мен артымда қалатын жақындарымнан (мұрагер бола алмайды деп) қауіптенем.** Ал әйелім

бала көтеруден қалған. Сонда да, өз құзырыңдан бір перзент нәсіп ете ғөр!» деп дұға етті. Сонда Алла тағала сондай қаусаған кәріліктеріне қарамай келешекте пайғамбар болатын Йахъя атты үл нәсіп етті.

Кейде ер мен әйелдің бойдақ кездеріндегі арман-қиялдары отбасы құрған кездерінде жүзеге аспай қалса, соған бола ажырасып кететіндер де бар. Мысалы, тұрмыс құрған соң, тек күйеуімен жеке өмір сүруді, тапқан табыстарын тек өздеріне ғана жұмсауды армандаған қыз баланың алдынан ата-ене, қайын жүрт деген мәселелер шығады. Күйеуі ата-анаына қарауға, олардың қас-қабағын бағуға көңіл бөлетін адам бол шығады. Көптеген ұрыс-керістер осыдан шығады. Ал негізінде, әрбір адам отбасындағы берекенің қайнар көзі қария кіслер екеніне көңіл бөлгені жөн. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кішілерімізге мейірім көрсетіп, үлкендерімізді құрметтемеген адам бізден емес» деп ескерткен. Демек, ата-енені сыйламау мұсылмандыққа сын. Әйел кіслер өз күйеуін қалай сыйласа, оның ата-анаы мен туыстарын солай құрметтеуі тиіс. Ер адам да әйелінің туыстарына дәл сондай құрметпен қарауы керек.

Күйеуінің өз әйелін жөн-жосықсық ұрып-соғып, орынсыз токпактай беруі де бір күні әйелдің ажырасуға тілек білдіруіне себеп болады. Негізінде, әйел ұрып-соғумен тәрбиеленбейді. Оны Алланың дінін, иман негіздерін, шариғат қағидаларын үйрету арқылы тәрбиелеу керек. Күйеуін дұрыстап сыйла-маса, ақыретте не күтіп тұрғанын түсіндірген дұрыс. Алладан, ақыреттен қорықпайтын адамды ұрып-соғып тәрбиелеймін деу бекершілік.

Үй иесінің маскунемдікке немесе нашақорлыққа салынуы, құмар ойындарына беріліп кетуі, ұрлық

жасауға әдеттеніп кетуі, бала-шағаның қажеттіліктерін мұлде ескермеуі көп жағдайда отбасының ажырасуымен аяқталады. Бұл аталған әдеттердің бәрі дінімізде қатаң тыйым салынған күнәлі істер. Ислам діні ажырасу секілді сүйкімсіз істердің орын алмауы үшін, қоғамның тыныш әрі салауатты болуы үшін бұл күнәларға тыйым салған. Демек, бұл да шешілсе, тек мұсылмандықпен шешілетін проблема. Бұрын бұзакылықтың түр-түрін әдет еткен адамдардың мұсылмандыққа берілу арқылы қатты өзгеріп, мінезін түзеткені жайлы қуанышты жайтарды көп естіміз. Бұл да асыл дініміздің кәмілдігі мен адам тәрбиелегіш қуатының жарқын белгісі.

Сондай-ақ кейде жаңа құрылған отбасының бұзылуына екі жастың туыстарының арасындағы түсініспеушілік те себеп болатыны өкінішті. Дұрыс той жасамады, жақсы киіт кигізбеді, құдалықты жақсы күтпеді деген секілді болмашы сөздер ерлі-зайыптылардың бүкіл өмірін қор етеді. Отбасылық тату-тәтті өмірмен салыстырғанда бұл кәделердің түкке алғысыз екендігін құдандалы ата-аналар естен шығармаса екен.

Отбасын құрған ер мен әйелдің бірі өз бақытын сырттан, көшеден, өзге адамнан іздейтін жағдайлары да бүгінгі қоғамда жоқ емес. Ер адамның өз отбасын тастап, өзге әйелмен қол ұстасып кетуі де көп кездеседі. Бала-шағасын қараусыз қалдырып кету ата-ананың қай-қайсысына болса да сын. Алла тағала Ақыретте бұл істің есебін сұрайды. Перзенттердің өзі де Алланың алдында өздерін тастап кеткен әкесі немесе шешесінен ақысын талап етеді. Мұсылман адам сол күнгі халі туралы ойланғаны жөн.

Кысқасын айтқанда, ажырасудың мың сан себептері бар. Оның бәрін де Ислам дінінің құндылықтары арқылы шешуге болады. Сондыктан отбасын құрған ерлі зайыштылар өз өмірлерін асыл дініміздің шарттарына қарай құрғандары дұрыс.



Қыздай алғаныңызды мұздай қылып тастап кетпеніз

Күйеуім басқа әйелмен кетіп қалды деген шағым бүгінде көп айтылатын болды. Кейбір әйелдер тіпті үштөрт баласымен жылап-еніреп қалып жатады. Бүгінге дейін қаншама әйелден осындай шағым есіттім. Жасынан да, ұлкендерінен де. Өзінің ақ некелі әйелін осында жағдайға қалдырған еркектер де күн санап көбеюде. Намазын оқып жүріп, осындай қадамға барғандарды ойласаңыз, еріксіз жағаңызды ұстайсыз. Себебін сұрасаң: «Арада махабbat болмай кетті. Төсегіміз суып кетті. Басқа бір келіншекке ғашық бол қалым» деген секілді бір нәрселерді айтып ақталғысы келеді. Жасыратыны жок, соған кейде сыртта жүрген бөтен қыз-келіншектер себеп болып жатады. Біреу тәнін сұлу қып көрсетеді. Тағы біреуі жасандылыққа салып мінезін жақсы етіп көрсетеді. Қысқасы, мың бір жолмен арбайды, азғырады, тұзак құрады. Ақыр соңында біреудің жап-жақсы отбасының құлауына себеп болады. Айтыңыздаршы, көзінің нұры бала-шағасын тастап, қай-қайдағы біреудің жетегінде кете барған еркек, шынында да, бақытты бола ала ма? Біреудің шаңырағын шайқалтуға себеп болған әйел мәз бола ма? Алла тағала олардың қалған өміріне береке бере ме?

Қалған әйел, бала-шаға жылайды, көз жасын көл қылады. Уайымдайды. Тығырықтан шығатын жол іздейді. Ана бейшара шырылдан отырған балаларының ас-суын табуға бас қатырады. Бұрынғы әйелімнің барлық жағдайын жасап қойдым дейтіндер бар. Ас-

ауқатын әптергенмен, оларға әкелік мейірімді енді кім төгеді? Ол бала енді мектебінде оқитын достарының бетіне қалай қарайды? Әкем бізді тастап кетті дей ме? Өзге әйелмен кеткендер, өтінем, ренжіменіздер. Бірақ сіздерге қояр сұрағым бар.

- Әу баста біреудің аяулы қызын алыш, үйінізге әкеліп, оның пәк өмірімен қоштасуына себеп болғаныңыз есінізде ме? Сіз болмағанда, ол қыз сол кезде бар өмірін басқа бір намысты ер азаматқа арнамас па еді?
- Ата-ана, бауырларын тастап, сізben бірге кете барды. Сіздің айтқаныңызben жүріп-тұрды. Сіз қиналсаңыз ол да қиналды, қуансаңыз ол да бірге қуанды.
- Алған жарыңызды қанша рет ренжіттіңіз? Есінізде ме? Сөйтіп жүріп сіздің жағдайыңызды жасап, тамағыңызды беріп, киімінізді тазалап берді.
- Сіздің артыңызда атыңызды, әuletіңізді жалғастыратын, қайтыс болсаңыз артыңыздан Құран оқитын перзентті сол әйел тогыз ай қиналып курсағында тасыды. Есінізде ме?
- Туған-туыс, достарыңыз келгенде, талай рет сол әйел аяғынан тік тұрып қызмет етті. Солай емес пе?
- Осылайша жарты немесе одан да көп ғұмырын сіз секілді біреудің жолына арнады. Сіз болмағанда, осындай беймаза күйге түсер ме еді?

Ал енді болар істі болдырып, бояуын сіндіріп алған соң: «Мен басқа әйелмен кетемін» деп сондай адамның нәзік жүрегіне қаяу түсіру еркек адамға жараса ма?

Ал енді жанұясы бар еркектермен бірге жүрген қыз-
келіншектердің назарына!

- Біреудің отбасын бұзу адамның емес, шайтанның ісі.
- Сіздің сүйгеніңіздің артында қалған жесір мен жетімнің көз жасы өте ауыр.
- Шын мұсылман біреулердің отбасын бұзбайды, керісінше татуластырады.



Мәселенің ақиқаты қайсы?

Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір күні: «Сендердің ең жамандарың кім екенін айтайын ба?» – деді. Сахабалар: «Әрине, айтыңыз, уа, Алланың елшісі!» – деді. Сонда ол: «Адамдар арасына сөз таситын, өсек тарататын, бір-бірін сүйетіндердің арасын бұзып, араз ететін және жазықсыз адамдарға жөнсіз кінә артатындар» деп жауап берді». Тағы бір хадисте: «Екі кісінің арасын бұзуға тырысатындар жұмакқа кірмейді», – делінген.

Енді ойлап көрейік. Адамдардың ең жаманы болу, жұмакқа кіре алмау – бұлар оңай немесе бекер айтыла салған сөздер емес. Сондықтан әркім өзінің отбасымен бақытты болсын. Өзгениң жанұясын бұзудан аулақ болайық. Ал еркектер Алла алдында некеміз қылған өз жұбымызben бақытты болуға тырысайық. Алла момын елімізді намысты еркектер мен арлы әйелдерден кенде қылмасын!



Шошқамен жатқаннан шошыныңыз!

Азғындық. Ұятсыздық. Намыссыздық. Осындай ауыр сөздер бүгінгі таңда кей адамдарға әсер етуден қалған секілді. Болмаса, бөтен әйел мен бөтен еркектің зина жасауы азғындық, арсыздық екені аз айтылып жүрген жок. Амал нешік, күйеуінің немесе әйелінің жеңіл жүріске салынғанын айтып шағым жасаушылар толастар емес. Бізді жаратқан, жоқтан бар еткен Алла тағаланың сөздеріне бір рет терең ой жүгіртіп көрейікші. Қасиетті бір аятта былай делінеді: «Зинаға жоламандар! Ол – ұятсыздық, арсыздық және өте нашар жол» («Исра» сүресі, 32-аят). Тағы бірінде Жаббар иеміз былай деп баян етеді: «(Уа, Мұхаммед!) Мұміндерге жеткіз. Олар харам нәрсеге қарамасын және әурет мүшелерін арам істен қорғасын». («Нұр» сүресі, 31-32- аяттар)

Осы аяттар аз ба? Алла «Зинаға жолама!» деп тұрғанда, құлағымызға қыстырмай, білгенімізді жасай беру – азғындық емей не? Адал жары мен пәк туылған бала-шағасын алдап өмір сұру – азғындық емей не? Ақша тапқанның жөні осы екен деп біреудің некелі әйелін, біреудің қызын төсекке тарту – азғындық емей не? Айтыңызшы, осындайларды қай қисынмен мұсылмандар санатына қоспақпыз. Пайғамбарымыздың өзі бір хадисінде мұның төрелігін беріп қойған жок па? Иә, мынадай хадис жок емес, бар: «Ананың немесе мынаның адап жарын яки қызын алдап, басын айналдырған бізден емес, яғни мұсылмандар санатына қосылмайды».

Ақиқатына қарасақ, зина күнәсында, біріншіден, Алланың ақысына қиянат байқалады. Екіншіден, отбасының ақыларына қиянат жасаған болады. Байқасаңыз, Алла тағала жоғарыдағы аятта: «Зинаға жоламаңдар!» деп бұйырған. Есіңізде ме, бала кезімізде бізді үлкендер пышакқа, отқа жолама деп сақтандыратын еді ғой. Бұл да сол сияқты. Айтқанды тын damp; дамай, денесіне өткір пышақты сұққылаған баланың жағдайы қандай болады?

Жалындаған от ше? Онымен де ойнауга болмайды. Бір жанып шыққанда тұрған не бар еken дейтін адам нағыз ақымақтың ақымағы. Солай емес пе? Аман қалғанның өзінде пышақ пен оттан қалған із жаман болады. Ендеше, үлкен кісілер емес, екі дүниенің жалғыз иесі Алла тағала бізге: «Зинаға жоламаңдар!» деп ұлы ескерту жасап тұрған жоқ па?

Шайтан болып кетпесе, әрбір адам жүз жыл өтпей Алланың құзырына барады. Қиямет күні міндетті түрде келеді. Бұл 124 мың шыншыл пайғамбарлар бірауыздан білдіріп кеткен бұлтартпас ақиқат. Міне, сол кезде нәпсінің азғыруын жеңе алмаған зинақорлардың жайы не болмак? Олай болса, құрметті бауырлар! Арамызда осындай арсыз іспен айналысып жүргендег болса, тез арада тәубеге келіп, Алладан кешірім сұрағаны жөн. Ал егер қасарысып, алған бетінен қайтпайтындар болса, бұдан кейінгі насиҳатымыз соларға арналады.

Әй, Алланың назарында күнә жасап, жар төсегін былғап жүрген зинақор ерлер мен әйелдер! Сіздер бұкіл қоғамды былғап жүргендеріңізді білесіздер ме? Бәлкім, сіздер өз ойнастарыңызben оңаша жатқанда, біздің ешкімге қатысымыз жоқ деп ойлайтын шығарсыздар. Түк те олай емес. Сіздер нақсұйерлеріңізben күнә жа-

сап жатқанда, сіздерді адал отбасыларыңыз сарыла күтіп отырады. Бала-шағаңыздың да ойы онға, санасы санға бөлінеді. Айтыңызшы, қай перзент өз әкесін немесе шешесін «зинақор», «азғын» деген жаман атақта кияды. Ешкім де. Өйткені бала үшін ата-ананың орны қашан да қастерлі.

Кім біледі, бәлкім, «Біздегі махаббатты қайда қоясың?» деп ақталғысы келетіндер шығар. Оларға айтарымыз, бұл қылықтың аты махаббат та, сезім де емес. Оның аты – зинақорлық, азғындық, нәпсікүмарлық. Мүмкін сіздер күнәні қайта-қайта жасай берген соң, денелеріңіз оған үйреніп қалған болар. Тіпті, сондай жиіркенішті істі күнәға жатпайды деп шығатын шығарсыз. Жок, сіз қатты қателесесіз. Ұлken күнәларды ғалымдар әр түрлі топтастырыған. Қалай болғанда да, жеті жұз ұлken күнә болса, соның біреуі – осы зина. Жетпіс болса да, соның біреуі – зина. Тіпті ең ұлken күнәлар жетеу болса, соның бірі және бірегейі – зина.

Имам Табарани жеткізген бір хадисте ардақты пайғамбарымыз былай деген: «Әйелдермен бір жerde оңаша қалудан сактаныңдар. Алла атымен ант етейін, бір ерек бір әйелмен жеке қалғанда араларына шайтан кіріп отырады. Бір кісінің үсті-басы нәжіс бір шошқамен құшақтасып жатқаны некесі жоқ бөтен әйелге жақындауынан әлдеқайда женіл». Көрдіңіз бе, зинаның бір сипаты осындай. Ал енді өзіңізді қораның ішінде өз нәжісіне былғанып жатқан лас шошқаның құшағында жатқаныңды елестетіп көріңіші. Мұны айтқан екі дүниенің жаршысы – ардақты Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.).

Ендеше, құрметті мұсылман бауырлар! Адам деген ардақты атымызға кір келтірмей таза өмір сүргенге

не жетсін. Адал жарымызбен көнілімізді көтерсек те жетпей ме? Адамды рахатқа бөлеу үшін адалдықтың аясы да жеткілікті. Алла тағала момын ел-жұртыймызға иманды, адал ғұмыр нәсіп етсін!



Көз тиу – ақиқат

Бүгінде қалың көпшіліктің арасында тіл тиу, назарлануға қатысты көп сауалдар бар. Біреулер бұрынғы дөңгеленген шаруасы біршама саябырып қалғанда, енді бір топ ұл-қыздары отау көтеріп, шаңырақ көтере алмағанда көз немесе сөз тиді-ау деген ойға қалып жататыны жасырын емес. Жас сәбілердің тұні бойы үйықтамай шығуы, мініп жүрген көліктің қайта-қайта бұзылғыш болуы, қолға алған істің аяқталмай қалуы, санай берсек осыған жатқызылып жүрген мәселелер өте көп. Қабілеті зор ұлының, ажары асқан қызының немесе келбеті жарасқан зәулім үйінің көз тигеннен аман болуна шара ізден жүргендер де ел ішінде аз емес.

Кезінде ауылдарда «Тұһ, мына сәйгүліктің келістісі-ай!» немесе «Мына бір күшік жақсы ит болады-ау!» деген бір ауыз сөзден немесе сүйсініп қараған бір назардан сілейіп қалатын үй жануарларын талай көрдік. Міне, осылайша көзге сұлу көрінетін байлығын көлденең сұқтан тығып ұстау еліміздің жазылмаған заңына айналды. Бірак адамға соншалықты әсер ететін, сау адамды ауру ететін, тіпті біреулердің өмірімен қоштасуына да себеп болатын осындай жағдайлардың қыр-сыры толық ашылып болған деп айта алмаймыз. Бүгінгі дамыған медицина да, заманауи технологиялар да бұл сұрақтарға мардымды жауап айта алмай жүргені мәлім. Ал бірақ кешегі ата-әжелеріміз «Көзі құрғыр малға тисе, тисін, адам аман болсын. Құдай-ай тілдінің тілінен, көздінің көзінен сактағайсың» деп дүға жасап, тілек тілеп отыратынын көрдік. Осылардың шын мәні қандай? Тіл, көз

деген шынында да бар ма? Бар болса, тиғен көз адамға қаншалықты зиян? Әр нәрсенің түп түйінін шешіп беретін хак дініміз бұл тұрғыда не дейді? Қысқасы, бұқара жұрттың бұл жайында білгісі келетін мәселе көп болса керек.

Алдымен айтарымыз, көз тиюдің ақиқатта бар екені рас. Өйткені ардақты Пайғамбарымыз (с.а.у.): **«Көз тию расында бар нәрсе»**, **«Бір нәрсеге таңырқаған мұсылман «Бәракаллаңу фин» десін»**, – деп мәселенің мәнін қысқа ғана хадисінде ашып берген. Алла елшісінің (с.ғ.с.) өз ойынан сөйлемейтіні, не айтса да Алланың көкейіне салғанын (уахи етілгенді) айтатыны қасиетті Құранда білдірілген. Тағы бір хадисінде сүйікті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): **«Көз тию – ақиқат. Егер тағдырмен жарысқа түсे алатын бір нәрсе бар болса, көз тию болып, тағдырды озып та кетер еді (тағдырды өзгертер еді)»** – деген (Мұслим, Ибн Мажә).

Бұл жерде көз тиуге қатысты қандай жағдай болса да, оны бәрібір Алла жарататынын естен шығармау керек. Көзі өткір адамның жасағаны деп сенуге болмайды. Басқаша айтқанда, назары бар адам бір нәрсеге қарағанда, сол нәрсеге келетін зиянды жарататын Алла. Жақсылық та, жамандық та Алладан. Алланың қалауынсыз ешбір нәрсе пайда болмайды.

Тіл мен көз кейде кісінің қайтыс болуына дейін апаруы ықтимал. Хадистердің бірінде: **«Көз тию – ақиқат. Ол түйені қазанга, адамды қабірге түсіреді»**, – делінген («Кәшфұл хафа», 2: 76). Олай болса, көз бен сөз тек адамға емес, өзгелерге де зиянды болса, онда бұрынғылардың сақтық шаралары мен дұғалары еріккеннің ермегі болмағаны. Құранға

қарасақ, кезінде Жұсіп пайғамбардың әкесі Жақып пайғамбар өзінің балаларын Мысыр еліне жіберіп тұрғанда оларға былай дегені келтіріледі: «**Уа, бала-ларым, (Мысырға) бәрің бір қақпадан кірмендер, бөлек-бөлек қақпалардан кіріндер.** (Не істесем де) Алладан келген тағдырды өзгертуге менің шамам жетпейді. **Өйткені ақиқатында, үкім беру тек қана Аллаға тән**» («Жұсіп» сүресі, 67-аят).

Міне, осы аятты тәпсірлекен ғалымдар: «Жақып пайғамбар бұл кенесті олардың бәрі бір жерден көзге түсер болса, жұрттың көре алмаушылығына (яғни сұқ көзіне) душар болуы мүмкін деген себеппен айтқан», – дейді.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көзі тірі кезінде де тіл-көзге қатысты талай жағдайлар өтті. Сахабалардың бірі Амр ибн Рәбия Сәһл ибн Хунайф деген сахабаны шомылып жатқан жерінде көріп қалады. Сол-ақ еken әлгі сахаба тұрған жерінде сұлқ тұсіп, құлап қалады. Айналасынан табылған кіслер оны көтеріп алып, Пайғамбарымыздың құзырына жеткізеді. Алла елшісі (с.ғ.с.) мән-жайды естіп білген соң: «*Енді кімнен күмәнданасыңдар?*» деді? Олар Амр ибн Рәбияны айтады. Сонда Пайғамбарымыз әңгімені Амрге бұрып: «*Сендердің біреулерің бауырларын неге өлтіреді? Қайсыбірің бір бауырында ұнамды, сүйкімді бір нәрсе байқаса, ол ушін берекелі болғанын тілеп дұга етсін* («*Мәшаллан!*», «*Бәрәкаллан!*» деген секілді сөздерді айтсын), – дейді.

Міне, көрдіңіз бе, осы бір оқиғадан бірнеше қорытынды шығады. Біріншіден, кез келген адамда тіл, көз болуы мүмкін. Бірақ сахабалардың бірден Амр ибн Рәбияны айтқанына қарағанда, кейбір көздердің

сұғы басқаларға қарағанда, күштірек болуы ықтимал. Екіншіден, мұсылман адам сұлу, көрікті, жарасымды, сүйкімді бір нәрсеге көзі түссе, дереу «**машаллаһ**» немесе «**бәрәкаллан**» деп дұға еткені дұрыс. Бұл сөз арабша екен деп бөтенсудің де, жатырқаудың да, біздіңше, қажеті шамалы. Қазақтың «бәрекелді!» (Алла берекесін берсін!) дейтін мактау сөзі осыдан қалған. Үшіншіден, тіл-көз деген нәрсе кісі өліміне дейін апаруы мүмкін.

Ендеше, Алла тағала баршамызды тілден, көзден, бәле-жала, кесір-кесапттан сақтасын деп тілейміз.





ДІН – НАСИХАТ

Алла разылығы үшін жақсы көру

Ислам дініндегі ерекше маңызды құндылықтардың бірі мұсылман адамдардың бір-бірін Алла разылығы үшін жақсы көруі. Міне, дәл осы мінезге бүгінгі қоғамымыз ауадан да, судан да мұқтаж десек артық айтқандық емес. Әйткені адамдар арасындағы сүйіспеншілік жоқ жерде өзге жақсылық бола қояды деуге сену қын. Жақсы көрмеген адамына ешкім жақсылық та жасамайды. Ал бір-біріне жақсылық жасамайтын елдің тіршілігін өзініз елестете беріңіз. Бір-бірін жақсы көретін адамдардан құралған қоғамның бүгіні бақытты, келешегі кемел.

Адам жүрегінде жақсы көру сезімі болмаса, онда бірте-бірте жанашырлық, ықылас, кешірімділік, кең пейілділік, жомарттық секілді имани құндылықтар да азая береді. Олардың орнын тәкаппарлық, қарабастың қамын ғана ойлаушылық, сараңдық, ашқөзділік секілді кеселді сезімдер жайлап кетуі да әбден мүмкін. Әрине, бүгінгі қоғамда адамдар бірін-бірі жек көреді деп айта алмаймыз. Бірақ біріне-бірі немкүрайлы, атұсті қарайтындар аз емес. Алла разылығы үшін жақсы көруді сезім дегеннен гөрі қалау деп атаған дұрыс. Себебі адамдардың іштей қажыр-қайраты, ерік-жігері, қалауы болмаса, бір-бірін жақсы көре қоюы қын. Демек, жақсы көру сезімі бойына әбден сіңіп, әдет-дағдыға айналғанша, адам өзін біршама қинаса да болады.

Енді Алла разылығы үшін жақсы көру сезімінің Ислам дініндегі орнына тоқталайық. Себебі әр жақсылықтың бастауы Ислам дінінде болатыны секілді, бұл ізгілікті қалыптастырудың тетігі де асыл дінімізде жатыр.

Алла тағала бізді қоршаған барша ғаламды да, адамзатты да тендессіз шеберлікпен және махаббатпен жаратқан. Ғалымдар барша жаратылыстың бар болуының себебі де, негізі де және оларды бір-бірімен байланыстырып тұрган ең мықты дәнекер де сүйіспеншілік екенін айтқан. Ғаламдағы барша жаратылыстың астарында Алла тағаланың шеберлігі жатыр. Енде, сол тендессіз жаратылыстарды жақсы көру сезімі біздің Жаратушымызға деген махаббатымыздың деңгейі болмақ. Жаратылысты қанша жақсы көрсек, Жаратушымызға деген сүйіспеншілігіміз де сондай деңгейде болғаны. Бірақ есте болатын нәрсе, адамдарды қызметі, атағы, байлығы, абырай-беделі үшін емес, Алланың махаббатпен жаратқан бір пендесі болғаны үшін жақсы көргеніміз дұрыс. Ал пендешілік мақсаттар үшін құрылған достық еш уақытта алысқа бармайды.

Бірде сүйікті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз сахабаларының ортасында отырғанда былай деді: «*Алланың құлдарының ішінде бір топ бар. Олар пайғамбар да емес, Алла жсолында қайтыс болған шәнид те емес. Бірақ қиямет күнінде олардың Алла құзырындағы мәртебесіне пайғамбарлар да, шәнидтер де қызыға қарайтын болады*» деді. Сонда пайғамбарлардың өзін қызықтыратын бұл қандай жандар екенін білгісі келген сахабалар: «*Уа, Алланың елшісі, олар кімдер? Қандай ісімен ерекшеленді? Айтыңызшы, біз де оларға деген сүйіспеншілігіміз бен*

ыстық ықыласымызды арттырайық» деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Олар араларында ешқандай туысқандық, сауда-саттық, кәсіптік байланыс болмаса да, Алла разылығы үшін бір-бірін жақсы көргендер. Аллаға ант етейін, олардың жүздері тұнған нұр, әрі өздері нұрдан жасалған мінбердің үстінде тұрады. Адамдар үрейленіп, қорқып тұрганда оларда ешқандай қорқыныш сезімі болмайды. Басқалар қайғырып тұрганда олар қайғырмайды», – деді.

Өзгелерді жақсы көру сезімі ең алдымен Аллаға деген махаббаттан, Ақиред күніне терең иман келтіруден туындайды. Содан соң әрбір адамның қадірі мен құнын бағалай білу, өзгенің қателіктерін кешіре білу, біреудің орнына өзінді қоя білу маңызды.

Мұсылмандарға бір-бірін жақсы көрудің ақиretтегі қарымтасы да үлкен. Ардақты пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) айтуынша, «Қиямет күні Алла тағала былай деп бұйырады: Менің әміріме бойұсынып, бір-бірін жақсы көрген пендelerім қайда? Оларды Менің ариымның көлеңкесінен өзге сая табылмайтын осы күні өз көлеңкеме паналатайын». Ал дүниедегі өмірінің есебін беретін махшар күнінде әркім өз денесінен аққан терге иегіне дейін көміліп қиналып тұрған шақта бұл иләһи пананың маңызы зор. Сондықтан бұл дүниеде адамдар бір-бірін болмашы кемшілігі үшін немесе жайғана түсініспеушіліктің салдарынан толыққанды жақсы көре алмай жатса, одан артық өкініш жоқ. Мұсылман адамды қадіріне жетіп, жақсы көре алмау осындаидай зор мүмкіндіктен күр қалдырады.

Шынында да, көзді ашып жұмғанша өте шығатын өтпелі өмірде адамдарды жақсы көріп, Алланың хикметін сезінуден артық қызық жоқ.

Сөзіміздің сонын сахабалар дәуірінен нағыз Алла разылығы үшін жақсы көрудің бір үлгісін айта кетелік. Әбу Ыдырыс әл-Хаулани былай деп әңгімелейді: «Бір күні мешітке кірсем, жаны жайсаң бір жігіт, айналасын қоршап бір топ адамдар отыр екен. Бір нәрсеге келісе алмай қалған жұрт, әлгі жігіттен төрелік сұрап отыр. Эрі оның айтқан өсиеттерін үйип тыңдалап отыр. Бұл жігіт кім деп сұрап едім. «Муаз ибн Жәбәл» деп жауап қайырды бір кісі. Содан ертесі күні таңертең мешітке қарай асықтым. Барсам, ол менен бұрын келіп намазын оқып отыр екен. Намазын аяқтағанға дейін күттім де, қасына барып сәлем бердім. Сосын оған:

- Алланың атымен ант етейін, мен сені жақсы көремін,— дедім.
- Алла разылығы үшін жақсы көресің бе?
- Иә, Алла үшін.
- Шынымен Алла үшін бе?
- Иә, шынымен Алла үшін.

Сонда әлгі жігіт мені өзіне тартып құшақтап тұрып былай деді: – Сені құттықтаймын. Өйткені Пайғамбарымыздың былай дегені бар: «*Алла тағала «тек қана менің разылығым үшін бір-бірін жақсы көргендер, менің разылығым үшін бір жерге жиналғандар, Менің разылығым үшін бір-біріне қонаққа барғандар және тек Менің разылығым үшін ғана садақа беріп, жақсылық жасағандар маҳаббатыма лайық болады»* дейді».

Бауырмашылдық

Бір ана, бір атадан туылып, бір шаңырақтың астында өскен жандарды бір-біріне бауыр деп атаймыз. Алайда «бауыр», «бауырмашылдық» деген ұғымдардың аясын туыстық немесе бір үйде өмір сүрумен ғана шектеу дұрыс емес. Өйткені ақиқат дініміз тек бір атаның перзенттерін емес, бүкіл мұсылман атаулыны бір-біріне бауыр екендігін насихаттайды. Құран кәрімде: «Шын мәнінде, мұміндер бір-біріне бауыр. Сондықтан туыстарының арасын жарастырындар» («Хужурат» сүресі, 10-аят) деген де аят бар. Сондай-ақ Алла елшісі (с.ғ.с.) «Сендер өздерің үшін қалағандарынды бауырларың үшін қаламайынша толық иманды болмайсындар» деген хадисі арқылы мұсылмандар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін ұлы ережені білдірді. Ақиқатында да, бауырлық сезімнің бұзылуы көп жағдайда адамдардың тек қара бастарын ойлап, өзгелерді есепке алмаудан туындейды. Өзі көбірек нәрсеге иелік етсе, өз жағдайы жақсы болса, тек өзінің айтқаны жүріп тұрса, тек өзінің тамағы тоқ, киімі көк болса деп тілеп, ал қасындағы бауырына не болса ол болсын деп некүрайлы қараса, адамдар арасындағы бауырлық байланыс әлсірейді. Бірте-бірте тіпті үзіледі. Мұндай жағдайда адамдардың бірге туғаны да рөл ойнамай қалуы ықтимал. Ал өзімізге бар қалағанымызды өзге үшін де болсын деп қаласақ, онда бауырмашылдық барынша күшеттіні даусыз. Мұны бауырмашылдықты нығайтатын бірінші қағида деп атайды.

Енді Ислам тарихынан, саңлақ сахабалар өмір сүрген алтын дәуірден бауырмашылдықтың бір үлгісін келтірейік.

Бір күні Алла елшісіне (с.ғ.с.) бірнеше күн нәр татпай, аштықтан бүкіл әл-дәрмені құрыған бір кісі келіп: «Уа, Алланың елшісі, мынадай қын жағдайға тап болдым» деді. Алла елшісі (с.ғ.с.) өз әйелдеріне жіберіп еді, олардан да тіске басар ештеңе табыла қоймады. Сонда ардакты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахабаларына: «Бұгін түнде бір кісіні қонақ етіп, Алланың рақымына бөленгісі келген жан бар ма?» деді. Мәдиналық ансарлардан бір жігіт орнынан тұрып: «Мен күтейін» деді. Сөйтіп әлгі кісіні ертіп үйіне келді. Келе сала әйеліне: «Бұл кісі Пайғамбарымыздың қонағы, ештеңеңді аяп қалма» деп сыйырлады. Сонда жұбайы: «Алла күә, кішкентай қызымызды алдаусырататын азғана азықтан басқа ештеңе жоқ» деп үйдің жайын айтты. «Онда былай жаса, – деді үй иесі, – Қызымыз қарны ашып жыласа, оны ұйықтат. Ал барыңды қонақтың алдына әкелгенде, шамды сөндіріп қой. Өзіміз тамақ жеп отырған секілді бос қасықты қимылдатып отырайық». Бәрін дәл осылай жасады. Ертесіне әлгі жігітті көрген Алла елшісі (с.ғ.с.) былай деді: «Алла тағала пәлен ерекк пен түген әйелдің түндегі істеріне разы болды. Сөйтіп мына аятты түсірді деп: **«Өздері мұқтаждық тартса да, оларды өздерінен артық көреді»** деген аятты оқып берді.

Міне, бұл оқиғаға қарасақ, қонақ та, күтуші де бір ата, бір анадан тумаған. Алайда олар Аллаға шын берілген мұсылмандар еді. Осы жерден бауырмашылдықты қүшайтетін екінші қағидат шығып отыр. **Мұсылман адам өзі қиналып отырса да, бауырының жағдайын өзінен артық көреді.**

Ақиқатына қарасақ, жер бетінде ешбір адам алауыздық, жек көрушілік, дұшпандық дегендерді жақсы деп атамайды. Алтаудың ала болуын ақтайтын ешбір заң немесе дәстүр жоқ. Бірақ айналамызда бір-бірімен дұрыс бауыр бола алмай жүргендер көп екендігін де ешкім жоққа шығара алмайды. Адамдар арасындағы бауырмашылықтан артық байлық жоқ екендігіне тағы да бір сендіргіміз келеді. Қарап отырсақ, адамдардың бір-біріне жауығатындай, қулық-сұмдықпен бірін-бірі алдайтындай, болмашы нәрсе үшін ештеңеден тайынбай бір-біріне зұлымдық жасайтындай үлкен себеп те жоқ. Ал керісінше, дос болудың, жақын болудың, бауыр болудың себептері көп. Солардың бірді-екісіне тоқталайық.

Ақылға салып көрейікші, бір кемеде жүзіп бара жатқан адам қасында бірге отырған адамның суға батқанын қалауы дұрыс па? Әрине жоқ. Ендеше, барша мұсылмандар Ислам деген альп кемеде бара жатқан жоқ па? Екіншіден, өзіміз отырған үйде ешкімнің отқа жанғанын қаламаймыз. Өйткені өзіміз сол үйде отырмыз. Ал біле білген адам үшін бізді қоршап тұрған он сегіз мың ғалам ұлы Жаратушы иеміздің ғажайып үйі. Демек, ондағы адамдар бір-бірімізге бауырмыз. Абай атамыздың: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген даналық ойының бір себебі осы болса керек.

Сондай-ак бүкіл мұсылмандар Құбылаға бет бұрып намаз оқимыз. Құбыла – Алланың үйі. Сондай ұлы ортақ құндылығымыз бола тұра мұсылманның бір-бірімен бауыр бола алмауы ақылға да, қисынға да теріс. Өйткені бәріміз бір Алланың үйіне бет бұрып тұрып, көңіліміз әр жакта болып тұрса, ол мұсылмандыққа да жат.

Сонымен қатар бұрын мектепте бүкіл сыйыптастарымыз бір мұғалімнен тәлім алдық. Мұғалімнің ортак болуының өзі бізді он бір жылдан соң, қимай қоштасатындағы бауырмал етіп шығармап па еді? Ал енді мұсылман жамағатының мұғалімі емес, Жаратушы иесі мен пайғамбары бір емес пе? Тым болмаса, осы үшін бауырлар арасындағы бүкіл жек көрушілікті қиуға болады.

Тағы бір мәселе, бәріміз ертең бұл дүниедегі дәмтұзымыз таусылып, арғы өмірге көшерімізді анық білеміз. Ол жақта күтіп тұрған қабір, мизан таразысы, сират көпірі, махшар алаңы, жұмақ пен тамүқ бәрімізге ортак. Бұлардың бәрінде де бауырмашылдықтан безудің зияны көп.

Міне, осыншалықты бауырмашылдықтың себептері тұрғанда, алтыбақан алауыз болу ешбір заңның шеңберіне сыймаса керек. Бауырмашылдықты бұзатын бір ғана себеп бар десек, ол біздің ку нәпсіміз. Демек, жауласу керек болса, жүрегіміздегі тәккаппарлық, көре алмаушылық, кекшілдік, өшпендерілік, жеңілтектік, нәпсіқұмарлық секілді мындаған рухани кеселдерімізben жауласайық. Лағынеті шайтанға қарсы тұрайық. Бірақ өз қандастарымызға, дінестерімізге, отандастарымызға, тағдырластарымызға еш уақытта дұшпандық жасамайық.

Сөз соңында тілеріміз, Алла тағала барша халқымызды тәндері бөлек болғанмен, ойы бір, арман-тілегі, ниеті бір, максаты бір бауырларға айналдырысын.

Діни құндылықтарға құрмет

Ислам – адамды екі дүниеде бақытты ететін дін. Ол адамның қай жерде қалай әрекет ету керектігін, қандай сөз айтып, қандай мінез таныту керектігін толыққанды үйретіп отырады.

Дін – адамды жеке адамды жетілдіретін, қоғамды кемелдендіретін қасиетті құш. Әрбір халық өз дініне құрметпен қарайтыны осыдан. Ендеше адам баласына туған жердің әрбір тасы, құмы, сынық шебіне дейін қаншалықты қымбат болса, әрбір діни ұғым да соншалықты құнды болуға тиіс. Қазак халқы да санғасырдан бері ата дініміз Исламға осылай құрмет көрсетіп келеді. Бұл құрметті бұрынғының алтын тінін үзбей жалғастырып келе жатқан адамдардың өмірінен бұгін де кездестіруге болады. Мысалы, қариясы бар бір үйге барып намаз оқимын десен, құманға су құйып, жайнамаз төсеп, ойнап жатқан балаларды басқа тамға шығарып,abyr-sabyr bәйек болатынын көріп жүрміз. Сондай-ақ қасиетті Құран кітапты көк торғын шүберекке орап, биік жерге қоюының өзі Құранға, дінімізге деген құрметтің көрінісі. Рамазан айы жақындағы дегеннен талқанын түйіп, қазысын сүрлеп, сәресі мен ауызашардың қажет жабдықтарын дайындауға кіріседі. Ал айт күндері ауыл өмірі нағыз той-думан. Әрбір үйде арнайы дастархан жайылып, сан түрлі ұлттық тағамдар әзірленіп, есіктер айқара ашылып, енбектеген баладан еңкейген көріге дейін мәре-сәре қуанышқа кенеледі. Бұл да дініміздің талабынан туған игі дәстүріміз.

Қажылыққа барған кісі тәбәрік деп, бір үрттам зәмзәм немесе бір тәспі әкеп берсе, ауылдағы қарияларға одан артық қуаныш жоқ. Сонда елімізде де әр жерде сатылып тұрған тәспі үшін емес, «Жарықтық қасиетті Меккеден» келді ғой деп қуанады. Бұл қазақ халқының сан ғасырдан бері қасиетті Қағбаны барынша қастер тұтып келгенінің дәлелі болса керек. Осы секілді Ислам дінінің әрбір талабына момын жұрттымыздың құрметі шексіз болып келеді. Мысалы, хадис шәріпте: «кімде кім Аллаға және ақырет күніне шын иланса, қонағын құрметтесін» делінген. Енді қазақ халқының қонақ күтуін елестетіп көріңіз. Тапқан таянғанының ең тәттісі мен ең жұмсағын қонағының аузына тосып келген халықпаз.

Енді Құранға құрмет мәселесіне оралайық. Негізінде, Құранға илану иман шарттарының негізгі бір тірегі. Құранның хақ екендігіне, оның ұлы Алла тағаланың сөзі екендігіне күмән келтірген адамның иманы толық бола алмайды. Соған қарамастан кейде Құрандағы бір аяттардың мазмұнын талқылап, онымен келіспейтінін білдіріп жататындар кездеседі. Мысалы, «Құранда аракты харам дейді. Негізі ол бидайдан жасалған. Бидай қалай харам болсын» деген сияқты сөздерді есітіп қаламыз. Бұл дұрыс іс емес. Өйткені Құран кәрімде: «Алланың аяттарын келеке қылмандар» делінген («Бақара сұресі», 231-аят). Адам баласына ненің зиян, ненің пайда екенін Жаратушы иеміз Алла тағаладан артық ешкім білмейді. Әр нәрсенің қадірін дұрыс бағамдай білетін данышпан Абай өз өлеңдерінің бірінде:

«Қисынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын пайғамбар мен оны Алласы!» деп

толғамайтын ба еді?! Мұсылман адамның сипаты Құранда айтылған әрбір ақиқатқа қалтқысыз сену болуы қажет. «Самиъна уа атаъна» («Естідік, бағынамыз») деген қағиданы мұсылман адам еш уақытта ешten шығармауы керек

Сол секілді Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.а.с) өзіне де, сөздеріне де, қалдырған сұннетіне де өзін мұсылман санайтын адамның ерекше ілтираты болуға тиіс. Бұл жағынан түптеп барғанда, Алла елшісін жай бір қатардағы адамдармен тең санаудың өзі Алланың сүйікті құлына деген құрметсіздік болса керек. Ұлы Алла тағаланың өзі Пайғамбарымызды «хабибім, сүйіктім» деп атайды. Ал енді адамдардың Алла елшісіне (с.а.с.) деген құрметі қандай болу керектігін осымен салыстырып көре беріңіз. Алланың жақсы көргенін жақсы көру Аллаға деген сүйіспеншіліктің бір белгісі. Әрине, Пайғамбарымыздың өзі «Мені өзге қауымдар секілді асыра әспеттемендер» деп өсiet қалдырған. Бірақ Алла елшісін өз жанымыздан артық жақсы көрмейінше иманымыз толықпасы тағы ақиқат. Ардақты пайғамбарымыз өз үмбетінің қамы үшін бұкіл өмірін сарп етті десек, артық айтқандық емес. Небір шешуші кезендерде өзінің емес, үмбетінің пайдасына тоқтамдар жасады. Ұйқысыз тұндері, жасқа толы жаңары, мейірім толы жүрегі, үмбетіне деген айрықша қамқорлығы оны үл дүниедегі барлық нәрседен артық құрметтеуге, жақсы көруге тұрарлықтай. Ал ертең ақырет күнінде өз үмбетіне шапағат ететіні тағы бар. Сондыктан осы бір асыл жаның аты аталғаниң өзінде-ақ әрбір мұсылманның жүрегі елжіреп, оған деген сүйіспеншілігі артуға тиіс.

Күмәнді ой да – күнә

Көп адамның бойында кездесетін рухани кеселдердің бірі өзгелер жайлы жаман ойлау. Кейде айналада болып жатқан істерді тек жамандыққа жоритын, өзгелерден тек жамандық күтетін, ақиқатын анық білмесе де, жалған жoramалдар жасап, айналасындағы адамдарды өзінен-өзі жек көріп жүретін сұрқия мінездерді көзіміз шалады. Бар ойын өзгелер жайлы күмән-күдік торлаған адам сөйлемей түрмайды. Ал ақиқатқа теріс жаман ойдан не өтірік не өсек шығады. Сөйтіп кейбіреулер жаман ойлап қана қоймай, сол жаман ойын жұртқа өсек қылыш таратып та жүреді. Қаншама адам сондай ғайбат сөзге сеніп те қалады. Екі ортада жазықсыз жандар сорлайды. Нақақтан нақақ біреудің қарғысына ұшырайды. Осыған қатысты хадис шәріпптердің бірінде Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Жаман ойлаудан аулак болындар. Өйткені жаман ойлау – сөздердің ең өтірігі» деген. Демек, бір адамның екінші адам жайлы жаман ойлауының артында қаншама ауыр күнәлар жатыр. Бұл жайлы Құран кәрімде: **«Әй мүміндер! Көп күмәннан аулак болындар. Шындығында, күмәнды ойдың кейбірі күнә»** деген анық аят бар («Хужарат» сүресі, 12-аят). Аятта өзгелер жайлы күмән ойлауда күнә бар екені айттылған. Ендеше, адам кейбір жаман ойлары үшін бұл дүниеде немесе ақыретте ауыр азапқа ұшырауы ықтимал. Алла бетін аулак қылсын.

Жаман ойлау көбінесе кеудесі тар, ақылы келте, білімі жок, өмірден түйген-білген өнегесі аз, сауатсыз, надан адамдардың бойынан көрінеді. Қазақтың «Жа-

Күмәнді ой да – күнә

Көп адамның бойында кездесетін рухани кеселдердің бірі өзгелер жайлы жаман ойлау. Кейде айналада болып жатқан істерді тек жамандыққа жоритын, өзгелерден тек жамандық күтетін, ақиқатын анық білмесе де, жалған жoramалдар жасап, айналасындағы адамдарды өзінен-өзі жек көріп жүретін сұрқия мінездерді көзіміз шалады. Бар ойын өзгелер жайлы күмән-күдік торлаған адам сөйлемей түрмайды. Ал ақиқатқа теріс жаман ойдан не өтірік не өсек шығады. Сөйтіп кейбіреулер жаман ойлап қана қоймай, сол жаман ойын жұртқа өсек қылыш таратып та жүреді. Қаншама адам сондай ғайбат сөзге сеніп те қалады. Екі ортада жазықсыз жандар сорлайды. Нақақтан нақақ біреудің қарғысына ұшырайды. Осыған қатысты хадис шәріпптердің бірінде Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Жаман ойлаудан аулак болындар. Өйткені жаман ойлау – сөздердің ең өтірігі» деген. Демек, бір адамның екінші адам жайлы жаман ойлауының артында қаншама ауыр күнәлар жатыр. Бұл жайлы Құран кәрімде: **«Әй мүміндер! Көп күмәннан аулак болындар. Шындығында, күмәнды ойдың кейбірі күнә»** деген анық аят бар («Хужарат» сүресі, 12-аят). Аятта өзгелер жайлы күмән ойлауда күнә бар екені айттылған. Ендеше, адам кейбір жаман ойлары үшін бұл дүниеде немесе ақыретте ауыр азапқа ұшырауы ықтимал. Алла бетін аулак қылсын.

Жаман ойлау көбінесе қеудесі тар, ақылы келте, білімі жок, өмірден түйген-білген өнегесі аз, сауатсыз, надан адамдардың бойынан көрінеді. Қазақтың «Жа-

Күмәнді ой да – күнә

Көп адамның бойында кездесетін рухани кеселдердің бірі өзгелер жайлы жаман ойлау. Кейде айналада болып жатқан істерді тек жамандыққа жоритын, өзгелерден тек жамандық күтетін, ақиқатын анық білмесе де, жалған жoramалдар жасап, айналасындағы адамдарды өзінен-өзі жек көріп жүретін сұрқия мінездерді көзіміз шалады. Бар ойын өзгелер жайлы күмән-күдік торлаған адам сөйлемей түрмайды. Ал ақиқатқа теріс жаман ойдан не өтірік не өсек шығады. Сөйтіп кейбіреулер жаман ойлап қана қоймай, сол жаман ойын жұртқа өсек қылыш таратып та жүреді. Қаншама адам сондай ғайбат сөзге сеніп те қалады. Екі ортада жазықсыз жандар сорлайды. Нақақтан нақақ біреудің қарғысына ұшырайды. Осыған қатысты хадис шәріпптердің бірінде Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Жаман ойлаудан аулак болындар. Өйткені жаман ойлау – сөздердің ең өтірігі» деген. Демек, бір адамның екінші адам жайлы жаман ойлауының артында қаншама ауыр күнәлар жатыр. Бұл жайлы Құран кәрімде: **«Әй мүміндер! Көп күмәннан аулак болындар. Шындығында, күмәнды ойдың кейбірі күнә»** деген анық аят бар («Хужарат» сүресі, 12-аят). Аятта өзгелер жайлы күмән ойлауда күнә бар екені айттылған. Ендеше, адам кейбір жаман ойлары үшін бұл дүниеде немесе ақыретте ауыр азапқа ұшырауы ықтимал. Алла бетін аулак қылсын.

Жаман ойлау көбінесе кеудесі тар, ақылы келте, білімі жок, өмірден түйген-білген өнегесі аз, сауатсыз, надан адамдардың бойынан көрінеді. Қазақтың «Жа-

ман баста жаман ой» деуі содан болса керек. Себебі өзінің кеудесінде жақсылық болмаған соң, өзгелер жайлы жақсылық қайдан пайда болсын. Сондай-ақ адам өзіндегі ұнамсыз қылыштар өзгелерде де міндетті түрде бар деп қателесуі мүмкін. Міне, осындай өзі танымайтын адам туралы өзіндік пікір айтатындар бар. Бір кісі екінші кісімен бірге өмір сүрмесе, бірге жұмыс істемесе, бір-бірімен көрші немесе жақын туыс болмаса, бір-бірі туралы күмәнды ойлар айтуды дұрыс емес. Күнделікті араласып жүрген күнде де істің ақиқатын білмесек, ол жайлыш тіс жарып сөз айту үлкен қателік.

Әркімнің істеріне қарап ішкі сенімі туралы үкім айту да жаман ойға жатады. Мысалы, бір кісі арак ішіп жүрсе, оны дінсіз, кәпір деп атап, ешқашан емделмейтіндей көру дұрыс емес. Жүрегінің түбінде кімнің мұсылман, кімнің басқа екенін бір Алладан өзге ешкім білмейді. Сол секілді адамдар бір іс жасағанда, олардың ішінде қандай ниет бар екенін де Алладан басқа ешкім білмейді. Мұсылман адам айналасындағы әрбір істі жақсылыққа жорып отырғаны дұрыс. Сонда қателік те аз болады. Осы тұста сахабалардың дәуірінен бір өнеге келтіре кетелік:

Әбу Бәкірдің (р.а.) халифалығы кезінде бірде Мәдина қаласында куанышылық белен алды. Халық бір үзім нанға зар болды. Осыдан кейін Мәдинаның барлық саудагерлері қолындағы бар қаржысын бидай алып, оны ұстеме бағамен сатуға жұмсады. Хазірет Оспан да осы кезде Шамға адамдарын жіберіп, жүз түйеге бидай артып әкелдіреді. Бұл Мәдина халқының басым көпшілігіне жететін астық болатын. Осыны естіген кейбір саудагерлер дереу хазірет Оспанға барып, сол бидайды сатып алмақ болды. Олар бидайдың шама-

мен бес келісіне төрт дирхам бермек болып ұсыныс жасады. Бірақ хазірет Оспан саудагерлердің бұл бағасын аз көріп: «Сендерден де артық беруші бар» деп қарсылық білдірді. Саудагерлер бағаны көтеріп көріп еді, ол тағы да: «Сендерден де артық беруші бар» деп келіспей қойды. Саудагерлер бағаны жеті дирхамға дейін көтеріп көрді. Алайда ол тағы да әлгі сөзін қайталап: «Сендерден де артық беруші бар» деп жауап қайырады. Кейбіреулер оның қарсылығын «мынау қысылтаяң шақты пайдаланып көп олжа таппак болып тұрғанға» жорыды. Халық аш жатқанда мынаның бұл тірлігі ақылға сыйымсыз, бұнысы несі деп түсіне алмады. Ақырында олар мәселені Халифа Әбу Бәкірге жеткізді. Ол: «Мениңше, бұнда бір сыр жатыр. Шамасы, сендер оны түсіне алмағансындар. Ол – Аллаһ елшісінің күйеу баласы һәм жаннаттық серігі. Елдің аштығын пайдаланып олжа табар адам ол емес. Оның бұл ісінде сөзсіз даналық жатыр. Ал, кәне, бәріміз бірге барып істің мәнін жеке өзінен сұралық», – дейді.

Олар осылайша бірге хазірет Оспанға барады. Халифа оған саудагерлердің шағымын айттып, неге айтылған бағаға сатпағанын сұрайды. Хазірет Оспан сонда былай деп жауап береді: «Әй, Аллаһ елшісінің халифасы! Бұлар бидайды жеті дирхамнан беруді сұрады. Яғни, бірге жеті есе бермек болды. Бірақ мен оны бірге жет жүз есе беретін біреуге сатқым келіп отыр. Аллаһ тағала әрбір жақсылыққа жеті жүз есе сауап беремін деп уәде еткен жоқ па?! Мұндай мол табыс тұрғанда мен неге затымды оларға арзан бағаға берейін?!».

Хазірет Оспанның мына жауабына саудагерлер таңырқап, терең ойға батты. Ол жайлы жаман ойлағандарына ұяды. Хазірет Оспан осыдан кейін жүз

түйелі бидайдың бәрін Мәдина халқына садақа етіп тегін таратты. Кедей мен жоқ-жітіктерді қуанышқа бөледі.

Пайғамбарымызбен қатар барлық сахабалар да бізге тендессіз өнеге. Сол себепті хазірет Оспанның мына ісі қашан да көкірек көзі ашық адамдарға ғибраты мол өнеге болып қала бермек.

Сөз соңында айтарымыз, жаман ойлау адамдарды еш уақытта жақсылыққа апармаған. Ал жаман ой, өтірік сөз, жалған өсектің кесірінен елдің басына небір зұлмат замандар орнаған. Сондықтан туған-туыстарымыз, көршілеріміз, басшыларымыз, діндес бауырларымыз, достарымыз жайлы тек қана жақсылық ойлап, жақсы сөздер айтуға тырысқанымыз дұрыс.



Көре алмаушылық

Алла тағала адам баласына көп мінез берген. Олардың жақсысы да, жаманы да бар. Мұсылманның міндеті солардың жақсысын дамытып, жаманын бо-йынан ала-стату. Ал адам қанында айналып жүретін ең жексүрын мінездің бірі – көре алмаушылық. Қызғаншақтық, күншілдік те осымен ағайындас мінездер. Бұлар көбінесе, ішіне шынашақ айналмайтын іштарлықтан келіп туындаиды. Кейде біреуге мал бітсе, біреудің аты озса, үйіне береке кірсе, айдалада жүрген екінші адам соларды көре алмай, өзінен өзі қиналып, күйіп-пісіп жатады. Бұл мінездің шариғатымыздығы үкімі харам. Негізінде, бұл мінез әр адамның табиғатында кездесуі ықтимал. Алайда онымен күресіп, бойынан аластатқандар да, оған бой алдырып құлына айналғандар да болады. Бұл мінезді көбінесе, иманы әлсіз, көркем мінезден жүрдай, Алла тағаланың өзіне берген нығметтерін сезбейтін, ал өзгелердің қолындағыға аузының суы құрып қарайтын жандардан байқаймыз. Ал ақиқатына қарасак, Алла тағала нығметті өзі қалаған құлына береді, қаламаса бергенін алып қояды. Сондықтан көре алмау мінез Аллаға разы болмаудың бір белгісі іспеттес. «Дүние-мұлікті өзгеге бердің, маған бермедің» деген секілді Алланы жазғырудың да бір көрінісі. Бұл бір. Екіншіден, іштарлықтан құтылғысы келген жан өзі қызыққан адамға әр түрлі нығметтері болмай қалсын деп емес, керісінше көбірек болсын деп дұға еткені дұрыс. Үшіншіден, соншалықты жан-тәнімізben Алладан дүние-мұлік, байлық тілейтіндей оның келешегімізге, екі өмірімізге

пайдасы бар ма, жоқ па? Ол жағы белгісіз. Міне, осы секілді мәселелер ескерілуі керек.

Көре алмаушылық, ең алдымен сондай мінезге ие адамның өзіне зиян. Өйткені ондайлар жұрт секілді қуана да алмайды. Жүректерінің түбінде мұн жүреді. Жұмыстары да табыссыз, өнбейді. Сөйтіп жүріп жүрек ауруына душар болады. Қысқасы, бұл мінезге ие адамдардан жақсылықтың бәрі қашады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадис шәріпптерінің бірінде: «*Коре алмаушылықтан сақтандыңдар, ол сендердің сауапты істеріңді оттың отынды жалмайтынындай жойып жібереді*» деген. Құрғақ отынға от тиіп кетсе, оның аз ғана уақытта түгі қалмай шатырлап жанып кететінін бәріміз білеміз. Ендеши, іштегі жеміт мінезіміз бойымыздағы жақсылық атаулыны дәл солай жалмап тынуы да ықтимал.

Күншілдігі бар адам өсекті де, өтірікті де судай сапырғыш келеді. Адамдардың арасына да оп-оңай от салудан да тайынбайды. Өзге де кесір-кесаптарды жасай береді. Бәрінен соракысы сол – көре алмаушылық пен күншілдік иманның да қас дұшпаны. Әз Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистерінің тағы бірінде: «*Бір құлдың жүрегіне күнишілдік пен иман қатар сыйыспайды*» деген.

Ертең Жаратушы иеміздің алдында есеп беруге жиналып тұрғанымызда: «Қап, әттеген-ай, түк қалдырмай, түгел жалмап кетіпті-ау!» деп осы мінезді қанша қарғасақ та, ол кезде бәрі де кеш болады. Сондықтан осы бастан бұл кесірлі мінезben күрескен дұрыс.

Бұл мінездің адамдар арасында кеңінен жайылуына ең алдымен лағынет атқыр шайтан себеп болады. Сонау Адам атамыздың дәуірінен бері шайтан бұл істі кәсіп етіп келеді. Тарихқа бір сәт үніліп көрейікші.

Бірде Адам атамыз Абыл мен Қабыл атты екі ұлына Алла разылығы үшін құрбан шалуды бұйырады. Абыл шопан еді. Ол бір қой шалады. Қабыл егінші еді. Ол бір құшақ бидай құрбан етеді. Сонда Алла тағала Абылдың құрбаның қабыл алды. Міне, сол кезде шайтанның тұртқілеуімен Қабылдың қызғанышы мен күншілдігі қозды, жанын қоярға жер таппай долданды. Ақыры, тұла бойын өшпенділіктің оты өртеп, жазықсыз Абылды өз қолымен өлтіріп тынды. Осылайша жер бетінде алғаш рет қан төгілді. Ислам тарихы міне осындай сыр шертеді. Ендеше, жер бетіндегі алғашқы зұлымдықтың себебі осы көре алмаушылық.

Қасиетті Құранда жаратқан мақлұқаттарының кесірінен, қарағылық қаптаған тұннің кесірінен, түйіншектерге дем салатын жәдігөйлердің кесірінен және күншілдердің күндең кездегі кесірінен арайлы таңың Раббысы Алла тағалаға сыйынып пана тілеу жайлы «Фәлак» деген арнайы сүре бар. Байқап отырсаңыз, күншілдердің кесірі небір ауыр кесаптардың қатарында аталып тұр. Мұсылман адамның өзі мұндай кесірдің маңына да жуымағаны дұрыс. «Ойпырм-ай, көре алмау деген неткен оңбаған міnez, күншіл адам Алланың алдына қай бетімен барады?» деп, өзімізді көбірек қайрап, ондай мінезді табиғатымыздан аластатудың қамын жасауымыз керек.

Мендегі жоқ дүние өзгеде де болмасын, мендегі жоқ денсаулық өзгеде де болмасын, менде болмаған мүмкіндіктер өзгеде де болмасын деген көңіл тарлық мінездер еш уақытта адамға опа бермеген.

Абай хакім өзінің он төртінші қара сөзінде былай дейді: «Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па?.. Біріңе-бірің қонақ екенсің, өзінде дүниеге қонақ екенсің, біреудің

білгендігіне білместігін таластырып, біреудің бағына, малына күндестьік қылып, я көрсекзызарлық қылып, көз алартыспақ лайық па? Тілеуді Құдайдан тілемей, пендеден тілеп, өз бетімен еңбегімді жандыр демей, пәленшенікін әпер демек – ол Құдайға айтарлық сөз бе?».

Иә, өзіміз еңбектенбей, Алла тағалаға өзгенің малын әпер деп тілеу – нағыз арсыз міnez.

Сөз соңында айтарымыз, көре алмаушылық та кесел. Оны емдеу керек. Емдеудің жолы Исламға бет бұру, көбірек құлшылық жасау, дұға ету, күнәларымызға кешірім тілеп, шынайы тәубе ету. Міндettі түрде өзгеден артық болғымыз келсе, тақуалығымызben, көркем міnezімізben артық болуға тырысқанымыз жөн.



Сабыр

Сабыр – адам баласы қандай да бір қын жағдайға тап болғанда, бойыңдағы бар күш-куатын жинап қайраттанып, сол ауыртпалыққа қарсы тұру дегенді білдіреді. Сабыр – екі дүниенің бақыты үшін Жаратушы иеміздің адам бойына дарытқан ғажап сыйы. Ол адам рухын кемелдендіретін көркем мінездердің бірі. Тағдырға ризашылық пен шүкірліктің де белгісі. Ал басына қындық келе қалса, «шаршадым, әбден қажыдым, осыншалықты қинайтындей мен Құдайға не жаздым» деп тағдырға налып, іштей риза болмау осы сабырдың, төзімнің саяздығын көрсетеді.

Негізінде, өмірде қуаныш пен қайғы адамға кезектесе келіп отырады. Жаратушы иеміз Құранда:

وَلَنْبُلُونَكُمْ بِشَيْءٍ مِّنَ الْخَوْفِ وَالْجُوعِ وَنَقْصٍ مِّنَ الْأَمْوَالِ
وَالْأَنْفُسِ وَالثَّمَرَاتِ وَبَشِّرِ الصَّابِرِينَ

«Сөзсіз біз сендерді қорқынышпен, аштықпен, мал-мұліктеріңді, өздеріңді әрі онімдеріңді кеміту арқылы сынаймыз»,¹ – дейді.

Демек, адамның басына дүшпанның тезіне жолығу, құрғакшылыққа ұшырау, туған-туыс, бала-шағадан айырылу, аштыққа тап болу, бүкіл дүние-мұліктен қас-қағым сәтте айрылып қалу секілді әр түрлі сынак келуі мүмкін. Сол сияқты кеңшілік те, таршылық та, жоқшылық та, баршылық та, ауру-сырқауға ұшырауда – сынак. Сондай кездерде көрген ауыртпашилыққа

¹ «Бақара сүресі, 155-аят.

шыдап, төзімділік танытқанымыз жөн. Өйткені ешбір қындық адамның басында мәңгі қонып тұрмайды. Қараңғы түннің артынан шуағын төккен жарық күннің шығуы қандай заңдылық болса, қындықтың соны жеңілдікке үласатыны да шындық. Өмірдің өзі тұстай өткінші болғандықтан біздегі қуаныш пен қайғы атаулы да өтпелі. Өтпелі нәрсеге бола өмір бойы сан соғып «әттегенайлап» өту қисынға теріс, ақылға орынсыз. Кез келген қындыққа тап болсак, «бұл да өтеді» деп нар тәуекелге бел буу – аса маңызды.

Хазірет Әли: «Адам денесінде бастың орны қандай болса, иман тұрғысынан алғанда сабырдың орны да дәл сондай» деген.

Алла тағала Құрандағы көптеген аяттарда сабырлы болуды дәріпте, сабырлы құлдарды жақсы көретіндігін, сабырлы жандарды үлкен айтулы сыйсияпатқа бөлейтіндігін жеткізген. Мысалы, «Әли Имран» сүресінің 146-аятында:

وَاللَّهُ يُحِبُّ الصَّابِرِينَ

«Алла сабырлыларды жақсы көреді» – делінген. Ал бір хадисте «Сабыр – иманың жартысы» делінеді.

Ислам тарихына қарасақ, алғашқы мұсылмандар исламды қабылдағаны үшін тепкі мен теперіш көрді. Корлық көргені өз алдына, қан-жоса болып сан мәрте соққыға жығылды. Сонда да олар мұсылман болудан таймады.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Адамдардың арасындағы ең ауыр қындықты бастан өткерушілер, әуелі – пайғамбарлар, содан кейін дәрежесіне қарай

келген таңдаулылар»² дейді. Олай болса, Алла тағала құлын қаншалықты жақсы көрсө, оған соншалықты ауыр сынақ береді. Осы ақиқатты ұғынған кейбір мұсылмандар бастарына қындық келмесе «Алла мені жақсы көрмейді ме?!» деп қорыққан екен.

Адамзат тарихында Эйюб пайғамбардың нағыз сабырдың үлгісін көрсетіп кеткені аян. Ол үсті-басын түгелімен жара қаптап, құрттап кетсе де сабыр сақтаған қалпы Аллаға құлшылық жасап дұға етумен болды. Бұкіл денесін жеген құрттар Алланы зікір ететін тілі мен жүрегіне жеткенде ғана дұға оқып, Алладан жәрдем тіледі. Алла осыншама қындыққа көнген, Жаратушының берген сынағынан сүрінбей өткен Эйюб (а.с.) жайлы: «*Шынында, оның сабырлы екенін көрдік. Ол қандай жақсы құл! Өйткені, ол нағыз бойсұнуши әрі үнемі тәубе етуші!*» деген болатын («Сад» сүресі, 44-аят).

Ислам ғалымдары сабырды бірнеше топқа бөліп қарастырған. Солардың ішінде мынадай негізгі топтарға тоқталуға болады:

1. Ғибадатқа сабыр. Күн сайын бес уақыт намаз оқу алғаш бастаған адамға қын көрінуі мүмкін. Алайда, сабырлықпен шыдап, рухын намазben шындаған кісіге белгілі бір уақыт өте келе бір намазды қаза қылу да үлкен өкінішке айналады. Сонымен қатар, ораза ұстау, зекет беру, қажылыққа бару, ілім іздеу, жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю секілді ғибадаттардың барлығы да үлкен сабырлықты талап етеді. Сондықтан, нәpsіге ауыр тигеніне қарамастан

² Тирмизи, Зуһд, 56; Ибн Мажә, Фитән, 23

сабырмен, шыдаммен, төзіммен ғибадат жасау екі дүниенің де бақытын ойлаған адамның ісі.

2. Күнәға сабыр. Негізі күнәларды адам баласына әшекейлеп көрсететін – шайтан. Бейне бір ішіне у қосып бал берген секілді. Пайғамбарымыз бір хадисінде: «Жаннаттың жолы қындықтармен, тозақтың жолы нәпсінің қалауларымен көмкерілген», – дейді.

3. Тағдырға, қындықтарға сабыр. Мұсылман адам «Жазмыштан озмыш жок» деп, тағдырдың жіберген ауыр сынын ризашылықпен қабылдауы керек. Сабырдың бұл түрі жайлы Пайғамбарымыз:

إِنَّمَا الصَّبْرُ عِنْدَ الصَّدْمَةِ الْأُولَى

«Сабыр – соққының алғаш тиген сәтінде» , – деп ескерткен. Иә, осы нәрсеге адай болуымыз керек. Мәселен, аса қымбат бір затымыздан немесе жақын адамдарымыздың бірінен айырылып қалғанымызды кенет естіген мезетте, сол сәтте сабыр ету – сабыр. Ал ауыртпашилыққа жолықкан кезде айқайлап, боздап, басымызды тасқа ұрып, кейін уақыт өте келе, бойымыз үйренген соң сабыр шақыру – сабыр емес. Пайғамбарымыз «Қапыда сүйіктісінен (перзентінен) айырылса да сабыр етіп, қарымын Алладан күткен мүмін құлга Алла, ең жоқ дегендеге, жаннатты тарту етеді, сый-сияптың одан төменіне разы болмайды» деу арқылы ең жақсы көрген ет жақын адамы көз жұмса да мүмін құлдың сабыр сақтауы керектігін үйретеді.

Сөз сонында айтарымыз, басқа түсетін қындықтар мен қасірет-қайғының бері мұсылмандың түпкі мақсатымен салыстырғанда түкке де алғысыз. Талап етілген мәңгі бақи құт мекен – жәннattтың құндылығы

сонша, оның бір сағаты дүниеде бақытқа кенеліп өткен мың жылдық фәни өмірден артық. Онда Ұлы Алланың дидарын көру бар. Міне, осы межеге жету үшін бәріне шыдап, қындықтарға төтеп бере білу керек. Алла тағала баршамызды сабырлылар қатарына қоссын!



Құран берекесіне кенеліңіз

Иман шарттарының бірі – кітаптарға иман. Бұл шарт орындалмаса, ешкімнің де иманы кәміл болмайды. Бүгінгі қоғамның рухани ахуалын жақсартудың ең тиімді жолы – иманның осы шартына аса көп көңіл бөлу.

Ұлы Жаратушымыз әр түрлі дәуірлерде өмір сүрген түрлі-түрлі қауымдарға өзінің бұйрықтары мен тыйымдарын қасиетті кітаптар мен парактар арқылы жіберіп отырған. Сол кітаптарда өмірде кездесетін кез келген түйткілдердің ең тиімді шешімдері баян етілген. Иләхи парактардың нақты саны бізге беймәлім. Ал, қасиетті кітаптың саны төртеу. Олар: Зәбур, Тәурат, Інжіл, Құран. Біз, мұсылмандар, бұл төрт кітаптың барлығының Алла тарапынан адам баласына тұра жолды көрсету үшін жіберілгендердің кәміл сенеміз. Алайда заман өте келе Құраннан бұрын түсірілген үш кітапқа адамдар тарапынан әр түрлі әдейі өзгертулер мен бұрмалаулар енгізілгені анық. Сондықтан оларды өмірлік басшылыққа алмаймыз. Құран түскеннен кейін өзге кітаптар негізге алынбайды, әрі амал етілмейді. Бұл жайлы аят, хадистерде көп айтылған. Сондықтан алдыңғы үш кітапқа көп тоқталмай, ең соңғы ақиқат кітап Құранға ғана тоқталамыз. Құранның ең үлкен ерекшеліктерінің бірі ол белгілі бір қауымға немесе тайпаға ғана емес, Қияметке дейінгі күллі адамзатқа арналған иләхи пәрмен болып саналады. Кейбіреулер Құранды ғана назарға алсак, одан бұрынғы кітаптардың үкімдері қайда қалды деп

ойлауы мүмкін. Шындығында, Құран – өзіне дейінгі түскен барлық параптар мен кітаптарды қамтыған. Құран – санастың қанша жетілсе де ақыретке дейінгі келетін күллі адамзаттың барлық рухани әрі заттық сұраныстарына жауап беретін, жеке тұлғалық, қоғамдық әрі әлемдік барлық проблемаларына қатесіз толық шешім беретін, адамның санасты жете бермейтін көмескі әлемді суреттеп, беймәлім сырларды аштын, екі дүниенің бақытын көрсетіп, ақ пен қараның ара-жігін ажыратып, өзіне сеніп, шырақ тұтқан жандарды рухани кемелдікке тәрбиелейтін Ұлы Жаратушы тарапынан жіберілген қасиетті соңғы кітап.

Иә, Құран бір кітап. Бірақ адамдардың қаламынан туған жай кітап емес. Құран – Алланың сөзі. Әр әрпіне қасиет тұнған кітап. Қысқасын айтқанда, жер жаһандағы ең қадірлі, ең қасиетті, әрі берекеге толы кітап. Өйткені онда бүкіл ғаламдарды жаратушы ұлы Алла тағаланың адам баласына жіберген ұлы хабары бар. Адам баласы қайтсем екі дүниеде бақытты болам деген сауалдың жауабын осы Құраннан таба алады. Құранның тәлімін басшылыққа алған адамдардың өміріне құт-береке дариды. Мысалы, не үшін Құран оқып, оның бүйрықтарына көніл бөлетін үйде ұрыскеріс болмайды? Өйткені онда Құран берекесі болады. Осы ретте ардақты Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Алланың кітабы – Құран туралы хадисіне назар аударайық:

«Алланың кітабы сол – ішінде сендерге дейінгі уакиғалар, сендерден кейінгі хабарлар және араларында жасалатын үкімдер бар. Ол ешбір әзілі жоқ төреші кітап, оны менсінбей көзге ілмегендерді Алла ондырмайды, ал одан басқадан туралық іздегендерді адастырады.

Өйткені ол – Алланың мықты жібі және хикметке толы сөзі, әрі ол – тұра жол. Онымен жүргендер адаспайды, оны арқау еткен тілдер шатаспайды. Ғалымдар оны қанша оқыса да, әсте тоймайды, көп оқылғаннан ол ескірмейді, ішіндегі ғажайыптары сарқылмайды. Жындар оны естігенде, «Шындығында, біз аса ғажап Құран естідік» деп таңданыстарын жасыра алмады. Кім оған сүйеніп сөйлесе, туралық айтады, онымен үкім етсе, әділ болады, оны ұстанып өмір сүрсе, мол сауапқа кенеледі, оған шақырған тұра жол табады». Міне, Алланың соңғы елшісі Құранның сипаттамасын осылай беріпті.

Шындығында, жер бетінде Құранның қадірлі, Құранның қастерлі кітап жоқ. Ешбір кітап бұл дүниеде дәл Құрандай шексіз құрметке ие болмайды. Осынау аса қадірлі кітап алғашқы аяты түскен күннен бастап, бүгінге дейін сан мындаған ғылыми еңбектердің, шығармалардың, зерттеулердің алтын арқауы болып келді. Мұсылман әлемінің барша ғұламасы қасиетті Құранға кез келген мәселені шешудің қайнар көзі ретінде жүгініп келгені мәлім. Құранның еш уақытта сарқылmas бұлағынан бүтінгі таңда адамзат баласы қол жеткізген бүкіл жетістіктер де, өркениет атаулы да келіп шыққан десек, сөзіміз жалған болмайды.

Алла тағаланың өзі Құран кәрім туралы былай деді: «(Мұхаммед (с.ғ.с.) егер бұл Құранды бір тауға түсіргенімізде, оның Алладан үрейленіп быт-шыты шыққанын көрер едің. Ал мұндай мысалдарды адам баласы ойлансын, ақылға салсын деп келтіреміз» («Хашыр» сүресі, 20-21 аяттар).

Міне, Құран осыншалықты зілбатпан жүк һәм салмағы ауыр аманат. Аталмыш аят бізге маңайымыздан

күнде көріп жүрген асқар-асқар тауларды адам жүрегімен салыстыруға да мүмкіндік береді. Енді ойланып көрейікші, тастан жарапан қатпарлы қалың тау көтере алмас батпан салмақ адам баласының жұдырықтай жүрегіне тапсырылып отыр.

Сахабалардың білдіруінше, уахи түсіп жатқан сэтте Алла елшісінің (с.ғ.с.) ажары қатты өзгеріп, жаны мен тәні алабөтен сипат алатын. Уахидың түсірілуі мен оны қабылдаудың негізгі ақиқаты бізге белгісіз. Оны толық сипаттауға мұршамыз жетпесі хак. Дегенмен де сүйікті Пайғамбарымыздың өңін соншалықты өзгертіп жіберетін Құранның жеңіл нәрсе емес екені анық.

Сондықтан кейде Құран оқып отырып, өксігін баса алмай жылайтындарды көріп, есітіп қаламыз. Олардың көңілін босатып, буынын жібітетін не дейсіз ғой? Ол – Құран кәрім аманатының осы ауырлығы. Ал енді бір қызығы сол – қаншалықты қын болса да, әлемнің әр бұрышындағы мұсылмандар бұл кітапты толығымен жаттап алуға, жүрегіне толық құйып алуға ықылас танытады. Африка мен Азияның түрлі ұлттары, Еуропаның қаншама мұсылмандары бұл кітапты жағында сақтауға көңіл қойып отыр. Мұны кездейсоқтық деп қарай аламыз ба? Тіпті, араб тіліндегі бірауыз сөздің мағынасын түсінбейтіндер де бұл іске тереңдеп ден қоюы таң қалдырады. Міне, бұл қасиетті кітабымыздың кереметтігінен, қасиеттілігінен. Шариғатымызда Кәләм шәрифты жаттау былай тұрсын, оқудың өзі құлшылық саналатынына не дейсіз? Адамзат баласының ең ардакты тұлғасы Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көптеген хадистері осыған шақырады. Мәселен, бір хадисте былай делінеді: «Кімде кім Құраннан бір әріп оқыса, оған

бір жақсылық жазылады, ал әрбір жақсы амал үшін он сауап жазылады, мен “Әлиф, Ләм, Мимді” бір әріп деп айтпаймын, жок, “Әлиф” – бір әріп, “Ләм” – бір әріп және “Мим” – бір әріп». (ат-Тирмизи). Міне, Құранды көп оқушылар осындай сүйіншілеріне асыға берсін.

Бұл Құранды оқушылар үшін. Ал оны оқи алмайтындар не істейді? Өздері окуды үйреніп алғанша, өзгелердің оқуын тыңдайды. Әсіресе, қазіргі ғылым мен техниканың ғасырында небір қаз дауысты қарилардың Құран оқығанын үнтаспаға жазып алыш тыңдауға мүмкіндік көп. Сөйтіп оны тыңдау арқылы құлшылық жасауға, Жаратушымыздың рақымына бөленуге болады. Бұл туралы Құранда былай делінеді: «Қашан Құран оқылса, оған құлақ салып тыңдандар да үндемендер. Осылайша рақымға бөленерсіңдер» («Ағраф» сүресі, 204-аят).

Құранды тыңдаудың өзі мұсылман баласы үшін Алланың рақымына қол жеткізуге себепкер. Жалпы, Құранның мұсылман баласына берер пайдасын санап тауысу мүмкін емес. Мысалы, хадистерінің бірінде Алла елшісі (с.ғ.с.) былай дейді: «Егер адамдар Алланың үйлерінің бірінде жиналып, Құран оқып, оны өзара талқылайтын болса, оларға міндетті түрде жан тыныштығы түседі және оларды рахымшылық бүркеп періштелер қоршауына алады. Алла оларды Өзінің құзырындағылар жанында еске алады», – дейді (Мұслим).

Мұнда «Оқыса, өзара талқыласа» делінген. Демек, Құранды өзара талқылау маңызды іс және мұсылмандарға қойылып отырған талаптардың бірі. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өзі де одан шет қалмаған.

Жыл сайын Рамазан айында Жәбірейіл періште түсіп, екеуі Құранды сабак қылып қайталайтын. Көктің аманатын арқалаушысы мен жердегі ең сенімді аманат иесі Құран кәрімді бірге оқитын.

Құран – берекелі және құтты кітап. Құранда Алла тағала: «Бұл – біз құтты етіп түсірген Кітап» («Әнғам» сүресі, 92-аят) деп осы ақиқатты жеткізген. Оның құттылығы мен берекесі жақсылап окуда, үкімдерін орындауда, нұсқаулары бойынша өмір сұруде. Ол, әсіресе, қоғамдық ауруларға, әлеуметтік дертерге, ақыл мен нәпсінің ауруларына ем. Алла тағала Құран Кәрімде былай дейді: «Әй, адамдар! Сендерге Раббыларыңнан бір үгіт, жүректегі нәрселеріңе бір шипа, имандылар үшін сенімді бастаушы және рақым келді» («Юнус» сүресі, 57- аят). Байқап қарасақ, аятта «жүректегілерге бір шипа» делінген. Демек, ол ең алдымен, жүректерге дауа.

Жалпы алғанда, Құран – мұсылмандар үшін дүние ісінде де, ақырет ісінде де назарға алынатын басты бағыт, жол-жоба, жөн-жосық. Ол жеке адамды да, отбасын да, қоғамды да мәңгілік ізгілік пен бақытқа жетелейді. Жеке адамдар да, отбасылар да оны өмірлеріне шамшырақ етіп ұстануға тиіс. Құранның мінезін өзіне әбден сіңіріп алғанша, оның әдептерін тал бойына қалыптастырығанша тынбай әрекет етуі керек. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) осылай жасаған жоқ па еді? Айша анамыздың айтудынша, оның мінезі Құран болды. Ал кімде кім Мұхаммед пайғамбарымыздың мінезін өз бойына дарытқысы келсе, Құранды оқып, соның мінезін үлгі етуі керек. Мәселен, қасиетті кітаптың «Бақара» сүресінде ә дегеннен-ақ такуалық мінезі баяндала-

ды. Сондай-ақ «Әнфал» және «Хұжурат» сүрелерінде мұмандардың сипаты, «Фурқан» сүресінің аяқ тұсында Рахманның құлдарының жүріп-тұруы сипатталған. Не үшін? Бізге үлгі болуы үшін!

Сөз соңында, Алладан тілеріміз, баршамыздың иманымызды арттырысын. Жаны таза, жүрегі таза, ықыласты құлдарының қатарына қоссын.



БАЛА БОЛАШАҒЫМЫЗ

Бала тәрбиесі не үшін керек?

Ата-ана өз перзентін көз қуанышымыз, жүргіміздің нұры, жанымыздың бір жапырақ бөлшегі деп ерекше жақсы көреді. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, аялап өсіреді. Баланың табанына кірген шөгір менің мандайма кірсін деп, аяулы алақанына салып ер жеткізеді. Перзентінің тәні ауыра қалса, жанын қоярға жер таппайды. Бірақ мұның барлығы да олардың тәні мен денесін қорғаштаудың амалдары ғана.

Ал енді сол балаларымыздың жаны қалай дамып жатыр, рухы қандай күй кешуде? Шыны керек, оған көп көңіл бөлмейтін секілдіміз.

Ақиқатына қарасақ, жалпы елдік тұрғыдан алғанда, үл-қызымызды рухани дерт, ауру шалғанына да біраз уақыт болып қалғандай.

Біз егер көйлектің іші-тысын ауыстырғандай етіп, олардың ішкі жан дүниесін сыртқа шығарып қарайтын болсақ, ондағы рухани аурулардың түрлері мен көптігін көріп таң қалар едік. Таң қалудан бұрын «эттеген-ай» деп «аһ» ұрат едік. Тіпті жас балапандарымыздың кіп-кішкентай жүргегін шағу үшін маңайлап жүрген аузы арандай рухани жыландар мен рухани шаяндарды көргенде, шыбын жанымыз шырқырап, сан соғар едік. «Байғұс балаларымызды осындай рухани мүгедек халге

жеткізген бізге обал жоқ» деп өзімізді-өзіміз жегідей жеп, бармағымызды шайнар едік.

Бала ата-анасына сөз қайтарып, тілазарлық жасап жатса, ол – бір ауру, дініне, тіліне, діліне жете мән бермей, ат үсті қарап жатса, ол екінші бір ауру. Сабак оқу, ғылым іздеуді қойып, уақыттың бәрін тек көңіл көтерумен ғана өткізіп жүрсе, ол да өзінше бір дерт. Алла, Құран, пайғамбар, мешіт деген сөздерді естігенде, кірпідей жиырылып жатса, онда мұны да бір рухани кемшілік деп бағалаған дұрыс. Жалпылай алғанда, бүгінгі қоғамда көз көріп, құлақ есітіп жүрген көп проблеманың арғы жағында көбінесе жастардың рухани жұтандығы жатқандығы анық.

Бір қыныңы сол – рухани аурулар әзірше көзге көрінбейді. Балалар да: «Әке, жанымыз ауырып барады, жәрдем бере гөр», – деп жылайтындағы, шағым жасайтындағы күйде емес. Өйткені жан ауруы адамның ішіне арыстандай ақырып, өзін білдіріп кірмейді. Жүрген ізін білдірмейтін жыландағы болып, байқатпай, дыбыссыз келеді. Келеді де, адамның ең басты алтын сарайы – жүрегінен келіп орын алады.

Бірақ жанның дерті күндердің бір күні сыртқа шықпай қоймайды. Алайда ол кезде балаларымыздың буындары қатып, бұғаналары бекіп, мінездері тастай қалыптасып қалған кез болады. Тұзетуге кеш болады. Қазір біз баламызды тек өсіріп отырмыз. Жетілдіріп отырған жоқпыз. Жетілдіру деп жан мен тәнді қатар да-мытуды айтады. Әйтеуір, ұл-қызымызды заңгер етсек, экономист, кеденші етсек деп жүріп, олардың руханиятын ұмыт қалдырамыз. Абайша айтқанда,

Балам закон білді деп
Куанарап ата-анасы.

Ойында жоқ олардың
Шариғатқа шаласы, – дегеннің кебін көріп
жүрміз.

Олай болса, күрметті ата-аналар! Ұл-қызымыздың жүрегін Жаратушы иеміздің талаптары бойынша Ислам қорғандармен, рухани қамалдармен қорғап бағуға тиіспіз.

Есте ұстай керек, балалық кезең адам өміріндегі ең маңызды кезең. Адамның рухани тұлғасының қалыптасуы осы балалық шақтан басталады. Адамның жақсы болуы да, жаман болуы да, ауру болуы да, сау болуы да осы кезеңге тікелей қатысты. Перзенттеріміз ер жетіп, бой жеткен соң, олардың бойынан бізге ұнамайтын әрекет-қылыштар мен көріксіз мінездер байқап жатсақ, онда олардың бала кезіндегі табиғатын дұрыс қадағаламағанымыз деп ұққан дұрыс.

Рухани аурулардың барлығы да адамның жас кезінде қалыптасады. Өтірік те, өсек те, ұрлық та, ұшқарылық та – бәрі де осы кезеңде бала жүрегіне егілген рухани тікен-жантактардың жемісі саналады.

Әрине, барлық баланың тәрбиесі қисық немесе бұзық деуден де аулақпыз. Ата-анасының аузынан бір ауыз дөрекі сөз немесе өсек пен өтірік естімей, жарқырап өскен шамшырақ балаларға қызығудан артық сөзіміз жоқ. Кешегі Абай, Ахмет, Тұрарларды осындай биік денгейлі өнеге көріп өскен биік тұлғалар деп санаймыз.

Балалар 5-6 жасқа дейін жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты толық парықтай алмайды. Сол үшін қолдарын ыстық суға да, отқа да апарып қалады. Өйткені олардың қауіпті екенін біле бермейді. Ата-ана оларды содан қорғаштап өсіреді. Алайда қауіп-қатер

баланың тек тәніне ғана емес, жанына, рухына да төнетінін ескерсе екен дейміз.

Кейде көшелерден біреудің ұлы мен біреудің қызы әдепсіз, ұятты қылыштар жасап жатқанын байқап қаламыз. Біздің ұл-қызымыз да ертең бір жерде солай жүрмесіне кепілдігіміз жоқ. Ендеше, баланы көз алдымыздан таса жерге шығармас бұрын оларға Исламның негізгі қағидаларын ұқтырып қойғанымыз жөн. Мысалы, **«Жан балам, көшеде арак-шараң, сыра үшіп жүрген жастарды көрсөң, оларға еріп кетпе, Алла ондайларды жақсы көрмейді. Әдепсіз қыздар қылымсыса, олардан бойыңды аулак сал. Зинақорларға ауыр азап дайын тұр. Соған душар бол қап жүрме. Ұлкенді көрсөң, сыйлай жүр. Дініміздің талабы сол. Айналана жақсылық нұрын төге жүр. Ардақты пайғамбарымыздың сұннеті сол. Қолың босаса, кітап оқы, ғылым ізден. Ғылым екі дүние бақытына бастайды. Алла тағаланы бір сәтке де ойынан шығарма. Ол бәрімізді көріп тұр»** деген секілді кеңестерді бала бойына жастайынан сіңіруміз керек.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) алтыннан асыл хадистерінің бірінде былай деген: *«Бала бойына жастай сіңірілген нәрсе, ол үлкейгенде ақылына ақыл қосады»*. *«Ұяда не көрсөң, ұшқанда соны ілесің»* деген мақалымыз соны білдірсе керек. Олай болса, ұл-қызымызға ұядағы кезінде үлгі болайық, құрметті ата-ана!

Бала тәрбиесіндегі кейбір олқылықтар

Ата-аналардан: «Ұл-қыздарыңызды қалай өсіріп жатырсыздар?» деп сұрасақ, көбіне көп еститін жауабымыз: «Тамағын тоқ, киімін көк етіп, ешкімге жалтақтатпай өсіріп жатырмыз» болып шығады. Қазіргі қоғамымызда балаға тәтті тамақ, шырын сусын беріп, жылы үймен қамтамасыз ету оның алдындағы қарыздарымыздан құтылғандай болып көрінетін секілді. Алайда киімін, ішіп-жемін, баспанасын дұрыстауымыз перзенттеріміздің сөздерін, қылыштарын, ұстанымдарын және екі дүниеге деген ұстанымдарын өзгертіп жатқан жоқ. Күндер өтіп жатыр, бірақ балаларымыз рухани толықпай отыр.

Әкелер: «Мен бала-шағамды асырау үшін күндізтүні еңбек етіп жүрмін. Өзім қиналсам қиналайын, баларым жақсы болсын деп жүрмін» дейді. Осылай жүріп, балаларын тек қана үйшіктап жатқан кезде ғана көретіндерін сол әкелер өздері айтады. Бірақ, өкінішке қарай, олар осылай үй бетін тек түнде көріп жүргенде, ұл-қыздарының қандай бағытта өсіп жатқандығынан бейхабар қалып қойып жатады. Мысалы, мұсылман отбасы болса, балаларының намазын толық оқып жүргенін немесе өткізіп қойып жүргенін анық біле алмайды. Айтатын сөздері рас-өтірік екенін тағы білмейді. Өзі жоқта балаларының қандай кітап оқитынын, не үйреніп жүргенін білмейді. Кімдермен дос болып жүргенінен де хабарсыз. Ал, шындығында, нағыз тәрбие осы сауалдардың маңында жатыр. Ата-ана ұл-қызының ішкі рухани қоймасын немен толтырып жатқанын үтір-

нүктесіне дейін жақсы білуі тиіс. Керек десеңіз, баланың достарының кім екенін бақылаудың өзі артық емес.

Ал баланың анасы: «Мен бүгін балама ең дәмді тағамды сатып әпердім, ең тәтті асты пісіріп бердім, ішетін сусыны шырын болуын қадағаладым» дейді. Осылайша ананың да күндік уақыты асханада өтеді.

Бала-шағасы мектептен, бала-бақшадан немесе ойыннан келгенінде, олардың не істегенін тәптіштеп сұрап отырмайды. Кейде балалар теледидардың алдында бақылаусыз қалып жатады. Ондағы хабарлардың баласының келешегіне, ішкі руханиятына пайдасы бар ма, зияны бар ма, мінез-құлқына қандай әсері бар, көріп жатқаны адаптациялық салады. Әйтеуір бала-шаға ауыртпашилығынан өзін аман сақтаса болғаны. Бірақ сол аналар өз балаларын осылай қараусыз қалдыру арқылы өз қолдарымен қауіп-қатерге тігіп жатқанын бүгінде біреу білсе, біреу білмейді.

Өйткені ана әкеге қарағанда көбірек үйде отырады да, кешке күйеуі бала-шағасының жағдайын сұраса, үндемей қоя салады немесе бір сұлтауларды айтып, тақырыпты өзгерте салады. Тіпті, кейде: «Құдайға шүкір, бала-шағаң жақсы» деп те қояды. Міне, осы дұрыс емес. Осы дүниедегі немір зұлмат қылмыстар балаларды осылай қараусыз қалдырудың нәтижесінде болып жатқанын білуіміз керек.

Баласының үйде немен айналысып отырғанын білмейтін ата-ана олардың көшеде не істейтінін қайдан білсін? Ұрлықпен, айналысып жүр ме, біреуді қан қақсатып жылатып жүр ме, қыздары жеңіл жүріспен жүкті болып, қолдан түсік жасатып жатыр ма, арақ ішіп мас болып жүр ме – біреуінен де хабарсыз.

Енді осы мәселелерге асыл дініміз тұрғысынан келейік. Ислам көзқарасы бойынша балаға тәлім-тәрбие беретін ең алғашқы мектеп, алғашқы медресе, алғашқы ұя отбасы болып саналады. Егер отбасында баланың рухани дамуына, жетілуіне көніл бөлінбесе, онда ол бала ертең бас ауруымызға, жүргегіміздің ең ауыр қайғысына айналуы мүмкін. Дұрыс тәрбие көрмеген ұл-қызы тек ата-анасының ғана емес, бүкіл қоғамның, елдің, тіпті адамзаттың ең үлкен проблемасына айналуы әбден ықтимал. Кешегі ата-бабамыз жастардың бұзықшылығын көргенде, ең алдымен «Бұл баланың ата-анасы қайда, неге баласына дұрыс қарамайды» деп бұзакылыштың себебін әке-шешеден іздейтін. Осыған көп көніл бөлуіміз керек. Олай болса, бала тәрбиесі бұл дүниедегі барлық істен жоғары тұратын өте үлкен жауапкершілік. Сонда не істеу керек?

Пайғамбарымыздың бір хадисінде: «Адам баласы қайтыс болғанда, оның уш нәрседен басқа амалдары түгел тоқтайды: «қөшиліктің иглігі үшін берілген садақа, пайдалы ілім және артынан дұға жасап тұратын ізгі ұрпақ» дедінген.

Осы жерден құрытынды шығарар болсак, сіз ұлыңызға намаз үйрететін болсаңыз, оның әрбір оқыған намазынан өзіне берілетіндей сауап сізге де жазылып отырады. Ал егер ол үйленіп, өз баласын да сол сіз үйреткенге баулитын болса, оларға жазылатын мол сауапқа сіз де ие боласыз. Баламызға өзге де игі істерді үйретудің осы намазға үйрету секілді сауабы мол.

Тағы бір хадисінде Алланың елшісі (с.ғ.с.) былай деген: «Кім де кім тура жолға шақырса, оған соңынан ерушилердің сауабындаи сауап жазылады. Одан бір де бір нәрсе кемітілмейді, ал кімде-кім теріс жолға бас-

таса, оған соңынан ерушілерді күнәсіндай күнә жазылады, Одан бір де бір нәрсе кемітілмейді».

Олай болса, балалар әкесінен темекі шегу, арсыз киноларды көру, біреуді алдау секілді қылыштарды үйренсе, онда сол күнәлар әкеге баласына жазылғандай көлемде жазылады.

Иә, ертең Қиямет күні болғанда, алдымен бала емес, баласы жайлышты әке сұралады. Сондықтан бала-шағамызды еш уақытта қараусыз, назарсыз қалдырмауымыз керек. Ата-ана ұл-қызының қандай ауамен тыныс алып жүргеніне дейін өзінің бес саусағындағы білуге тиіс. Бұл бір. Екіншіден, перзенттерімізге Ислам дінінің негіздерін жастайынан үйретуіміз керек. Ол үшін алдымен ата-ананың өзі дін мен дінсіздіктің, иман мен имансыздықтың, бұл дүние мен арғы әлемнің паркын ажырата білетіндей сауатты болуға тиіс. Дініміз ер-әйел мұсылмандарға ғылым ізденуді парыз етуінде мән бар. Ата-ана көп ізденуі тиіс. «Жүрегім таза, ешкімнің ала жібін аттап жүрген жоқпынмен» көп мәселе шешіле қоймайды. Бүгін біз осылай ойлап жайбаракат отырсак, ертең өзге біреулер келіп біздің ала жібімізді аттауы мүмкін. «Байығың келсе, дін ойлап тап» деген саясатты ұстанып жүргендер бүгінде аз емес. Ағылшын тілін үйретем, компьютер үйретем, «таза дін» үйретем деп жүріп, перзенттерімізді көрінген көк атты келіп өз тобына тартып әкетіп жатса, бармағымызды шайнайтын кез сонда. Бірақ ол кезде кеш болады. Өйткені жастардың жүрегіне жазылған нәрсе тасқа қашалған жазумен тен. Оны тек сыйндырып қана өшіруге болады. Сондықтан ұл-қыздарымыздың жүрегіне ең бірінші діни жазуды ата-анасы жазуға тиіс. Сонда ғана ол баланың келешегінен үміт етуімізге болады.

Бала тәрбиесінің маңызы

Ислам ілімі шегі-қыры жоқ теңіз ғой. Бізді мазалаған кез келген мәселе бойынша жауаптарды дінімізден табарымыз хак. Исламда ірілі-ұсақты әрбір сұрақ бүге-шүгесіне дейін қаралған. Онда, әсіресе, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлінген. Сонау алғашқы Адам (а.с.) жаратылғаннан бергі пайғамбарлар, әулие, такуа құлдар, әйгілі ғалымдар, ғұламалар – бәрі де бала тәрбиесіне ерекше назар аударып келген. Мысалы, Құран кәрімде Лұқман хәкімнің баласына айтқан өсиеті келтірілген:

«يَا بُنَيَّ أَقِمِ الصَّلَاةَ وَأْمُرْ بِالْمَعْرُوفِ وَانْهِ عَنِ الْمُنْكَرِ
وَاصْبِرْ عَلَىٰ مَا أَصَابَكَ إِنَّ ذَلِكَ مِنْ عَزْمِ الْأُمُورِ»

«Эй, жан балам! Намазды толық орында. Жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тый. Басыңа түскен ауыршылыққа сабыр ет. Рас, бұлар маңызды істерден» («Лұқман» сүресі, 17-аят).

Көз алдымызға елестетіп көрейікші, біздің жастарымыз күнделікті бес уақыт намаз оқып журсе, бір-бірін жақсылық жасауға шақырса, жамандық көрсе, оны тыйса және кезіккен қыншылықтарға сабыр етсе, онда қоғамымыз үлгілі қоғамға айналmas па еді?

Иә, елімізді шарықтатып дамытамыз десек, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз қажет. Бұл мәселеге немқұрайлы қарауға болмайды. Атақты ақын-жазушыларымыз, данышпан ғұламаларымыздың бала тәрбиесіне қатысты айтқан аталы сөздері көп. Мысалы,

Мұхтар Әуезовтың «Ел болам десен, бесігінді түзе» деген өсиеті көпке мәлім. Жастардың тәлім-тәрбиесі бесік жастан басталады дегені. Абай хәкімнің де бес асыл іс, бес дүшпан дегендерді қозғауы осы тәрбиеге байланысты. Халықтың ауыз әдебиетінде де отбасында көрген тәрбиеге байланысты **«Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілесің»** деген сияқты көптеген өнегелі сөздер бар. Бұл бала үшін әке-шешенің әрбір іс-әрекеті маңызды дегенді білдіреді. Алайда тәрбиенің керектігін білу бар да, оны жүзеге асыру бар. Тәрбиеге ерекше ден қойып, нәтижелі жұмыс жүргізу үшін бұл мәселенің діни міндет екендігін түсінудің маңызы зор.

Ардақты пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистерінің бірінде былай деген:

«كلكم راع وكلكم مسؤول عن رعيته».

«Сендердің әрқайсысың бақташысындар және әрқайсың өз қол астындағыларға жауаптысындар». Демек, әрбір ата-ана перзенті үшін жауапты. Ертең Қиямет күнінде баланың дұрыс мұсылмандық тәрбиесі жайлы міндетті түрде сұралады. Олардың жүріс-тұрысы, қылышы, діні, намазы, ораза, зекеті – бәрі де ата-анадан сұралады. Осыған көп мән беруге тиіспіз.

Енді тәрбиені қай уақыттан бастаған дұрыс? Қазір этнопедагогикада айтылып жүргені белгілі. Баяғыда бір данышпанға ерлі-зайыпты келіп: «Баламыз бір жасқа толды. тәрбиесін қай уақыттан бастайық?» деп сұрағанда, оның: «Бір жыл кешіккен екенсіндер» деп жауап бергені белгілі. Бұл бала тәрбиесі ол шыр етіп дүниеге келісімен-ақ басталады дегенді білдіреді.

Алайда Ислам дінінде мәселе одан да теренірек қолға алынған. Ислам ілімінде бала тәрбиесі ер

азаматтың жақсы жар таңдауынан басталады. Өйткені Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Үйленіңдер, көбейіңдер, мен қиямет күні үмбетімнің көптігімен мақтанамын» деп, үмбетіне отбасы құруды және ұрпақ өрбітіп, өріс кеңейтуді насихаттайды. Бір қарағанда, бұл хадисте тәрбиеге қатысты ештеңе байқалмауы мүмкін. Бірак Қиямет күнінде Пайғамбарымызды қуантуға жарайтын бала көп тәрбиені қажет етеді. «Үйленіңдер» деген мен «көбейіңдер» дегенің арасында осындай нәзік мәселе жатыр. Хадистің мәнін түсіндірген ғалымдар осындай пікір де білдірген. Демек, мұнда үйленетін адам тәрбиелі ұрпақ өсіре алатын әйелді таңдасын деген де мән бар. Сондықтан, ардақты Елші (с.ғ.с.) бір хадисінде былай деген: «Үйленетін жсан әйелдің төрт түрлі қасиетіне мән береді: дүниесі, тектілігі, әдемілігі және діндарлығы. Діндарын таңдаған адам бақытқа кенеледі». Мұнда иманды жар таңдаудың маңызы анық білдірілген. Қазақтың «**Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер**» деген мақалы да бір кездері осы хадистен алынса керек.

Екінші халифа хазірет Омар (р.а.) ел басқарып тұрған кезінде бір кісі келіп баласының қылыштарына көңілі толмайтынын айтады. Сөзін тындалмай, қит етсе өзіне қарсы шығып, сөз қайтаратынын айтып шағымданады. Халифа баланы шақыртып, бұның себебін сұрайды. Сонда бала: «**Уа, мұсылмандардың әміршісі, әкенің бала алдында ешқандай міндеті жоқ па?**» – деп сұрайды. «Әрине, бар», – деген халифа Омар ол міндеттерді былай деп тізбектейді: «**Әке ең алдымен болашақ ұрпағына ары таза, мінез-құлқы жақсы ана таңдауы керек (яғни сондай әйелді жар етуі қажет).**

Сосын баласына жақсы ат қоюы әрі оған Құран кәрімді үйретуі қажет».

Мұны естіген бала: «Ендеше, әкем бұлардың ешбірін де орындаған емес. Маған ана ретінде тандаған әйелі мәжуси (отқа табынушы), койған аты «тасбақа» деген мағынаны береді. Ал Құраннан бір әріп те үйреткен емес», – дейді. Сонда хазірет Омар баланың әкесіне қарап: «Негізінде сенің үстіңнен балаң шағым жасауы қажет еken. Баланың алдындағы парызынды орындаамасаң, бала да әкенің алдындағы өз міндетін орындаамасы анық», – деп, кінәнің әкеде екенін түсіндірген еken. Демек, бала отбасында тәрбие көрмесе, намаз оқымаса, Алланы танып, Пайғамбарымызды білмесе, онда ол өз бетінше өседі. Соңдықтан күнделікті ұл-қызымызды қасымызға шақырып алыш: «Балам, сен мұсылмансың, сен Жаратушы иеніді тануың керек, Пайғамбарымыздың сұннетін білуің керек. Намаз оқуың керек. Әдепті болуың керек. Иманды, ибалы болуың керек» деген секілді ақыл-кеңестерді көп айтып отыру міндетіміз. Соның бәрі көбінесе, балалардың қасында отыратын аналарға артылатын жүк. Аналарға дініміздің көп жеңілдік беруі тегін емес. Соңдықтан ер адам өз балаларының тәрбиесін жақсы жар тандаудан бастағаны дұрыс.

Ізгі ұрпақ сұрап дұға ету

Ислам дінінде бала тәрбиесі жақсы жар таңдаудан бастау алатыны айтылды. Демек, ер адам өмірлік жолдасын таңдағанда, оған тек жар ретінде ғана емес, өзінің келешек үрпағының, бала-шағасының тәлімгері, тәрбиешісі деп те назар аударуы тиіс. Ал енді бір жұп отбасын құрғаннан кейін қандай мәселелерге көніл бөлуі керек? Жас жұбайлар ақ некесін қып отбасылық өмірдің табалдырығын аттай салып, бала болашағын ойластыру жайлы Ислам діні не дейді? Бала тәрбиесі тұрғысынан сол мәселені қозғамақпаз.

Жалпы, ерлі-зайыпты шаңырак көтерген күнінен бастап бала тәрбиесінің қамына кіріскені абзал. Себебі, бала тәрбиесінде жұктілікке дейінгі кезең де өте маңызды. Ислам діні бұл кезең жайлы ерлі-зайыптыларға анық бағыт-бағдар көрсеткен.

Мысалы, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Жұбайларыңа жақындаитын кездे

«بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ جَنِبْنَا الشَّيْطَانَ وَجَنِبْ الشَّيْطَانَ مَا رَزَقْنَا»

«Бисмилләһ, Раббым, мені шайтаннын, ал шайтанды бізге нәсіп ететін перзенттен алыстата ғөр!» – деп дұға етсе, содан кейін Алла оларға перзент нәсіп етсе, шайтан ол балага ешқашан жамандық жасай алмайды», – деп баяндайды. Демек, ұл-қызымыздың иманды, адал ниетті, көркем мінезді, парасатты болуын қаласак, жұбайлық өмірдің алғашқы күнінен-ақ оған көп мән беруіміз керек.

Бұл ерлі-зайыптылардың әрбір әрекеті, әрбір сөзі болашақ баланың тәрбиесіне әсер етеді деген сөз. Бұл бір. Екіншіден, болашақ ата-ананың әрбір ішкен-жегенінің адап болуының пайда болатын бала өміріне әсері бар.

Күллі жан-жануардың өзі ұрпақ қамына кірісерде судың тұнығын ішіп, шөптің асылын жеуге тырысатының ғалымдар бүгінде зерттеп үлгерген. Ал енді ең көркем үлгіде жаратылған адам баласы өмірін жалғастырар ұрпағының келешегі үшін шариғатымыз бұйырған адап асты ішіп-жеуі керектігі сөзсіз. Осы бір мәселені ерекше айта кеткім келеді.

Ал енді кейбір тойларда арак-шарап судай ішіліп, екі жасқа да ұсынылып жатады. Бұл уланған ұрпақтың дүниеге келуіне себеп. Бұл біздің өз болашағымызға өз қолымызben балта шабуымыз.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір хадисінде ішке түскен бір түйір харам азықтың қырық күн бойы адам денесінен кетпей қанында айналып жүретіні сөз болған. Бұл, шариғатымыз харам еткен азық адам ұрығына да әсер етеді деген сөз. Ал тек адап аспен қоректенетін ата-аналардың перзенті де таза болары анық. Шәкәрім атамыздың: «**Құдай таза жаратты, сен таза бол**» дегені де осыны аңғартады.

Ушінші бір маңызды нәрсе – Алла тағаладан ізгі ұрпақ тілеп жалбарыну. Дінімізде Аллаға жалынып, дұға етудің орны орасан. Өйткені дұға – мүминнің қаруы, діннің тірегі, аспан мен жердің нұры. Құран кәрімге қарап отырсақ, адамзат тарихында өткен пайғамбарлардың көвшілігі Алла тағаладан жақсы перзент сұрап дұға жасаған. Мысалы, Зәкәрия (а.с.): «*Раббым, маган пәк ұрпақ нәсіп ете гөр! Күмәнсіз,*

сен дұғаны естүшісің!» деп дұға еткен. Ал Ибраһим пайғамбар (а.с.):

«رَبَّ هَبْ لِي مِنَ الصَّالِحِينَ»

«Уа, раббым, маган салиқалы ұл бере гөр» деп дұға жасаған. Алла тағала оны қабыл етіп, пайғамбар болатын, өте ықыласты Исмайылды нәсіп етеді. Кейінен осы әкелі-балалы пайғамбарлар Қағбаны салып бітіргендे, былай деп дұға жасағаны тағы бар: «Уа, Раббымыз! Бізді Саған бас иетіндерден қыла гөр! Үрпағымыздан саған багынатын үмбет шығара гөр!». Енді қарап отырсақ, Ибраһим пайғамбардың (а.с.) үрпағынан жүздеген пайғамбарлар шықты. Исмайыл пайғамбардың үрпағынан адамзаттың асылы – Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) дүниеге келді.

Біз, қазақ халқы, қазірге дейін кімнің милләті екенімізді деп сұрағандарға: «Ибраһим пайғамбардың милләтімін» деп жауап беретініміз осыдан. Сондай-ақ Ибраһим пайғамбардың (а.с.):

رَبِّ اجْعَلْنِي مُقِيمَ الصَّلَاةِ وَمِنْ ذُرِّيَّتِي رَبَّنَا وَتَقَبَّلْ دُعَاءِ

«Уа, Раббым, мені және үрпағымды намазын тастамай оқитындардан ете гөр! Уа, Раббым, осы дұғамды қабыл ете гөр!»³ – деп діндар үрпак тілегені де бар.

Жинақтай келе айтарымыз, шариғатымыз балаға туылмай жатып мән беруге шақырады. Жақсы жар таңдаудан бастайды. Қыз баланың «мен кейін ана боламын» деп, ұл баланың мен кейін әке боламын деп

³ «Ибраһим» сүресі, 14/40.

өздерінің жанын, тәнін таза ұстауын қосатын болсак, онда бұл мәселе одан да терендей түседі. Бала дүниеге келгеннен соң атқарылар шараптар өз алдына бөлек әңгіме. Алла тағала баршамызға пәк үрпақ нәсіп етсін!



Ана құрсағындағы тәрбие

Адам баласының өмірі жатырға түскен сәтінен басталады. Болашак үрпағымыз ана құрсағында жатып дамиды, өседі, адам бейнесіне келеді. Сәбидің жатырдағы өмірі де Ислам ілім-білімінің назарынан тыс қалмаған. Құран көрімде де, хадистерде де адам баласының әмбриологиялық даму кезеңдері өте дәлдікпен суреттелген.

«Мұминун» сүресінің 12-14 аяттарында былай делінген: «Шындығында, біз адам баласын нағыз сүзілген балшықтан жараттық. Сосын оны бір тамшы күйде сенімді, мықты бір жерге (жатырға) орналастырық. Сосын ол тамшыны ұрықтық қою қанға, содан соң оны мудғаға (бір кесек етке), сосын ол кесек етті сүйектерге айналдырып, сүйектерді етпен қаптадық, Содан соң оны басқа бір жаратылыс еттік. Алла – ең керемет Жаратушы» – деп бајналады.

Мұсылман ата-ана нәрсетесінің жаратылуы жөнінде анық біліп, толық сенуі керек нәрсе осы. Демек, бала ана құрсағында жатқан кездің өзінде үлкен үрдерістер өтіп жатады. Бұл кезеңдегі ананың әрбір әрекеті баланың жетілуіне, қалыптасуына әсер етеді.

Ғалымдардың білдіруінше, жүктіліктің 28-аптасынан бастап іштегі баланың қабылдау қабілеті артып, тіпті аның жеген тәттіні сезіп, қуанады екен. Қазақ халқы да келіннің жүктілігі кезінде ауыр зат көтергізбеу, оның көңіліне тиетін сөз айтпау секілді мәселерді сан ғасырдан бері ұстанып келеді. Бұл,

әрине, іштегі баланың дұрыс жетілуін тілеуден туған ғұрыптарымыз.

Сондай-ақ аяғы ауыр кездे темекі шеккен әйелдер қылмысқа бейімдеу үрпақ әкеледі. Себебі, темекінің уы жатырдағы сәбидің миын зақымдайды екен.

Олай болса, тәні сау, жаны ізгі үрпақ сүйгіміз келсе, бала тәрбиесін анасының жүктілік кезінен бастап, мықтап қолға алуға тиіспіз. Мәселен, әйел адам жүкті кезінде Құранды көбірек тыңдаса, өзі де оны дауыстап оқыса, онда баланың жатырда жатып-ақ Құранмен танысуына жол ашылады. Ал құлшылығын молайтып, дұға жасаса, іштегі сәбиімен бірге жалбарынғандай болады. Әрбір әрекетіне мұқият болып, мұсылмандыққа сай өмір сүрсе, баланың да ертеңгі күні адал, әділ, иманды, талапты, жүрегі-айна, көңілі ояу азамат болып өсуіне септігін тигізеді. Жас нәрестенің мәңгілік қуаныш болатындай өсуіне күш жұмсайды.

Иә, Құранда баланың бұл дүниенің сәні екендігі жайында мынадай аят бар:

«الْمَالُ وَالْبَنُونَ زِينَةُ الْحَيَاةِ الدُّنْيَا وَالْبَاقِيَاتُ الصَّالِحَاتُ
خَيْرٌ عِنْدَ رَبِّكَ ثَوَابًا وَخَيْرٌ أَمْلًا»

«Байлық пен бала-шаға – дүние тіршілігінің сәні. Ал мәңгі қалатын жақсылықтар болса, Раббыңың қасында, табыс жағынан да, үміт тұрғысынан да әлдекайда жақсырақ» («Кәһф» сүресі, 46-аят)-делінген. Енде, Алла тағала көптеген жандарды осы бала-шаға арқылы қуаныш-шаттыққа жеткізеді. Оларды көздің шаттығы, көңілдің қуаты, жүректің азығы етеді. Алайда перзентке жай бір дүние тіршілігіне келетін де кететін, бар болатын да, жоқ болатын уақытша нығмет,

әйтеуір бір бұйырғаны болар деп немқұрайлы қарауға болмайды. Керісінше, ұл-қызымыз біз үшін мәңгі қуаныш болатындаі, артымыздан Құран бағыштап тұратындаі нағыз мұсылман етіп тәрбиелеуіміз керек.

Ал енді ертең балаларымыз Абай айтқандай сәнкөй, даңкөй, ойнашы, керім-кербез, маскүнем боп жатса, онда солай өсірген өзімізден өзге ешкімге де өкпелеудің жөні жоқ деп ойлаймын.

Иә, кейде ата-аналар балам қызық емес, күйік болды, туылғанда бір рет қуантып еді, енді артынан мың жылдатты деп жатады. Міне, дәл осылай өзегімізді өртейтін өкінішке қалмау үшін бала тәрбиесіне туылмай жатып көңіл бөлу шарт. Баланың анасына мұсылмандықты ұстануды, намазын ұзбеуді, Құран оқуды, тек адал ас ішіп-жеуді, т.б. тапсыруымыз керек.



Азан шақырып ат қою

Ислам дініндегі ерекше маңызды істердің бірі – жаңа туылған балаға азан шақырып ат қою. Баланың құлағына азан шақырудың мәні жайлы көп айтылып, жазылып жүр. Сондықтан бүгін балаға жақсы ат таңдау жайлы әңгіме қозгаймыз.

Нәресте дүниеге келгенде, ата-ананың оған жасайтын ең алғашқы сыйы, жақсылығы – жақсы ат қою. Бірақ кейде балаларына «Саммит», «Азиада» деген секілді ағымдағы оқиғалардың атын қоятындар немесе шетелдік сериалдардың кейіпкерлерін есім етіп берушілер кездеседі. Олар мұсылмандықтың кейбір ақиқаттарына тиісті мән бермегендер болса керек. Сүйікті пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Негізінде, сендер Қиямет күні өз аттарыңмен және әкелеріңнің атымен шақырыласындар. Сондықтан есімдерінді дұрыстап қойындар» деген. Олай болса, ата-ана ертең Қияметте баламыз қалай шақырылады дегенге көніл бөлгені жөн. Ол жақта шақырылудың өзіне көп нәрсе байланысты болады. Бұл дүниеде кездейсок бір аттарды қоя салып, соның қасіретін Қияметте шеккеннен Алла сақтасын. Ал қандай ат қойған дұрыс дегенде, Алла елшісі (с.ғ.с.): «Пайғамбарлардың аттарын қойындар, ал Аллаға ең сүйкімді есімдер Абдуллаһ және Абдрахман» деген. Осыны естігені сол екен саңлақ сахабалар осы есімдерді жарыса қоя бастады. Тіпті Ибн ас-Силахтың айтуынша, аз уақыттың ішінде 220-ға жуық сахаба балаларына «Абдулла» деген есім беріпті. әл-Иракидың дерегінде 300 ұл балаға осы есім берілді деп көрсетілген. Балаға есім

берудің тарихына қарасақ, сахабалар өздерінің арасында ізгі істерімен танылған бауырларының атын баларына тәбәрік етіп қойғанын көреміз. Бұл, әрине, «Перзентіміз сондай болар ма екен» деген арман-тілекten туған дүние еді. Мысалы, «Хамза», «Жағфар», «Мұсғаб» деген есімдердің қойылуын осылай түсіндіруге болады. Мұсылмандыққа дейін Алланың ханиф дінін ұстанған қауымдар өз перзенттеріне пайғамбарларының немесе өздерінен бұрын өткен ең ізгі тұлғаларының есімін бергенін білдіретін хадистер де бар.

Айша анамыздың айтуынша, ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кейбір мағынасы нашар есімдерді өзгертіп отырған. Өйткені жоғарыда айтылғандай, сәбиге қойылатын есімнің екі дүниеге тікелей қатысы бар. Мысалы, «Асия» яғни «қарсы келуші» деген есімді Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Жәмилә» яғни «көркем», «әдемі» деген мағынадағы есімге ауыстырған.

Бірқатар хадистер де балаға туылған күні ат қою қажеттілігі айтылған. Сонымен қатар бұл істі бала туылғаннан кейін жетінші күні атқаруға болатынын аңғартатын да бірнеше хадис бар.

Осы айтылғандарды жинақтай келгенде, перзентіне есім қоятын адам қандай мәселерге көніл бөлуге тиіс. Біріншіден, балаға діні бар, иманы бар, құлшылығы мол кіслердің, пайғамбарлар мен елшілердің есімін берген дұрыс. Осы арқылы перзентіміз келешекте Аллаға, дінге, мұсылмандыққа жақын болады деп ниет етіледі. «Алланың құлы», «Рахманның құлы» деген мағыналарды білдіретін «Абдулла», «Абдурахман» деген есімдерді Пайғамбарымыз тектен тек ұсынып отырған жок. Алла осы есімдерді жақсы көреді деп бекер айтқан жок.

Екіншіден, балаға қойылатын ат тілге жеңіл, құлаққа
жағымды, жүрекке жылы тигені дұрыс.

Үшіншіден, қойылған атта жақсы бір мағына болуы
керек.

Баршамызға Алла күзырында жақсы атпен
шақырылу нәсіп болсын!



Ақиқа құрбандығын шалу

Көптеген ата-аналарды жаңа туылған нәресте үшін ақиқа құрбандығын қалай шаламыз деген сұрақ мазалайды. Ақиқа құрбаны не үшін шалынады, оның балаға қандай пайдасы бар, әр мұсылман баласына ақиқа шалуға міндетті ме, ата-ана өздері шалған ақиқаның етін жеуіне бола ма, бұл құрбандықтың белгілі бір уақыт-мерзімі бар ма деген сауалдар да жиі сұралады. Сондықтан осы жөнінде аз-кем әңгіме өрбітпекпіз.

Ақиқа құрбандығы перзент берген Аллаға шүкіршіліктің бір белгісі. Айша анамыз былай деген: Алла елшісі (с.ғ.с.) бізге «Әрбір ер бала үшін екі, ал қыз бала үшін бір малды құрбандық етуді бұйырды». Кейбір деректерде «Ер бала үшін бір-біріне шамалас екі қой шалынсын. Шалынған малдың еркек немесе ұргашы болуы маңызды емес» деп те келген.

Ақиқаның етін ата-ананың өздері жей алады. Қонақтарға, дос-жаранға пісіріп берсе де, толықтай садақа етіп беріп жіберсе де болады. Жалпы, араб тілінде «ақиқа» деп дүниеге келген сәбидің шашын айтады. Пайғамбарымыздың сұннеті бойынша ақиқа шалынған күні жаңа туылған нәрестенің сол алғашқы шашы да алынады. Содан соң шамасы келгендер сол шаштың салмағындай, қазіргі өлшеммен айтқанда, бір-екі грамм күмісті садақа етеді. Бұл құрбандықтың «ақиқа» деп аталуы сондықтан. Ал шариғат тілінде «ақиқа» дегенде, Алла разылығын мақсат етіп, жаңа туылған сәби үшін арнайы құрбандық шалуды айтады.

Ханафи мәзһабында ақиқа құрбандығын шалу – мұбах, яғни сауабы мол іске жатады. Кей ғалымдар оның үкімі сұннет дейді. Бірақ ақиқа құрбаның шамасы келгендер де, келмегендер де шалуға тиіс деген міндеттеме жок.

Көптеген ғалымдардың пікірінше, ақиқа құрбандығын бала туылғаннан кейін жетінші күні шалған дұрыс. Жетінші күні шала алмағандар он төртінші немесе жиырма бірінші күні шалуға болады деген ғалымдар да кездеседі. Бірақ туылған күннен балиғат жасына толғанға дейін шала беруге болады дейтін үкімдер де бар. Ал имам Мәлик «Кімде кім жетінші күні ақиқа шала алмаса, қалаған күні шала берсін» деп, кез келген уақытты үл істі атқаруға болатынын білдірген. Ардақты пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Әрбір сәби ақиқасымен тұсауланған. Жетінші күні ол үшін құрбандық шалынып, шашы алынады және аты қойылады» деген. Үл хадистегі «тұсауланған» деген сөзді ғалымдар әрқалай жорамалдаған. Мысалы, имам Ахмад «Егер де бала ақиқасы шалынбаған күйде қайтыс болса, аргы дүниеде ол өз ата-анасына шапағатшы бола алмайды, яғни оның жақсылық жасайтын тұсауы кесілмеген» деген мазмұндағы пікірін алға тартады. Қазақ халқының «тұсау кесер» деген салты да әу баста осындай жақсылық жасаудағы тұсауын кесу дегеннен туындаған деп ойлаймыз.

Ендігі бір топ ғалымдар «акиқамен тұсауланған» дегенді «туылған сәби жамандықтан, кесір-кесапаттан, бәле-жаладан немесе Ібіліс шайтанның ақиқасымен қорғанады» деп түсіндірген.

Ақиқаны сойып жатқанда немесе етін жеп жатқанда, оның сүйектерін майдаламау, сындырмау жағы да

сұннетте айтылған. Мысалы, бір хадисінде Алла елшісі (с.ғ.с.): «Жендер, тамақтанындар, бірақ сүйектерін сындырманцар» деген. Ғалымдар бұл сұннеттің астарында туылған баланың аяқ-қолы бүтін болсын, дені сау болсын, он екі мүшесі түгел болсын деген тілек жатқанын білдірген. Құрбанға жарайтын мал ақиқаға да жарайды.

Жинақтай келгенде, ақиқа шалу арқылы сәбидің Аллаға жақын болуы үміт етіледі. Тұсауы кесіліп, қияметте ата-анасына шапағатшы болады. Шариғаттың адап жолымен қуанышын көвшілікпен бөліседі. Ақиқаның бұлардан басқа да біз білетін немесе білмейтін пайдалары мен хикметтері мол. Сондықтан елімізде бала саны көп болсын, ақиқа құрбаны шалына берсін. Алла баршамыздың ниет-ықыластарымызды қабыл етсін!



Ана сүті және емізу

Тұылған баланы толық екі жыл емізу аның негізгі міндеттерінің бірі. Шарананың ана құрсағындағы азығы тұылған соң, ана сүтімен жалғасын табады. Құрсақ өміріндегі бала өмірі қандай ғажап болса, ана сүтінің де кереметі сондай үлкен. Құранда: «**Аналар сәбілерін толық екі жыл еміздін**» деген бүйрық бар («Бақара» сүресі, 233-аят). Оған қоса, ардақты Пайғамбарымыз өзінің екі жасқа толмай шетінеген баласы туралы былай дегені бар: «Жұмакта оның сүт анысы бар. Екі жылға толмаған жерін сол емізіп толтырады». Толық екі жыл емізудің қаншалықты маңызды екенін осыдан-ақ байқай беріңіз. Ана сүті баланың етіне еніп, сүйегіне сінеді. Кезінде Жұсіп Баласағұн бабамыз: «Ана сүтімен біткен міnez сүйекпен кетеді» деп бекер айтпаса керек. Ана сүті баланың денсаулығына, тәрбиесіне, мінезд-құлқына, қысқасы, бүкіл өміріне әсер етеді. Сондықтан бала емізетін аның мінезі қаншалықты көркем болса, баланың да адамшылығы мен әдебі, ақыл-санасы соншалықты жоғары болады. Хадис кітаптарында сүйікті Пайғамбарымыздың: «Сүтпен бірге ұқсау әрекеті де жүреді» деген хадисі келтіріледі. Сондай-ақ Алла елшісі (с.ғ.с.) балаға ақыл-есі кем әйелді сүт ана етуге болмайтынын да ескерткен. Міне, осы саладағы аят-хадистердің бәрін жинақтай келе мұсылман ғұламалары мынадай қағида шығарған: «Ему кезеңінде берілген ана сүті адам табиғаты мен мінезд-құлқын өзгертеді». Егер де аның ішіп-жеп жүргені адал болмаса, оны емген бала да келешекте ата-анасын қуандыратындей

былып шықпайды. Ертеде имам Әбу Мухаммад әл-Жүйәни деген ғалым өткен. Сол имам бір күні үйіне келсе, баласын басқа бір әйел емізіп отырады. Дереу, баланы жұлып алып, басын төмен қаратып, аузына саусағын салып, ішіп қысып, әйтеуір баланың ішкен сүтін құстырады. Содан соң: «Бала қанша қиналса да, бөтен анаға еміздіріп, қалыптасып жатқан мінез-құлқын бүлдіруге болмайды» деп істеген ісіне жауап береді. Сол бала кейін имам Әбул Мәъали деген әйгілі ғалым болады. Ол ер жетіп, уағыз немесе пікір талас жасап тұрғанда, тілі күрмелетін болса, әкесі соны баяғы сүттің қалдығы болса керек» деп жориды екен.

Бір кіслер имам Мәліктен «Баланы христиан әйелдің емізгеніне қалай қарайсыз?» деп сұрапты. Сонда имам: «Жоқ, болмайды. Өйткені олар арак іshedі. Доңыздың етін жейді. Балаға да солар әсер етеді деп қорқамын» деп жауап қайырады.

Бұл айтылғандар ана сүтінің адам тәрбиесіне қатысты жағы. Ал оның дене бітімге, денсаулыққа әсері өз алдына бөлек әңгіме. Мысалы, ана сүтінің құрамы баланың қажеттілігіне қарай өзгеріп отыратынын бүгінгі ғылым дәлелдеген. Ана сүті таза болады, пәк болады. Мұздай да емес, ыстық та емес, ұнамды болады. Кез келген уақытта ана омырауында дайын тұрады. Еметін сәбидің асқазанына лайық келеді. Өсіп келе жатқан нәрестеге қандай витамин керек болса, бәрі де ана сүтінен табылады. Микроптарды өлтіретін иммунитет те осы ақ сүттен табылады. Тағы бір ерекшелігі, ана сүті баланы да, ананы да семіздік ауруына душар етпейді. Осының бәрін ескерген мұсылман ғұламасы ибн Сина емізу жайлы былай деген: «Балаға мүмкіндігі барынша өз анасының сүті берілуге тиіс. Өйткені ана

омырауындағы сүтте зиянды нәрсені кетіру тұрғысынан өте үлкен пайда бар». Бұл аталғандардың бірін де химиялық қоспалармен әзірленген жасанды сүттерден таба алмасымыз хақ. Ендеше, бұл айтылғандар түрім өзгереді, дene бітімім бұзылады деген сұлтаумен бала емізуден қашып жүргендердің құлағына алтын сырға деген ойдамыз.

Емізуши әйелдерге мемлекеттік демалыс берудің негізі де Ислам дінінде жатыр. Тұндердің бірінде халифа Омар бір үйдің сыртынан жылаған баланың дауысын естиді. Анасына барып: «Баланды еміз» деп бұйырады. Сонда әйел: «Мұміндердің билеушісі баланың емшектен шыққанына дейін жәрдемақы бөлмейді. Содан соң оны емшектен шығарып қойғанмын дейді». Сонда хазірет Омардың көзіне жас іркіліп: «Баланы өлтіруге сәл қалыптын ғой. Еміз, еміз. Ақша бөлінеді» деп шығып кетеді. Содан кейін әр бала үшін туылған күнінен емізілетін мерзіміне дейін мемлекеттік қазынадан қаражат бөлдіреді.

Ана да бала емізгенде ниетін Алла разылығына байлауы керек. Ибн Омар бала емізіп отырған әйеліне былай деген: «Сенің бала емізгенің жануарлардың төлдерін емізгеніндей болып жүрмесін. Алладан сауабын күтіп, мейіріммен, жылылықпен еміз. Сенің сүтіңмен баланың мінезі тіріледі. Сонда баламыз Аллаға жақсы құл болады». Осындайда баласын дәретсіз емізбеген Зере әжелер қандай дана болған деп тамсанамыз.

Алла тағала емізулі аналар мен балаларға мықты иман мен денсаулық берсін.

Баланың нәресте шағындағы тәрбие

Мұсылман дінінде бала тәрбиесі жақсы жартаңдаудан басталатыны, ақ неке қылған соң ізгі үрпак тілеп дұға етудің маңызы, сондай-ақ ананың жүктілік кезеңінде қандай нәрселерге мән беруі керектігі аз-кем сөз болды. Ал енді бала туылғаннан кейін не істеу керек? Баланы ислами дәстүр бойынша қалай тәрбиелеу керек? Сол жайында азырақ сөз қозғамақпыз.

Жалпы, Ислам дінінде баланың ата-ана алдындағы міндеті болатыны сияқты, баланың алдында ата-ананың да бірқатар атқаратын міндеттері болады. Алла тағала балаға жақсылық жасауды ата-ана мойнына аманат еткен. Ал дінімізде ешбір аманатқа қиянат жасауға болмайтындығы анық. Олай болса, нәресте дүниеге келісімен, оны мұсылман етіп тәрбиелеуге қатысты міндеттерімізді атқаруға кірісуіміз керек.

Ең бірінші міндетіміз – балаға азан шақырып жақсы ат қою. Ардақты пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде бұл жайлы: «*Сендер қиямет күні өз есімдеріңмен және әкелеріңнің есімдерімен шақырыласыңдар. Олай болса балага әдемі есім қойыңдар*», – делінген.

Ат қоюды бала туылған күні немесе жетінші күні атқаруға болады. Қиямет күні адамдар өз аттары және әкелерінің атымен шақырылатындықтан, есімді дінімізben байланыстырып қойған дұрыс. Мысалы, Алла тағаланың 99 есіміне абд (құлы) деген сөзді қосып, Абдулла, Абдурахман, Абдурахим, Абдусамат деген секілді етіп қоюға болады. Сондай-ақ үлдарына Ибраһим, Ілияс, Дәуіт, Сұлеймен, Үйдырыс,

Ыңқақ секілді пайғамбарлардың есімін қою да дәстүрге айналған.

Адам есімін таңдаудың астарында жақсы тілек жатады. Мәселен, Мұхаммед деген есім мазмұны білдіріп тұрғандай, бала мақтаулы болсын немесе Мұхаммед пайғамбардың шынайы ұмметі болсын деген сынды ізгі ниет, тілектер жатыр деп саналады. Халқымыз ат қойғанда «Атына заты сай болсын» деп жататыны осыдан болса керек.

Балаға ат қоярда баланың құлағына азан шақыру өз алдына үлкен бір тәрбие. Құранда былай делінген:

وَاللَّهُ أَخْرَجَكُم مِنْ بُطُونِ أُمَّهَاتِكُمْ لَا تَعْلَمُونَ شَيْئًا وَجَعَلَ
لَكُمُ السَّمْعَ وَالْأَبْصَارَ وَالْأَفْئِدَةَ لَعَلَّكُمْ تَشْكُرُونَ ﴿٧٨﴾

«Алла сендерді аналарыңың ішінен еш нәрсені білмейтін күйде шыгарды. Сонда сендерге құлақ, коз және жүрек берді, шүкірлік етерсіңдер».

Демек, біздің шүкір етуіміз үшін берілген мүшелердің бірі – құлақ. Сол құлақтардың бұл дүниеде алғашқы еститін сөзі Алла тағаланың есімі болуы тиіс. Қазақ халқы осы дәстүрді сан ғасырдан бері орындалап, жас нәрестенің құлағына азан айтып, ат қойып келеді.

Мұсылман ата-ананың дүниеге келген баланың шашын алатыны, ұлды сұндетке отырғызатыны, оларға арнап ақиқа құрбандығын шалуы да дінімізде орны ерекше міндеттер. Пайғамбарымыз бұл туралы: «Әрбір сәби ақиқасымен тұсауланған. Жетінші күні оның атынан ақиқа құрбаны шалынып, шашы алынады және аты қойылады» – деген.

Бұлардан өзге аса көп көніл бөлінуі тиіс мәселе баланы емізу мәселесі. Баланы емізудің өзі тәрбие екендігін

ұмытпауға тиіспіз. Құранда баланың сүт ему уақыты толық екі жыл деп көрсетілген. Бұл жерде ескерілетін нәрсе – сүт емізетін ананың әрбір әрекеті бала тәрбиесіне әсер етеді. Шешесінің өз сәбиін мейірлене құшағына басуының өзі тәрбие саналады. Өйткені бұл арқылы емізуі бала нәресте шағынан-ақ мейірім деген ұғымды түсінеді. Бұл оның кейін өзі де мейірімді, жұмсақ мінезді болып өсуіне септігін тигізеді. Олай болса, баланың иманды, зерек, еңбеккор, жәрдемсүйгіш, кісі ақысын жемейтін адап болып өсуіне ана сүтінің әсері мол. Әйгілі ойшыл Жұсіп Баласағұн «Сүтпен біткен мінез сүйекпен кетеді» деген аталы сөз қалдырған. Ал Зере әжеміздің ұлы Абайды, әкесі Құнанбайды дәретсіз емізбегені жайлы да көп айтылып жүр. Енде, Абайдың Абай болуына мұның да септігі тимеді деп айта алмаймыз. Пайғамбарымыздың бір хадисінде: «Жас кезде берілген тәрбие тасқа қашалған жазумен тең, жасы ұлғайған кісіні тәрбиелеу құмға сіңген сумен тең», – делінген. Міне, осы нәрсе ата-ана есінен шықпауы керек.



Бала мінезін тәрбиелеу

Кез келген ата-ана өз баласын жақсы болса екен дейді. Бірақ сол баланы жақсы етудің жолдарына мән беріле бермейтін жағдайлар бар. Сондықтан мұсылмандық тұрғыдан балаларды қалай тәрбиелеу қажеттілігі жайында да бір-екі ой бөліспекпіз.

Жалпы, екі-үш жасқа келген бала кез келген дағдыға тез үйренетіні туралы ғалымдардың айқын пікір бар. Олай болса, бала тәрбиесі Исламдағы негізгі мінез-құлықтарға үйретуді осы екі-үш жастан кеш қалдырмай бастаған жөн. Алдымен қандай мінез-құлықтарды қалай үйрету керектігі жайына тоқтамай тұрып, Исламдағы мінез-құлықтың орны жайлы айта кетейік. Исламда мінез-құлықтың орны зор. Ислам дініндегі бүкіл ұстанымдар мен өмірлік қағидалар осы мінез-құлықта жатыр. Өте маңызды мәселе мінездің еш уақытта өзгермейтіндігі, тұрақтылығы, яғни белгілі бір уақытқа, жағдайға байланысты мінез-құлық өзгеріп отырмайды. Мінез жағдай өзгерген сайын құбыльшып отыратын байлықтың бір түріне немесе қажет кезде киіп, қажет болмаса шешіп тастайтын киім түрлеріне ұқсамайды. Ғалымдар мінез-құлықты ғарышта үнемі өзгермей тұратын жұлдыздар сияқты тұрақты болады дейді. Бұл мәселені қозғап отырған себебіміз, кейде адамдар арасында «Пайғамбар заманындағы жақсы мінез-құлықтарды XXI ғасырда қайдан табамыз. Мысалы, ол кезде ұят деген сезім өте жоғары бағаланған болса, қазіргі кезде оның орны тым әлсіз, өте төмендеп кеткен. Ол кезде өтірік айту мүлдем болса, қазіргі таңда

екінің бірі өтірікті беті шімірікпей айта салады» деген сияқты пікірлерді есітіп қаламыз. Бұл, әрине, қате тұжырым деп есептейміз. Оның қателігін Құрандағы мына бір аят дәлелдеп береді: «**Жүзінді хак дінге бұр. Алла тағала адамдарды хак дінде жаратқан. Алланың жаратқанында өзгеріс болмайды. Міне, осы түп-тура дін**» (Рум сұресі, 30).

Жалпы, міnez екі түрлі болады: көркем міnez және нашар міnez. Перзенттерімізді көркем міnezге тәрбиелеуіміз қажет.

Балаға ең алдымен қай қасиетті үйреткен абзal? Бұл жағынан ең бірінші ұсынылатын қасиет – мейірімділік. Өйткені Алла тағала Құран кәрімнің беташары саналатын «Фатиха» сұресінде «Ар-рахманир-рахим», ең алдымен, Өзінің мейірімділігін айтады. Сондықтан адамның ең алғаш үйренуі тиіс қасиет – мейірімді болу деп тұжырым жасаймыз. Бұл мінезді дамыту үшін күн сайын балаға ата-аналық мейірім көрсетуіміз қажет. Баланы таңертең ояту кезінде де ата-ана баласына ерекше мейірімін төккені жән. Үлкен кісілер көп айтатын «қарағым», «шырағым», «айналайын», «күнім», «алтыным» деген секілді жылы сөздердің бәрі бір жағынан мейіріммен байланысты. Бетінен сұю, еркелету, мәпелеу – балаға бір күнге қажетті мейірім қуатын беруге жететіндей мөлшерде болуға тиіс. Сол қуатты бала өз бойында дамытып, өзі де бірте-бірте айналасына мейірімділік шуағын төгіп жүруді үйренеді.

Үйден мейірім қуатын алып шыққан бала мектепке барған соң ешкіммен ұрыс-төбелес жасамайды. Жасы үлкен балалар жасы кішілерге әлімжеттік жасамайды. Мұғалімдеріне сөз қайтарып, салғыласып отырмайды.

Ондей жерде білім де болады. Ондай балаларда оқуға деген ынта-жігер де көбірек болады.

Ұйқыға жатар кезде де балаға Алладан дұға тілеуді үйреткен жөн. Ардақты пайғамбарымыздың ең көп айттын сөздерінің бірі «ұмбетім, ұмбетім» болғанын білеміз. Сол сияқты әр мұсылман бала бүкіл елге, жерге, мұсылман ұмбетіне жақсылық тілеп жатуды әдетіне айналдырғаны дұрыс. Өз жағдайлары, отбасы, ата-анасы үшін де көп дұға тілегені абзal.

Осы мейірімділік секілді бала бойында жомарттық, кеңпейілділік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, ұқыптылық, тазалық сияқты құндылықтарды да үйретудің тетіктерін ата-ана ойластыруы керек. Мысалы, баланы ертіп жүріп, кембағал жандарға жәрдем берудің үлгісін көрсетуге болады.

Еліміздің әрбір отбасында осындай тәрбие үдерістері жүріп жатса, онда көп кешікпей экономика да, әлеуметтік сала да, өнер де, білім де қарқынды даму жолына түсері хақ.

Жинақтай келе айтарымыз, бұлардың бәрі бүкіл елдік деңгейде қолға алынуға тиіс дүниелер. Алла тағала үлдарымызды ынталы, қыздарымызды ибалы етсін.

Балаларды неге баулыған жөн?

Егер ата-ана баласын имансыз, ибасыз, дөрекі, әдептен ада етіп өсірген болса, өз жеке басының алдында, содан соң халқының, елінің жұртының алдында және бәрінен қыны Ұлы Алла тағаланың алдында жауап береді.

Адамзат баласының төресі пайғамбарымыздың Мұхаммед (с.ғ.с.) алтыннан қымбат хадистерінің бірінде былай делінеді:

حَقُّ الْوَلَدِ عَلَى وَالِدِهِ أَنْ يُعَلِّمَهُ الْكِتَابَةَ ، وَالسِّبَاحَةَ ،
وَالرِّمَاءَ ، وَأَنْ لَا يَرْزُقَهُ إِلَّا طَيِّباً

«Әкесі баласына жазуды, жүзуді, садақ атууды үйретуге және оны тек қана адап тағаммен асырауга міндепті».

Бұл хадисті бүгінгі дәуір тұрғысынан қарастыратын болсақ, мынадай тұжырымдарға келуімізге болады: жазуды үйрету дегенді Құранды үйрету, дінді үйрету, кітап оқуды үйрету деп ұғынған жөн. Бұл, мұсылман адам жан-жақты сауатты болуы керек дегенді білдіреді. Қазіргі кезде балалар Құранды оқып үйренуді былай қойғанда, руханиятты байытатын жай әдебиеттердің өзін оқымайтын күйге душар болды. Демек, ата-аналар бұл іске селқостық, немкеттілік танытуда деген сөз. Жүзуді үйрету мәселесін бүгінгі заманмен астарластыратын болсақ, баланың келешегі үшін қажетті спорт түрлеріне баулу деп ұғынуымыз керек. Құрес, атқа міну, футбол, жүгіру секілді спорт түрлері баланың тәні сау болып

өсуіне қажетті факторлар. Олай болса, балаларымызды көшелерде мақсатсыз, бағытсыз, әйтеуір уақыт өткізу үшін бос селтендеуін осы спорт түрлеріне баулумен ауыстырған жөн. Ал енді садақ ату пайғамбарымыздың кезінде дүшпеннан қорғанудың бір жолы болған. Бүгінгі заманға сай дүшпеннан қорғанудың кейбір түрлерін жігіт адамның білгені артық болмас деген сөз.

Бұлар ұл баланың денесін шынықтырады, батырлыққа, шыдамдылыққа, ептілікке жаттықтырады. Мұндай тәрбиемен өскен баланың бойында жастайынан ер жігітке тән мінез қалыптасады. Ал қыз баланы үй шаруасына, балаға қарауға үйрету мақсатымен осы текстес ойындарға тарту қажет.

Аталмыш хадисте баланы тек қана халал, таза, жақсы тағаммен асырау мәселесі ерекше аталған. Олай болса, баланың ішіп-жемін Алланың рұқсат берген адап азықтарымен қамтамасыз ету әкенің басты міндеттерінің бірі. Бұл біріншіден, Алланың алдында сұралатын міндет болса, екіншіден, адамның әрбір ішіп-жегені оның мінезіне, жүріп тұруына, жалпы өмір тіршілігіне тікелей әсер ететінін ата-ана анық білуі керек. Дүкеннен азық-тұлік сатып аларда ең алдымен оның ададығы мен тазалығына және оған адам ағзасына зиянды элементтердің қосылмағандығына баса назар аударуымыз қажет.

Иә, перзенттеріміздің жақсылығы да, жамандығы да бізге қайтатынын естен шығармауымыз керек. Атақты имам Зейнел Абидин бір күні әрбір ата-ана жөнінен сұралатынын айтқан. Өзі де балалары жайлы:

اللهم اعني على تربيتهم وتأديبهم وبرهم واجعل ذلك

خيرا لي ولهم

«**Уа, Алла тағалам, маған олардың тәрбиесі мен әдебі және оларға жақсылық жағынан маған жәрдем бер! Және мұны мен үшін де, олар үшін де қайырлы ете ғөр!**» деп дұға еткен. Олай болса, балаларымыздан: «Ата-анаң саған мынаны-мынаны үйретті ме?» – деп сұралады. Сол шакта жерге қарап қалмаудың қамын осы дүниеде жасауымыз керек. Сөздің соңын мына бір оқиғамен байланыстырайық:

Алла елшісі өмірінің соңғы күндерінде жамағатты жинап қоштасу құтбасын айтты. Сонда олардан: «Ертең сіздерден мен жайлы сұрайды. Не айтасыздар? Мен Алланың дінін сіздерге жеткізе алдым ба, тиісінше түсіндіре алдым ба?» деп сұрады. Тұс-тұстан «Әрине, біз барлығымыз да бірауыздан сенің өз міндетінді абыроймен атқарғаныңа күәлік етеміз» деген дауыстар естіліп жатты. Пайғамбарымыздың нұрлы жүзінен көңілінің орныққаны байқалғандай болды. Ол сұқсаусағын аспанға көтеріп «Аллаһ тағалам, күә бол! Аллаһ тағалам, күә бол! Аллаһ тағалам, күә бол!» деп үш рет қайталады.

Мінеки, Алла елшісі бүкіл жамағаттан өз міндеті жайлы сұрап отыр. Ал біз енді тым болмаса, өз перзенттерімізге қатысты міндеттерімізді орындал жүрміз бе? Үлкен уайымыздың бірі осы болуы тиіс.

Ардақты пайғамбарымыздың балаларға мейірімі

Ардақты пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) барша адамзатқа үлгі болған мейірімі мен мұминдерге деген еміренгіш сезімі балаларға деген сүйіспеншілігінен де анық байқалатын. Негізінде, балаларға жылы шырай танытып, қайырыммен қарау тек тәрбие ісіне ғана пайдалы болумен шектелмейді. Жүректерді жұмсарутұға да мейірімді болудың тигізер септігі мол.

Балалар – біздің болашағымыз. Сондықтан үйде де, көшеде де, мектеп пен мешіттерде де, қыскасы, балалар жүретін барлық жерде оларға барынша мол мейірім көрсетілуге тиіс.

Сүйікті пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз балалары мен немерелеріне қалай мейірім танытса, саңлақ сахабаларының үл-қыздарын да дәл солай еркелетіп, құшағына басқан. Оның қасында бір сәби жылай қалса, Пайғамбарымыз дереу оларды жұбатуға асығатын. Балалармен өзі ойнайтын, әрі үмбетіне де: «Баласы барлар баласымен бала болып ойнасын» деп өсиет қалдырған. Кей кейде балаларды түйесіне де мінгізіп алатын. Енді бірде жерден көтеріп алыш, бауырына басатын. Ата-анасынан айырылған көңілі қаяу балаларды көрсе, олардың көңілін аулап, бастарын сипап, мандайларынан иіскеп, куандыратын. Жас қой демей балаларға өзі сәлем беретін. Ауырып қалғандардың көңілін сұрап баратын. Балалар мен өзінің арасына бөгет болатын істерден аулақ тұратын.

Алланың соңғы елшісі (с.ғ.с.) жер бетінің ең ардақты тұлғасы бола тұра, өте қарапайым еді. Тіпті бірде балаларға көніл бөлгөні сонша – жүгіруден жарысып ойнап жүрген балалармен бірге өзі де жүгірген еді. Осылайша жас балалардың да нәзік жүректеріне жол табатын.

Бала кезде куә болған сахабалардың ең көп айттын тақырыптарының бірі – Пайғамбарымыздың балаларға деген мейірімі еді. Олардың бірі сүйікті Пайғамбарымыздың жылы жүзін, тәтті сөзін, балаға деген ілтипатын еске алса, енді бір тобы Алла елшісінің мейірімге толы өзге істерін баян етеді.

Мысалы, сахабалардың айтуынша, Алла елшісі (с.ғ.с.) балаларды «менің балам», «өзгенің баласы» деп бөліп жармайтын. Усамә ибн Зәйд (Алла одан разы болсын) Пайғамбарымыздың мейірімін былай деп есіне алады: «Алланың елшісі (с.ғ.с.) мені бір тізесіне, немересі Хасанды екінші тізесіне отырғызып, бауырына басатын, содан соң: «Уа, Раббым, бұл балаларды мейірімің ал, мен оларды өте қатты жақсы көремін» деп дүға жасайтын.

Ал Рабия ибн Харистың естелігі мынадай: «Бір күні әкем мені және Аббастың ұлы Фадылды Алла елшісіне жіберді. Біз оның құзырына кірген кезде ол бізді құшағына қатты қысқаны сонша – бұрын-сонды ондай ыстық құшакты көрмегенмін».

Пайғамбарымыз балаларды дініне қарап та аламайтын. Әнас ибн Мәлик былай дейді: «Иудейлердің бір баласы Алла елшісіне қызмет ететін. Бір күні сол бала ауырып қалды. Расулулла (с.ғ.с.) оның көнілін сұрап барды. Келді де: «Балам, сен мұсылман бол!» деді. Қасында тұрған баланың әкесі: «Әбілқасымға бағын,

балам» деді. Сол сэтте бала тілін көлимаға келтіріп, мұсылман болды. Пайғамбарымыз сол жерден шығып бара жатып: «Менің себепкерлігіммен баланы тозақ отынан құтқарған Аллаға мадақ, мақтаулар болсын» деді.

Иә, ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафың (с.ғ.с.) өз үмбетіне, әсіресе жас балаларға деген мейірім- шапағатын түгел жазып шығуға қаламның сиясы, кітаптың парағы жетпесі анық. Сондықтан сүйікті Пайғамбарымызға Алланың жаратқан жаратылыстарының санындай сәлем айтып, салауат жолдаймыз.



Балаларға көркем мінез негіздерін үйрету

Кімде-кім бала-шағасына жақсылық үйретсе, өзі де кейін балаларының құрмет-сыйына бөлөнері сөзсіз. Тіпті дүниеден озып, марқұм болып кеткен күнде де, артынан Құран оқып, дұға жасайтын да сол өзі тәрбиелеген ізгі ұрпағы болмақ. Ал баланы дұрыс тәрбиелемеу немесе мұлдем тәрбиесіз қалдырып қою ата-ананы бұл дүниеде де, арғы өмірде де көп қындықтарға душар етеді. Өз бетімен жүріп, көшеден үйренген түрлі әрекеттерімен бейшара ата-ананы бір емес, мың рет жылатады деген қауіп те жоқ емес.

Ал мұсылмандық тәрбие көрген бала әке-шешесін еш уақытта ренжітпейді. Оларға қашан да сыпайы сөйлеп, жылы шырай сыйлайды. Айтқандарын екі етпей, жылдам орындайды. Шарифат тәртібі бойынша, олар отырған бөлмеге рұқсат сұрап кіреді. Дастархан басында олардан бұрын асқа қол созбайды. Ардақты ата-анасына орынсыз кінә тағып, жөнсіз жазғырмайды. Өзін аялап, әлпештеп өсірген ата-анасын жылатып-сықтатып қарттар үйіне өткізбейді. Ең бастысы, Алла тағаладан олар үшін көп кешірім, рахым тілеп, дұға жасайтын болады.

Ал мұсылмандықты дұрыс үйренген балалар туған-туыс, ағайындарымен, көршілерімен, мұғалім, ұстаздарымен дұрыс қарым-қатынас жасауды өмірлік ереже етіп ұстанады. Дос-жарандарына да ізгілік нұрын төге жүреді. Тұла бойынан жақсылық сәулесі шашылған мұндай балаларды көрген көз куанады. Қасиетті

Құранда мынадай бір тамаша аят бар: «**Жаннаттық адамдардың қасында әрдайым пәк балалар болады, сен оларды көрген кезінде жерге шашылған інжумаржан деп ойлайсың**». Олай болса, баланы мұсылман етіп тәрбиелеуді бүгіннен қалдырмай бастау керек.

Осы тұста отбасында тек ізгілік үйренген бала жайлышына бір оқиғаны орайластыра кетелік:

Бір күні хазірет Омар (р.а.) ойнап жүрген балаларды көреді. Алайда бір баланың ойынға қатыспай, шетте тұрғанын байқайды. Қасына барып:

– Балақай, сен неге ойнамайсың? – деп сұрайды.

Бала болса:

– Да, мұсылмандардың әміршісі! Аллаh тағала «Адамдар мен жындарды тек қана мені танып, маған құлшылық етсін деп жараттым» дейді. Біз ойнау үшін жаратылған жоқпыз ғой?! – деп таңқаларлық жауап қайырады.

Хазірет Омар балаға: «Жасың әлі кіші емес пе?» – дегенде, ол:

– Да, мұсылмандардың әміршісі! Мен үйде анамның от жаққанда әуелі кішкентай шырпыларды тұтататынын байқадым, – деп жауап береді.

Хазірет Омардың көңілін толқытып, көзіне жас алдырған бұл бала – ғалым сахаба Абдуллаh ибн Зұбәйрдің (р.а.) ұлы болатын.

Ислам діні көркем мінезге ерекше мән беретін дін. Сондықтан бала-шағамызға иман, мейірім, тазалық, сабыр, зеректік, адалдық, әділдік, жомарттық, тәуекел, кішілік секілді ізгі мінез-құлықтардың негіздерін толық үйретуіміз керек. Сондай-ақ аманатқа қиянат жасамау, үәдені бұзбау, өтірік, өсек, жаладан аулақ болуды да жас бұлдіршіндердің бойына сініріп өсірген жөн. Асыл

дініміздің бұл құндылықтары әрбір мұсылмандың бойынан табылуы тиіс. Кез келген адамның жүрегінде бұл мінездердің дәні жасырулы жатыр. Тек солардың балаларымыздың жүрегінде гүлдеп, жайқалуын, дамын және бұл дүние мен ақыретте жеміс беретіндегі етіп өсуін қадағалауға тиіспіз. Сол себепті оның жан дүниесін жас шамасына қарай рухани нәрмен үнемі байытып отырған дұрыс.

Ислам – ғылым-білімге шақыратын дін. Әрбір мұсылман ерге де, мұсылман әйелге де ғылым іздену парыз. Сондай-ақ Исламда ілім атаулы шариғат үкімдері мен дін негіздерімен шектелмейді. Сондықтан балаға заманауи технологияларды, химия мен физиканың жетістіктерін, медицина мен заң ілімдерін Құран мен хадистермен астарластыра үйретудің мәні зор. Қазіргі кезде бала компьютерді қалай жетік білсе, өз дінін де, Құран қазыналарын да солай менгеруге тиіс. Отken дәуірлерде бүкіл ғаламның, жаһанның өркендеуіне Шығыс ғұламалары тендессіз үлес қосты десек, олар бүкіл ілімді Құраннан үйренгенін бала білуі тиіс. Құранда Алла тағала:

«Рabbim, bılımımdı arttyra tər!» деп дұға жасауды бұйырған.

Ислам жанұялық өмірге де ерекше мән береді. Сондықтан өсіп келе жатқан бала отбасының шағын бір мемлекет екендігін, оны бір кісі басқаруы керектігін және отбасы мүшелері сол басшыға толық бағынуға тиіс және әрбір отбасы мүшесінің жанұяды өзіндік орны, соған орай жауапкершілігі бар екендігін де сезінуі керек.

Олай болса, бала әрбір ісін сол отбасы басшысының, яғни әкесінің рұқсатымен жасауы тиіс. Бауға барса да,

тауға шықса да әкесі одан хабардар болсын. Қысқасы, әке өз ұл-қызының қай уақытта қайда жүретінін бес саусағындай жақсы білуі керек. Баланы өз бетінше қоя беріп, тәртіп-тәрбиесіне көніл бөлінбей қалса, ол бұзықшылыққа, күнәға қарай бет алды деп ойлай беріңіз. Өйткені ол нәпсісімен жеке қалғанда оның «мұғалімі» де, «ұстазы» да лағынет атқыр шайтан болары анық..

Тағы бір мәселе – бала әрбір ісін кенеске салып, үлкендердің, ақылы мен білімі мол жандардың ақылын ала білуді үйренгені дұрыс.

Ислам дінінде мән берілетін тағы бір мәселе – экономикалық тәрбие. Дініміз адам баласын үнемшіл болуға шақырады. Бір қарағанда, балаға экономиканың не қатысы бар деп ойлауға болады. Бірақ шындығында бұл өте маңызды мәселе. Балаға өз еңбегінің жемісін көруге үйретудің пайдасы мол. Үйдегі мал шаруашылығына араласып немесе егін егіп, бау-бақша өсіру арқылы да бала отбасы экономикасына үлес қоса алады. Сондай-ақ баланы ертіп жүріп, базар-ошар жасағанда, оған тек қажетті дүниені ғана әперіп дағылданырған жөн.



Баланы отансүйгіштікке тәрбиелеу

Біз бұғінгі тақырыбымызды бастамай тұрып бұрын күрметті ата-аналармен бір мәселенің басын ашып, келікен жөн секілді. Біз перзенттеріміздің дінімізге, ұлтымыздың, отанымыздың деген көзқарасын дұрыс қалыптастыра алдық па? Бұғінгі біз көріп отырған жағдай бізге ұнай ма? Бала-шағамыздан елім деп елжіреген елжанды азаматтар шығатын түрі бар ма? Алдағы күннен қандай үмітіміз бар? Жұртымыздың жарқын болашағы үшін қажыр-қайрат жұмсап жүрміз бе? Міне осы сұрақтар әрбір ата-ананы мазалауы тиіс деп ойлаймыз. Өйткені әрбір адамның тегі мен тұп тамырлары ұлттық ерекшеліктермен байланысып жатыр десек артық айтқандық емес.

Ендеше, осы ұлттық тамырлардың қасиетті кітабымыз Құран мен Алла елшісінің сұннет жолынан нәр алуына, иман, сенім ақиқаттарымен қуаттануына жағдай жасауымыз керек.

Бұғінгі таңда, өкінішке қарай, тек бір күндік қызығы мен жанының амандығына ғана көзіл бөлетін, ұлт, ел, отан деген қасиетті ұғымдарды ұмытқан кей жастарды көргенде қынжылатынымыз рас. Тым болмаса, тәуелсіз, азат отан болмаса, бұғінгідей жайбаракат күн кешу мүмкін болмай қалатынын да ойламайтын жас азаматтарға еріксіз қарнымыз ашады.

Алайда сол отаның азаттығын армандаған небір асыл ерлеріміз еңіреп жүріп өмірден озып кеткеніне тарих куә. Мысалы, бір ғана кешегі Міржақып Дулатовтың мына бір шумағына назар аударып көрелікші:

Жапанға мен бір біткен аласа ағаш,
Демеймін жемісі мол тамаша ағаш,
Соңғы жаңқам қалғанша мен сенікі
Пайдалан қажетіңе жараса алаш!

Иә, өзін соңғы жаңқасына дейін ел игілігіне атай
білген нағыз ерліктің үлгісі осы болса керек.

Ахмет Байтұрсыновтың «Қамауда малың, қанауда
жаның, Аш көзінді оянып» деп елдің рухын селт
еткізетін сергек сөз жазғаны да мәлім.

Енді үлт, Отан ұғымдарына асыл дініміздің көзқарасы
қандай? Бұл тұрғыда ең алдымен айтпағымыз, Алла
тағала адам баласын жаппай бір-ақ үл етіп жаратпаған.
Ұлттар, рулар етіп жаратқан. Бұл жайлы Құранда былай
делінген:

**«Әй адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір
әйелден (Адам, Хауадан) жараттық. Сондай-ақ
бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар, ру-
лар қылдық. Шынында Алланың қасында ең
ардақтыларың тақуаларын» («Хужурат» сүресі, 13
аят)**

Пайғамбарымыз көрген түсін сахабаларына
баяндағанда, олар қатты қуанады. Өйткені мұхажирлер
Меккеден Мәдинаға қоныс аударғалы да аттай алты
жыл өткен. Осы уақыт аралығында үлкенді-кішілі істер
тындырып, үлкен нәтижелерге қол жеткізгенмен отанға
деген сағыныш көніл тұқпірлерінен терең орын алған.
Тұыш-өскен ата мекеннің топырағына ат басын тірейтін
күнді іштей аңсайтын.

Аллаһ елшісіне тұыш-өскен мекенінен айырылу оңай
болмады. Артына қайта-қайта қарайлап, мұнды жанарын
Меккеге тігумен болды. Хәзрауа алқабына келгенде
түйесін тоқтатып, көз үшінда қалып бара жатқан туған

қаласына деген қимастық сезімін төмендегі сөздермен білдірді:

“Уаллаһи, сен Аллаһтың жаратқан мекендерінің ішінде ең құттысысың. Аллаһ сүйген орынсың.

Мен үшін де сенен қайырлы, сенен әсем жұрт жок.

Кетуге мәжбүр болмасам, басқа жерден қоныс іздең көшпес едім. Қош бол, туған жер – атамекенім!”

Хақ тағала осы сэтте сүйікті құлын жұбату мақсатымен төмендегі аяттарын түсірді:

“Әрине, ол Құранды түсіріп, таратуды саған парыз қылған Аллаһ сені қайтадан қауышар мекеніце (Меккеге) оралтады” (Қасас сүресі, 85-аят)



Балаға әдеп дәрістері

Ата-ананың баласы алдындағы негізгі міндеттерінің бірі – оларға жақсы әдеп үйрету. Жақсы әдеп үйрету ісі көп жағдайда баланың балаң түсініктерін дер кезінде дұрыстау, оның білместікпен жасаған қателіктерін түзету арқылы жүзеге асады. Мысалы, баламыздың төсегінде етпетінен жатқанын көрсек, оған: «Балам, еш уақытта етпетінен жатушы болма, он жақ қырыңмен жат. Дініміз солай талап етеді» деп, бірден қателігін түзетіп отырған дұрыс. Қате қылықтар перзенттеріміздің жас кезінде түзетіліп отырмаса, кейін әбден дағдыға айналып, бойына сіңіп кеткен соң оңалту қынын болады. Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.) шариғатымызға жат, ұнамсыз қылықты көрсе, бірден түзетіп, оның жасалу себептерін тауып, қажет кезде ол ұнамсыз қылыққа балама ретінде не істеуге болатынын үйретіп, тіпті әлгі адамның ондай қылыққа екінші бармауын тілеп, Алла тағалаға дұға да жасайтын болған. Қазір де кез келген ата-ана бала тәрбиесінде осыны ескергені жөн.

Бала жасаған қателікті «олай жасама, бұлай жасама, үйтпе, сүйтпе» деп жалаң тыйымдармен немесе қатаң қорқытумен түзете алмаймыз. Баламыздың дұрыс емес іс-әрекетін көрсек, оны сол жерде түзетіп, содан соң сол іске қатысты шариғат қағидаларын да түсіндіріп отырған дұрыс. Сонда кез келген қателік түп тамырымен жойылады. Ендеше, бала-шағамыз теледидардан әдепсіз фильмдер көріп отырғанын байқасақ, оны жай ғана тыйып тастау немесе теледидарды сөндіре

салу жеткіліксіз. Өйткені бала оны біздің көзімізше көрмегенмен, оңаша жерде одан бас тартпауы әбден мүмкін. Олай болса, ұл-қызымызыға көзімізді ұятсыз, бейәдеп дүниелерге салуға болмайтындығын, Алла тағаланың оған тыйым салғандығын түсіндірудің маңызы зор. Тек көз ғана емес дene мүшелеріміздің ешбірін харамға жолатпай, олардың әрқайсысы Жаратушы иемізді танып-білу үшін берілген аса құнды нығметтер екендігін ұқтыруымыз қажет. Міне, баламыз осыны шынайы ұққанда ғана пайдасынан зияны көп, адамда хайуандық сезімдерді оятатын опасыз, озбыр фильмдерді еш уақытта көрмейтін болады. Осы секілді ата-ана баласының өзге де кез келген қателігін шариғатымыздың көмегімен түп тамырымен жойып отырса, баласының әдепті болып өсіп жатқандығын өзі-ак байқайды. Жалпы, алдымызда мал-дүние де, бала-шаға да пайда бермейтін, тек таза жүрекпен келгендер ғана ұтатын бір күн күтіп тұрғандығын бала жақсы сезінуі тиіс. Олай болса, баламызға жүректі пәк, көнілді ояу, жан мен тәнді таза ұстауды шұғыл үйретуіміз керек.

Балаға жастайынан үйретілуі тиіс тағы бір қасиет – өзгенін сырын сақтау қасиеті. Пайғамбарымыз жас балаларды осы қасиетке де көп баулыған. Абдулла ибн Жағфардың мына бір естелігі соның дәлелі: «Алланың елшісі (с.ғ.с.) мені күні бойы (көлігіне) мінгестіріп алып жүрді. Сол кезде маған бір сыр айтты. Оны мен ешкімге айтқан емеспін». Иә, сыр сақтамай, бірдің сөзін екіншіге жеткізіп барудан бүгінгі қоғамда көптеген ұрыс-керіс, дау-жанжалдар туындауда.

Негізінде, баланың сырға берік болуы өзіне сенімділігі мен батылдығын арттыратыны даусыз.

Сондай-ақ сыр сақтау арқылы бала бойында ауыр рухани жүк көтеріп жүргуге дағдыланады. Содан келіп салмақтылық, салиқалылық мінезі де қалыптасады. Енді осы жайлы сайыпқыран сахабалардың өмірінен бір мысал келтіре кетелік: «Бірде Әнас атты сахаба Алла елшісінің сөздерін тыңдалап отырып, анасының шақыруына кешігіп қалады. Анасы: «Неге кешіктің, балам?» деп сұрағанда, «Анашым, бұл сыр», – деп жауап қайырды. Сонда анасы: «Балам, Алла елшісінің сырын еш уақытта ешкімге жаюшы болма», – деп сыр сақтаудың маңызын білдіріп, пысықтап қойды. Сөйтіп Әнас (р.а.) бұл сырды анасынан да, кейін өзінен осы хадисті алған Сәбиттен де жасырды. Сонда оған былай деді: «Бауырым Сәбит, Алланың атымен ант етемін, егер осы сырды тірі жанға айттар болсам, алдымен өзіңе айттар едім».

Әдеп атаулының өзге түрлерін де Алла елшісі балаларға сол істің басы-қасында арнайы көңіл бөліп үйретіп отырған. Умар ибн Әбу Сәлманың басынан өткен мына жағдай соның жарқын үлгісі: «Бала кезімде Алла елшісімен бір дастарханда отыр едім. Қолдарымды алдымыздағы асқа бейберекет жүгірте бергенімді байқаған Алланың елшісі (с.ғ.с.) маған: «Балақай, «бисмиллә» деп Алла атымен баста, он қолыңмен және табақтың өз алдындағы тұсынан же!» – деп ескертті.

Міне, Алла елшісі (с.ғ.с.) дініміздегі тамактануға қатысты бірнеше ережені көрсетіп берді. Хадисті жеткізген сахаба «Сол тамактануды еш уақытта ұмытқан емеспін» деп сөзін аяқтапты.

Иә, мұндай екі дүниелік маңызы бар өмірлік сабактар ешуақытта ұмытылмайтыны рас. Осы

секілді дәрістерді балалардың ұйықтауы мен оянуына, киінуі мен азықтануына, жалпы жүріс-тұрыстарына қатысты да үйретіп отыру ата-ананың қасиетті борышы десек қателеспейміз. Дәйім, ұлдарымыз салмақты, қыздарымыз ибалы болғай!



Қыншылыққа төзебілуге әдебі

Бүгінгі таңда жас өспірімдердің арасында өзіне өзі қол жұмсап, жанбай жатып сөнушілік, өспей жатып солушылық әрекеттер көптең кездесіп жатқаны кімді болса да толғандырмай қоймасы анық. Өкінішке қарай, осындай сүмдық өлімнің саны жөнінен Қазақстан әлемде үшінші орында тұр. Бұл істің ата-анаға да қатысты себептері барлығын ескеріп, бүгінгі сөзімізді осы жөнсіз өлімнің алдын алу төңірегінде өрбітпекпіз. Өйткені өзін-өзі өлтіру Ислам дінінде өте ауыр күнәлар қатарына жатады. Оның бұл дүниедегі адамдарға келтіретін ауыр қасіреті бір бөлек, арғы дүниедегі жан шыдатпас мәңгілік азабы одан да ауыр. Хадистердің бірінде: «Кім өз жанын қандай затпен қиса, тозакта сол затпен азапталады» делінген. Сондай-ақ: «Кімде-кім өзін-өзі бір темірмен өлтірсе, жаһаннамда қолына темір алып мәңгі-бақи өзін өзі түйреумен болады. Ал кімде кім у ішіп өлсе, Жаһаннам отында мәңгілік у ішумен болады. Ал кім өзін таудан тастап өлтірсе, жаһаннамда да мәңгі өзін лақтырып тұрады» – делінген хадис те бар. Сондықтан ата-аналардың кейбір сақтық шаралары мен оның алдын алушың кейбір жолдарын білуінде пайда бар деп санаймыз.

Кейбір ғалымдар өзіне қол жұмсау балаға шектен тыс қысым көрсетушіліктен, тыйымдарды көп жасаудан, олардың кей тілектерін орындаудан, олар қызыққан затты сатып әпере алмаудан, құрдастарының қысым көрсетуінен, өзін ешкімге керексіз жалғыз сезінуден т.б. себептерден пайда болады деп есептейді. Алайда

бұлардың барлығынан да басты себеп Аллаға, ақырет күніне және тағдырға иманның әлсіздігінен пайда болады деп есептейміз. Әсіресе, жақсылықта, жамандықта Алладан екендігіне сенімнің жоқтығы осындай күнәлі іске көбірек себеп болады. Енді мұсылман адамның ауыртпашылыққа, қайғы-қасіретке көзқарасы қандай болуы керек. Соған тоқталайық.

Жер бетінде қыншылыққа душар болмаған, қайғыға ұшырамаған жан жоқ. Басына түрлі бәле келіп, қиналмаған кісі де кездесспесі хак. Оның сыры адамның адам болып жаратылуында жатыр. Енде, жер бетінде ешкім де қындықтан қашып құтыла алмайды. Бірақ мұсылман адам ондай қындықтарды иманмен, әдеппен қарсы алып шыдамдылық, танытуы қажет. Сонда ғана ол бұл сынақтан сүрінбей өтіп, оны өз пайдасына шешеді.

Мұндай ауыр шақтарда сақталуы тиіс негізгі әдептердің бірі – проблеманың Алладан келгеніне толық сеніп көнігу және тағдырға қарсы шағым сөздер айтпау. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Сабыр – сокқының алғаш тиген шағында» делінген. Енде, жоғарыда айтылғандай, кейбір қыншылықтарға тап болғанда ең алдымен осы сабырды еске алу керек. Ал сабыр құр ұн демей қоя салу деген сөз емес, сонымен бірге Алланың осы қалауы жайлы ойланып, пікір ету де сабырға жатады. Алла елшісі (с.ғ.с.): «Ұн демегені – пайымдау, қарағаны – ғибрат, сөйлегені – даналық болған жан құтылды» деген хадисінде иманды жан айналасындағы әрбір нәрсеге, әр оқиғаға ғибрат көзімен қарайтынын өлшем етіп білдірген. Олай болса, мүмин адам сөйлеуден бұрын ойланып пікір жүгіртіп, сөздерін сүзгіден өткізуі, ал сөйлеген кезде тілінен даналық

бұлардың барлығынан да басты себеп Аллаға, ақырет күніне және тағдырға иманның әлсіздігінен пайда болады деп есептейміз. Әсіресе, жақсылық та, жамандық та Алладан екендігіне сенімнің жоқтығы осындай күнәлі іске көбірек себеп болады. Енді мұсылман адамның ауыртпашилыққа, қайғы-қасіретке көзқарасы қандай болуы керек. Соған тоқталайық.

Жер бетінде қыншылыққа душар болмаған, қайғыға ұшырамаған жан жоқ. Басына түрлі бәле келіп, қиналмаған кісі де кездеспесі хақ. Оның сыры адамның адам болып жаратылуында жатыр. Енде, жер бетінде ешкім де қындықтан қашып құтыла алмайды. Бірақ мұсылман адам ондай қындықтарды иманмен, әдеппен қарсы алып шыдамдылық, танытуы қажет. Сонда ғана ол бұл сынақтан сүрінбей өтіп, оны өз пайдасына шешеді.

Мұндай ауыр шақтарда сақталуы тиіс негізгі әдептердің бірі – проблеманың Алладан келгеніне толық сеніп көнігу және тағдырға қарсы шағым сөздер айтпау. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Сабыр – соққының алғаш тиген шағында» делінген. Енде, жоғарыда айтылғандай, кейбір қыншылықтарға тап болғанда ең алдымен осы сабырды еске алу керек. Ал сабыр құр үндемей қоя салу деген сөз емес, сонымен бірге Алланың осы қалауы жайлы ойланып, пікір ету де сабырға жатады. Алла елшісі (с.ғ.с.): «Үндемегені – пайымдау, қарағаны – ғибрат, сөйлегені – даналық болған жан құтылды» деген хадисінде иманды жан айналасындағы әрбір нәрсеге, әр оқиғаға ғибрат көзімен қарайтынын өлшем етіп білдірген. Олай болса, мүмин адам сөйлеуден бұрын ойланып пікір жүгіртіп, сөздерін сүзгіден өткізуі, ал сөйлеген кезде тілінен даналық

төгүге тырысуы көп бәледен құтылудың да бір жолы. Даналықтың сыры терең ойлануда, ал дұрыс ой адам үндемеген кезде пісіп жетіледі. Міне, осы тұстан қорытынды шығарар болсақ, адам бәле-жала, қайғы-қасіретке тап болғанда, бірден қолға алатын нәрсесі – аузынан сөз шығармауға тырысу, сол қыншылықтарға жазылған тағдыр хикметтерін ойлану және одан тиісінше қорытынды шығару болуы тиіс. Міне осы мінез қалыптасса, адам еш уақытта мойымайды, қандай қыншылық көрсе де, өзіне өзі қол жұмсамайды.

Иә, қарап отырсаңыз, әр адам әр сәт сайын қын жағдайлармен бетпе-бет келіп жатады. Бірақ олардың ешқайсысы текке кетпейді. Иманды жанның бұл дүниедегі тартқан азаптары мен көрген қайғы-мұндары арғы өмірде мәнгілік бақытқа айырбасталатыны хадистерде білдірілген. Енде, адам баласының бұл өмірде белгілі бір мөлшерде қасірет тартуы занды құбылыс. Оған иман тұрғысынан қарауымыз керек. Өйткені Алла тағала жай адамға ғана емес, барша пайғамбарларға да небір адам төзгісіз сынактар берді. Мәселен, Ибраһим пайғамбардың отқа тасталуы, Эйюб пайғамбардың үстібасын жара қаптап, құрттарға жем болуы, Юсуф (а.с.) пайғамбардың зынданға тасталып, абақтыға жабылуы, соңғы елші Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жолына тікен шашылып, мұбәрак басына түйенің жемтігі көмкерілуі т.б. қындықтар сөзге женіл болғанмен, көтергенге тым ауыр сынактар еді. Алайда бір де бір пайғамбар мұндай жағдайларда Алла тағалаға бұлардан құтқара гөр демеген. Керісінше, бар кінәні өздерінен іздел, Алладан кешірім тіледі. Мәселен, хазіреті Юнус кемеден теңізге тасталғанда, Алла тағалаға «Сенен өзге Тәнір жок, Сен Ұлықсың, ал мен болсам,

өзіне кесір жасаушылардан болдым» деп үш сөзбен ғана дұға етті. Өзге пайғамбарлардың да әлгіндей жағдайлардағы дұғалары осымен мазмұндас. Міне, бұл пайғамбарлардың қыншылыққа деген төзімділіктері болатын. Ендеши, біздің басымызға да бір қасірет төне қалса, бірден тағдырға налып, Аллаға тіл тигізбей, кінәні өзімізден іздең, олардың астарына үңіліп, мұсылманға тән әдептілік танытқанымыз жөн. Әрбір көрген қайғы-қасіретті өз қателігімізben байланыстырып қарау тағдырға наудан сақтайтын бірден бір жол. Сондықтан өзімізді де, перзенттерімізді де осылайша төзімділікке баулу бүтінгі күннің басты қажеттіліктерінен деп санаймыз. Сонда жеке адамның да, қоғамның да өмірі мәнді, келешегі жарқын болары сөзсіз.



Қоғамға құдайлышқ тәрбие қажет

Адам өмірінде тәрбиенің алар орны үлкен. Әсіресе, бүгінгідей қызығы мен шыжығы, бұзықтығы мен бұлігі мол кезенде тәрбие – қоғамның ең үлкен қажеттілігі, бүкіл ел болып көніл бөлетін ең ірі сала десек артық айтқандық емес. Алайда бала тәрбиесін көп адам бұйрықтар мен тыйымдардың жиынтығы ғана деп санайды. Баласының тәрбиесінде «Балам, ол болмайды, бұл болмайды», «оны үйтпе, мұны сүйтпе» немесе «мына істі жасасаңшы», «ана жұмысты атқарсаңшы» дегеннен әрі аса алмай жүрген қаншама ата-ана бар. Ақыр сонында осылай берген тәрбиесі жеміс бермей, бармақ шайнап өкініп жүрген үлкендер де аз кездеспейді. Егер тәрбие жақсы болса, айналамыздағы бұзакылықтар қайdan шығып жүр? Не себепті бір үйдің бала-шағасы бір-бірімен тонның ішкі бауындай тату емес? Темекі тартып, сыра ішуді жетістік санайтын жас жеткіншіктер қайdan шығуда? Күн демей, түн демей құмар мен ойынханаларды торуылдал жүрген үлдар мен қыздар кімнің бала-шағасы? Бесіктен белі шықпай жатып, дөрекі сөздерге бой алдырған бұлдіршін балалар қандай үйден шығып жатыр? Неге туған баласы ата-анасына сөз қайырады? Сөз қайыру былай тұрсын, әке-шешесіне қол жұмсалты, жағасынан алыпты деген шағымдар бүгінде аз ұшырасып жүрген жок. Мұның бәрі нені көрсетеді? Құрғақ бұйрықтар мен тыйымдармен іс бітпейтінін көрсетеді. Болар іс болды, бояуы сінді. Енді не істеу керек?



Осындай қоғамдық әрі рухани тығырықтан шығудың жалғыз ғана жолы бар. Ол ата дініміз Исламның тәрбие өлшемдері мен қағидаларына жеткілікті мән беру. Яғни, мұсылмандық тәрбиені әр отбасында жүзеге асыру. Кеңес үкіметінен қалған дәстүрлі педагогика қаншама жылдар бойы мектепте де, университетте де оқытылғанмен, бүгінгі түйткілдерге төтеп беруге қауқарсыз. Өйткені түбі солқылдақ. Ал мұсылмандықтың шарттарын дұрыс орындалап жүрген отбасыларда ана өмірлік тәлімгерге, ал әке мұғалімге айналатынын көреміз. Неге? Өйткені Ислам дінінің негізгі арқауы адам тәрбиесі. Бұкіл пайғамбарлар адам тәрбиесімен айналысқан.

Осы тұста «тәрбия» деген арабша сөздің мәнін аша кетейік. Сөздікке қарасак, «тәрбие» жетілдіру, жақсарту, бір нәрсені бірте-бірте, сатылап, сатылаш кемелдендіру деген мәндерді беретінін байқаймыз. Бұл сөздің түбірі араб тіліндегі «Рабб» сөзімен тектес болуы тегін емес. Байқасаңыз, мұсылмандар дұға жасағанда, Алла тағалаға «уа, Раббым» деп тіл қатады. Ендеше, бұкіл тәрбие саласы имандылықтан басталып, нәр алуы тиіс. «Раббани», яғни иләһи, құдайлық тәрбиеге мән бермей, жас өспірімді жетілдірем деу бос әурешілік. Ондай тәрбие баланы өсірмейді. Иә, дініміз Исламның бұкіл дүниені түгел қамтитын тәрбие жүйесі бар. Бұл жүйенің тұпкі хикметтері, көркем мінез бен әдепке жетелейтін әдістері, әдіснамасы, жан-жақтылығы, кеңдігі, байлығы, қысқасы, қай жағы болмасын өзінен өзге барлық тәрбие жолдарынан әлдеқайда асқақ екені даусыз. Өйткені адамның бұкіл сырларын Жаратушы иеден артық білетін ешкім жоқ. Иә, Алла тағала бізге бізден жақын. Сондықтан Құранда Алла тағала былай дейді: «Шын мәнінде, адам баласын Біз жараттық.

**Оның нәпсіңе деп сыбырлап, азғыратынын да
Біз өте жақсы білеміз. Біз оған күре тамырынан да
жакынбыз» («Қаф» сүресі, 16-аят).**

Олай болса, бала тәрбиесі Алланың тәрбиесінсіз іске аса алмайды. Алла тағала баршамызға тәрбиелі үрпак нәсіп етсін.



Бала-шаға, немерелер – Алланың нығметі

Алла тағала қасиетті Құранның бір аятында былай дейді: «Дүние-мұлік пен **бала-шаға** – дүние тіршілігінің сәні» («Кәһф» сүресі, 46-аят). Тағы бір аятта былай делінген: «**Алла сендерге өздеріңнен, яғни адам санатынан жұбайлар жаратты.** Ал жұбайларынан сендерге балалар мен немерелер берді. Сендерді таза, ұнамды ризықтармен асырады. Осылай бола тұра, олар Алланың осыншама мол нығметтерін жоққа шығара ма?» («Нахыл» сүресі, 72-аят). Байқасаңыз, соңғы аятта балалар мен немерелер «нығметке» баланған.

Ал ардакты Пайғамбарымыз ізгі ұрпақтың күні ертең ата-анасы қайтыс болған соң, артынан дұға тілеп тұруына мүмкіндік бар екенін сүйіншілеп жеткізген. Ата-анасы өмірден озғанда, артында Құран оқып, дұға жасайтын, олардың дүниеде жасаған күнәлары үшін Алладан кешірім тілейтін ізгі ұрпағы қалғаны қандай жақсы. Міне, бұл нығмет емей не? Сүйікті Мұхаммед пайғамбарымыздың мынадай бір хадисі бар: «Жұмақ жүргізінде бір кісінің дәрежесі көтерілген үстіне көтеріліп жатады. Сонда ол: «Бұл қайдан болып жатыр?» деп (таң қала) сұрайды. Сонда оған: «Балаңның сен үшін кешірім тілеуінен» деп жауап беріледі». Көрдіңіз бе, баланың кешірім тілеуі қандай маңызды. Мұндай жақсылықты бала-шағамыздан өзге ешкімнен күте алмаймыз. Біз мәңгілікке қайтқанда, жақынымыз

да, туысымыз да келер. Қабірімізге бір уыс топырак салып, артымыздан оқылған Құранға бет сипар. Бірақ ағайынның ісі сонымен тамам. Тірі адам тіршілігін жасап кете барады. Айында немесе жылдында бір еске алса алар, болмаса ол да жоқ. Ал ізгі перзент ондай емес. Әр намазынан кейін: «Уа, Алла тағалам, ата-анамды кешіре гөр!» деп дұға тілейді. Бұл мәселенің шын дүниеге қатысты жағы. Дүние тіршілігінде де ата-анасын қадірлеп, қастерлеп, төрінен түсірмей, жылы-жұмсағын аямай асырап отырған қаншама ізгі перзенттер бар. Бірақ кез келген бала осыны жасай ала ма? Біздіңше, жоқ. Баланың жақсы болуы оның мұсылманша тәрбие алына байланысты. Баламызға имандылық дәрістерін қаншалықты көп үйретсек, олардан да екі дүниеде соншалықты мол жақсылық көреміз. Сондықтан пайғамбарлардың өзі Алладан ізгі ұрпақ сұрап дұға еткен. Ыбырай атамыз: «Баладан қайыр болмаса, баланы неге сұрайды» деп қандай тамаша айтқан. Ендеше, ата-анаға керегі баланың қайырлысы.

Иә, Алланың адам баласына нәсіп еткен нығметтерін санасақ тауса алмаймыз. Бірақ бұл дүниеде баланың орны, әрине ерекше. Перзенттің қадірін бір перзенттің жоғынан зар илеп қиналып жүргендер біледі. Бірақ осыған қарамастан, баланың қадірін білмей жүрген безбүйрек ата-аналар да, өкінішке қарай, жоқ дей алмаймыз. Туа сала қоқысқа тастап кете баратын санасыз, сезімсіз, арсыз, азғындар өз алдына, мүгедек перзенттерін бейшара ананың қолына тастап, өздері өзге әйелдің жетегінде кеткен имансыз әкелер де қоғамда ұшырасып жүр. Өздерін адам санап жүрген мұндай тас жүректер ертеңнен қандай үміт күтеді? Ол

жағы беймәлім. Олар қайтыс болмай ма? Ақиretке бармай ма? Алла алдында жауапқа тартылмай ма? Өмірде қиналған, жылаған тірі жетімдердің көз жасы оларды үрмай ма? Міне, осы жақтарын да олар бір мезгіл ойласа екен.



Бала тәрбиесі – міндетіміз

Бала-шаға – ата-ананың мойнына жүктелген үлкен аманат. Қиямет күні олар жайлы міндетті түрде жауапқа тартылады. Балалардың ата-анасынан алуға тиіс бірнеше ақылар бар. Сол ақылардың ең үлкені, әрі ең маңыздысы – дұрыс, имани тәрбие. Перзентті ішкізіп-жегізу, киіндіру, бағып-қағу, ауырса дәрі-дәрмегін әперу де міндет. Бірақ бұлар тәрбиенің өзегі емес. Ислами тәрбие бұлармен ғана шектелмейді. Бұл аталғандарды иманды болсын, иманды болмасын, жақсысы болсын, жаманы болсын, кез келген қауым атқарады. Тіпті хайуан екеш хайуанның өзі өз төлін асырап, оларға қамқорлық жасайды. Мысалы, қарлығаштың балапанының аузына тамақты қалай әкеп салатыны баршамызға мәлім. Қыран қалай балапанын ұшуға баптайды. Бұл да тәрбие. Алайда ислами, адами тәрбиенің жөні, әрине, бөлек. Өйткені адамның жаратылу мақсаты басқа. Оның жоқтан бар болуындағы мақсат – Жаратқан иесін танып біліп, оның алдында бас иіп, құлшылық ету. Оның алдында жанды жадырататын жұмақ немесе күйзелтуші азап орны күтіп тұр. Олай болса, ата-ананың ең үлкен уайымы бауыр еті баласын мәңгілік жұмаққа қарай жетелеу. Ол үшін ең алдымен оған Аллаға иман етіп, ардақты Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жолымен жүріп, ел-жұртына, халқына, пайда келтіріп, аяулы ата-анасын құрмет етіп, мұсылманша өмір сұру үлгісін үйрету керек. Құранда мынадай аят бар: «**Уа, иман келтіргендер! Өздерінді және үй іші, отбасыларыңды отыны адамдар мен тастан болған тозақ отынан сақтаңдар**» («Тахрим»)

сүресі, 6-аят). Тұсінген адамға бұл өте үлкен ескерту. Ертең Қияметке барғанда, «Бәрі де кеш болышты» деп сан соғып өкінбеуіміз үшін Раббымыз ол жайлы алдын ала ескертіп отыр. Ол дүниеде ешкім де бұны естімедік, көрмедік дей алмайды. Өйткені Құранда бұл мәселе анық айтылған. Ал енді бала-шағаны азаптан құтқарып қалудың бір ғана жолы – оған ислами тәрбие беру. Мысалы, бұл дүниеде өз баласының қиналып, азапталып жатқанын ешкім де көргісі келмейді. Ал арғы дүниеде ше? Әрине, жоқ. Олай болса, ата-аналар Жаратушы иеміздің ұлы ескертуіне құлак асулады керек. Әзірge көрінбейтін ғайып нәрселер мұлдем жоқ деген сөз емес. Олардың бәрі қабірге дейін-ақ көрінбейді. Одан әрі қарай бәрі де басталады. Перштлердің де, сұрақ-жауаптың да, рахаттың да, азаптың да бар екеніне сол кезде көзіміз жетеді. Олай болса, баласына жаны ашитын әке-шеше осы жағын ескермese болмайды.

Осы тұста халық арасында көп кездесетін мына бір жағдайды ескерте кетейік. Егер бір ата-анаға келіп «Неге балаларыңызға дұрыс ислами тәрбие бермейсіз?» деп сұрасаңыз, «Құдай санасына берсін! Алла бермесе, мен ештеңе жасай алмаймын» дейді. Кейбіреулер «Пәлен адамның әкесі арақ ішкіш еді. Баласы қандай азамат болып шықты. Оны кім тәрбиеледі сонда» дегенді алға тартады. Тағы біреулер: «Пәлен кісі баласын қанша тәрбиелесе де, дұрыс болып өспеді» дейді. Тіпті дінді білетін кісілердің өзі: «Қарасаншы, хазірет Мұхамед те өз ағасын тұра жолға сала алмады гой» деуі мүмкін. Бір қарағанда, дұрыс-ақ. Алайда терендеу үңілсеніз, мұның бәрі бала алдындағы ауыр міндеттен қашудың сылтаулары ғана. Әйтсе де, Алланың құзырында мұндай себептер сылтау бола алмайды. Дұрыс, әркімді де тұра

жолға салу тек Алланың қолында. Алайда Алла кейде қалаған құлын адастыратынын да естен шығармау керек. Құранда мынадай аят бар: «**Кімді Алла тұра жолға салса, оны ешкім жолдан тайдыра алмайды. Ал кімді адастырса, оған тұра жол көрсететін дос жоқ**» («Кәһф» сүресі, 17-аят).

Олай болса, әркім Алланың тұра жолында болуға барынша әрекет етуге тиіс. Балаларын да дұрыстап тәрбиелеуі керек. Алла тағала бала тәрбиесіне қатысты міндеттерімізді толық атқарып өтуді жазсын.



Бала тәрбиесінің кезеңдері

Бала тәрбиесі бір-екі жылда бітетін оңай шаруа емес. Екі дүниеде бақытты болатын, әрі ел-жұрты мен ата-анасына пайдалы азаматты жетілдіру ұзак жылдық еңбекті талап етеді. Сондықтан тәрбие жұмысын кезеңдерге бөліп қараудың мәні зор. Педагогикағылымымен арнайы айналысып жүрген мамандар немесе осы саланың ізденушілері мен зерттеушілері болмаса, көп ата-ана бүгінде тәрбие кезеңдеріне жеткілікті мән беріп жүрген жоқ секілді. Тәрбие саласының мамандары бұл жұмысты әр қылыш кезеңдестіреді. Мысалы, Абдуллаһ ибн Сайд әл-Фалих «Балалар тәрбиесі» деген еңбегінде тәрбие ісін үш кезеңге бөледі:

Баланың ата-анасы үйленбей тұрған кезден 7 жасқа дейінгі кезең;

7 жастан 14 жасқа дейінгі кезең;

14 жастан 21 жасқа дейінгі кезең.

Бұл кезеңдердің әрқайсысында көңіл бөлінетін мәселелер бар. Мысалы, алғашқы кезеңде балаларға ізгі ана таңдау, өмірлік жарына қосылар кезде Алланың есімін еске алу, баланың өмір сүретін ортасына, көршілеріне мән беру, жүкті әйелдің, яғни болашақ аданың сөздеріне, істеріне, күнделікті әдет-дағдыларына көңіл бөлуы, туылған баланың таңдайына құрма шайнап салу, құлағына азан шақырып ат қою, балаға мағынасы бар, жақсы ат қою, оған арнап ақиқа құрбандығын шалу, баланың иманды, білімді, ақылды болып өсуін тілеп дұға ету, т.б көптеген міндеттер атқарылуға тиіс.

Екінші кезең баланың жеті жасқа толған шағынан басталады. Бұл – жас баланың ақылы кіріп, айналасында болып жатқан істерге мән берे бастайтын, көрген, білген, естіген нәрсесін қағып алып, есіне сақтайтын ең бір алғыр уақыты. Ұл-қыздарымызға әдеп негіздерін, көркем міnez бастауларын үйретуді осы кезеңнен кешіктірмеген жөн.

Осы кезде балаға бірте-бірте Жаратушы иеміз туралы, сүйікті Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жайлы түсіндіре бастаудың, қалыптасып жатқан жас шыбықтай баланы намаз, ораза секілді құлшылықтарға бейімдеудің, оған мұсылмандың кәлимасын, Құранның қысқа сүрелерін жаттатудың да берері мол. Осы шакта балаға жақсы мектеп, жақсы ұстаз тандаудың да бала тәрбиесіне әсері үлкен. Сондай-ақ перзентіміздің кімдермен дос болып жүргенін, қандай ойын ойнап жүргенін, теледидардан немесе компьютерден не үйреніп жүргенін бақылау да осы кезеңнің еншісіне жатады. Бала-шағамызды өтірік, өсек, мақтаншактықтан, ысырапшылдықтан, өзге де жексүрын мінездерден сақтау да осы уақытта ескеріледі.

Үшінші кезең баланың он төрт жасқа толуымен басталады. Бұл, әрине, перзентіміздің балиғат жасына толатын кезеңі. Осы кезде оларды міnez-құлқы қалыптасып, түрлі психологиялық-физиологиялық өзгерістерге үшыrap, ұл бала өзінің ерек екенін, ал қыз бала өзінің әйел заты екенін саналы түрде сезіне бастайды. Балалар ешкімге, тіпті өз ата-анасына тәуелді болғысы келмей, өзінше жеke шешімдер қабылдауға тырысады. Бұл кезде баламен достай сырласудың, оның ой-пікірлерімен санасудың, оның көзқарасын құрметтеудің пайдасы мол. Бұл кезенде, әсіресе, қыз

баланың тәрбиесі үлкен жауапкершілікті, көп еңбекті талап етеді. Бұқар бабамыз: «Қыз он беске келгенде, шашынан көп жаласы» деп толғаған. Шал ақын болса, бір өлеңінде: «Қыз он беске келгенде мау тартады, Ата менен енеге жау тартады. Екі көзі, ел көшсе, төніректе, Шарасыздың күніне жүк артады» деп біраз шындықтың басын ашады. Бұл кезеңде бала-шағаны бәледен, жаладан, кесірден, кесапаттан сақтаудың бірден бір жолы – оларды құлшылыққа баулу. Өйткені ардакты пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Сен нәпсінді құлшылыққа салмасаң, нәпсің сені күнәменен әуре етеді» деген.



Балаға жақсы ана тандау

Бұгінгі уағызда осы міндеттердің біріншісіне, яғни балаға жөні дұрыс, ары таза, ибалы, иманды ана тандау мәселесіне тоқталамыз.

Бұгінде отау құрып, шаңырақ көтерем дейтін жастар көбінесе, алатын жарының сыртқы келбетіне, шыққан жеріне, тегіне, байлығына, пысықтығына қарайды. Бұл, әрине, дұрыс. Алайда Ислам тәлімі бойынша, бұл аталғандар өмірлік серік тандаудың шарттарын түгел қамти алмайды. Ардақты пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде дініне берік, құдайшыл жар тандауды өсиет еткен. Бұл – мәселенің бір жағы. Екінші жағынан алғанда, ер кісілер жұбай тандағанда, оның күні ертең бала-шағасына қандай ана болатынын ескеруі керек. Өйткені перзенттеріміздің бұл дүниедегі ең алғашқы ұстазы да, тәлімгері де олардың анысы.

Бұл тұрғыдан келгенде, егін еgetін кісі үшін дән көметін құнарлы топырақ табу қаншалықты маңызды болса, мұсылман өмірінде жақсы жар тандаудың мәні сондай. Құранда мынадай аят бар: «**Топырағы құнарлы, жақсы бір жұрттың өсімдігі Раббысының өмірімен көгеріп, жақсы өседі. Ал нашар, жерде тым аз және пайдасыз өсімдіктер шығады. Шүкір еткен қауымдар үшін аяттарымызды, міне осылай әр қырынан сала-сала етіп баян етеміз»** («Аграф» сүресі, 58-аят).

Бұл аятты кейбір ғалымдар жар тандауға да қатысы бар деп түсіндіреді. Ендеше, өмірлік серік тандағанда, олардың сұлулығы мен тартымдылығын немесе

Балаға жақсы ана тандау

Бұгінгі уағызда осы міндеттердің біріншісіне, яғни балаға жөні дұрыс, ары таза, ибалы, иманды ана тандау мәселесіне тоқталамыз.

Бұгінде отау құрып, шаңырақ көтерем дейтін жастар көбінесе, алатын жарының сыртқы келбетіне, шыққан жеріне, тегіне, байлығына, пысықтығына қарайды. Бұл, әрине, дұрыс. Алайда Ислам тәлімі бойынша, бұл аталғандар өмірлік серік тандаудың шарттарын түгел қамти алмайды. Ардақты пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде дініне берік, құдайшыл жар тандауды өсиет еткен. Бұл – мәселенің бір жағы. Екінші жағынан алғанда, ер кісілер жұбай тандағанда, оның күні ертең бала-шағасына қандай ана болатынын ескеруі керек. Өйткені перзенттеріміздің бұл дүниедегі ең алғашқы ұстазы да, тәлімгері де олардың анысы.

Бұл тұрғыдан келгенде, егін еgetін кісі үшін дән көметін құнарлы топырақ табу қаншалықты маңызды болса, мұсылман өмірінде жақсы жар тандаудың мәні сондай. Құранда мынадай аят бар: «**Топырағы құнарлы, жақсы бір жұрттың өсімдігі Раббысының өмірімен көгеріп, жақсы өседі. Ал нашар, жерде тым аз және пайдасыз өсімдіктер шығады. Шүкір еткен қауымдар үшін аяттарымызды, міне осылай әр қырынан сала-сала етіп баян етеміз»** («Аграф» сүресі, 58-аят).

Бұл аятты кейбір ғалымдар жар тандауға да қатысы бар деп түсіндіреді. Ендеше, өмірлік серік тандағанда, олардың сұлулығы мен тартымдылығын немесе

шаруаға пысықтығын ғана ескеру жеткіліксіз. Кез келген сұлулық мәңгі емес. Түсі оңбайтын, өні қашпайтын мата жоқ. Сондықтан дүниеге Алла тағалаға құлшылық ететін, игілікті істер атқаратын, ата-анасын қадірлейтін, Қияметте ардақты Пайғамбарымызды қуандыратын, еліне пайдалы ізгі үрпак әкелу бәрінен бұрын жартаңдауға байланысты.

Қазакта «Анаға қарап қыз өсер, әкеге қарап ұл өсер» деген тәлімді сөз бар. Ана Алланың шариғатына мән бермесе, намаз оқымаса, Аллаға дұға етіп мінәжат жасамаса, соны көріп өскен перзенттердің Құдайға қандай құл боларын өзіңіз болжай беріңіз.

Ертелі-кеш телесериал көру, тамақ ішу, жатып ұйықтау, айнаның алдында таранып-сыланып отырғаннан әрі аса алмаған аналар бала-шағасына одан артық тәрбие бере алмайды. Ал темекі тартып, сыра ішуден арланбайтын әйелдердің ұл-қыздары да әдеп пен көркем мінезге ие болып шығады деп сену қын.

Анасы әдепсіз болса, баласы ұялатыны тағы бар. Кез келген перзентке «сенің шешең жаман» деген айыптаушы сөзден артық соққы жоқ.

Ертеде Әбул Әсуад деген кісі балаларына: «Мен сендер кішкентай кезде де, есейген кездерінде де, тіпті дүниеге келмей тұрғандарында да жақсылық жасадым», – депті. Сонда перзенттері: «Кішкентай күніміз бен есейген шағымыз түсінікті, бірақ біз туылмай тұрғанда қандай жақсылық жасадыңыз?» деп сұрайды таң қала.

– Мен сендер кейін ұялып, қысылмайтындағы ана таңдадым, – дейді әкесі.

Сүйікті Пайғамбарымыз хадистерінің бірінде: «*Қоқыста өскен әдемі гүлге қызықпаңдар*» деп ескерткен. Бұл әйелдікке таңдалған кісінің өскен орта-

сы, шыққан жері маңызды дегенді білдіреді. Қазакта «Шешесін көріп, қызын ал» деген аталы сөз қалған. Олай болса, екі дүниеде бақытты болғысы келген жандар жар таңдауда қателесуіне болмайды. Ата-ананың жақсы тәрбиесін көрген иманды, діндар әйел ғана бала-шағамызға үлгілі ана бола алады. Ал басқа жолмен бақытты болам деу өзімізді немесе өзгені алдау ғана. Алланы ешкім алдай алмайды. Жаратушы иеміз перзенттеріміздің анасын ибалы, иманды, инабатты етсін.



сы, шыққан жері маңызды дегенді білдіреді. Қазақта «Шешесін көріп, қызын ал» деген аталы сөз қалған. Олай болса, екі дүниеде бақытты болғысы келген жандар жар таңдауда қателесуіне болмайды. Ата-ананың жақсы тәрбиесін көрген иманды, діндар әйел ғана бала-шагамызға үлгілі ана бола алады. Ал басқа жолмен бақытты болам деу өзімізді немесе өзгені алдау ғана. Алланы ешкім алдай алмайды. Жаратушы иеміз перзенттеріміздің анасын ибалы, иманды, инабатты етсін.



Бала үшін жақсы орта, жақсы көрші таңдау

Бала тәрбиесінің алғашқы кезеңінде ескерілуге тиіс мәселелердің бірі – бала үшін жақсы орта мен жақсы көрші таңдау. Байқап қарасаңыз, ешбір ата-ана баласын жаман болсын демейді. Олардың әдепті, көркем мінезді, тілалғыш, білімді болып өскенін қалайды. Бірақ көбінесе балалары өздері ойлағандай болып шықпай жатады. Бір күні баласының әдепсіз сөзін естіп қалады. Екінші күні өтірік айтқанына куә болады. Тағы бір күні ата-анасына сөз қайтарады. Өз перзентінің осындағы жаман әдеттері күн сайын көбейгенін ешбір ата-ана күтпесе керек. Сонда осының бәрі қайдан шығып отыр? Сонда баламыздың тәрбиесімен айналысып отырған бізден бөлек тағы кім бар? Міне, бұл ойлануға тұратын сұрак. Иә, перзенттерімізді жалғыз өзіміз ғана тәрбиелемейміз. Бала тәбиесіне бізben қатар араластындар көп. Теледидардың, мектептің, дос-жаранның тәрбиеге қатысы жоқ десек қателесеміз. Сондай тәрбие көздерінің бірі – көше мен аула.

Адам баласының жетіліп, қалыптасуына қоршаған ортаның әсері елеулі. Сондықтан жетелі ұрпақ жетілдіру ісінде баланың өсетін жері мен көршілеріне көніл бөлінуі тиіс. «Ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол, қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол» деген аталы сөздің де бір мәні осында болса керек. Бұл жағынан алғанда, бала үшін жақсы ана таңдаудың маңызы қандай болса, дұрыс көрші мен мұсылмандық өмірге игі әсері болатын жақсы мекен таңдаудың мәні де одан кем емес.

Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистерінің бірінде: «Төрт нәрсе – бақыттан. Олар: ізгі әйел, кең баспана, ізгі көрші, жүйрік көлік», – деген. Ендеше, көршісі жаман кісі толық бақыттымен деп айта алмайды. Көршісі жаманның балалары да дұрыс жетілмейді. Өйткені біз қаласақ та, қаламасақ та, балалардың көбінесе тәлім-тәрбие алатын жері – көше мен аула.

Әрине, көшеге шықкан баланың бәрі түгел бұзылып кетеді дей алмаймыз. Алайда жас шыбықтай өсіп, әлі қалыптаса қоймаған бала айналасындағы жақсылықты да, жамандықты да талғамай үйрене береді.

Байқап қарасақ, балалар былапыт сөздер мен жаман қылыштарды, өтірік, өсекті көбінесе көшеден үйренеді. Төбелес, ұрлық-қарлық, зорлық-зомбылықтың, бос қылжак пен жеңілтектіктің, басқа көптеген қылмыс-күнәлардың ең бастапқы «үйірмесі», «мектебі» осы көше тәрбиесі десек артық айтқандық емес. Кім де кім бала-шағасына дұрыс қарамай, бетімен жіберсе, көп кешікпей олардың осы аталған жаманшылықтарға үйір бола бастағанын байқайды. Осы тұрғыдан қарағанда, көршілер мен тұратын ауданның мұсылмандыққа, ынтымак-бірлікке жақын болғаны өте маңызды. Мәселен, үйіміздің маңында мешіт болғаны қандай, тұнгі клубтар мен кафелердің болғаны қандай? Ол жағын саралау қын емес. Мешітке үйір балалар бір жерде жиналса, дөрекі былапыт сөздер айтпайды, әдепсіздік жасамайды, бірін-бірі темекі шегуге, сыра ішуге шақырмайды. Олар бірін-бірі намаз окуға, Құран жаттауға, адамдарға жақсылық жасауға, көркем мінезді болуға үндейді.

Ендігі мәселе біз өмір сүретін ауданда аузы дуалы, батагөй ақсақалдардың көп болса, бала тәрбиесіне

оның да әсері бар. Өйткені жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыятындар көбінесе көпті көрген көнекөз қариялар. Алла тағала елімізде осындай ақсақалдарымыздың көп болуын нәсіп етсін. Ұлқыздарымызды тәрбиелі, иманды, ибалы етсін.



Скопировано в буфер обмена

Мұсылмандық тәрбиеге қүш салу – міндетіміз

Біз, мұсылмандар, тәрбиеге, білімге, өзімізді отбасымызды, бала-шағамызды жетілдіруге ерекше мән беретін қауымбыз. Бұл орайда айтылатын нәрсе тәрбие беру маңызды, бірақ қандай тәрбие беретініміз одан да маңызды. «Перзенттеріміз қай жерден болса да, тәрбие ала береді ғой. Бала бақшадан алар, мектептен алар, онда болмаса университеттен алар. Біз тек киімі мен тамағын тауып берсек болғаны» деп тәрбие ісіне бейғам қарауға болмайды. Баламыз не үйреніп жатқанын, қай жерден не үйреніп жүргенін, қандай адам болып қалыптасып жатқанын бес саусағымыздай білуге тиіспіз. Өйткені бізге кез келген емес, өзіміздің жаратылыс табиғатымызға сай ислами тәрбие керек. Пайдалы тәрбие баланың екі дүниесін түп-түгел қамтуға тиіс. Ал кез келген тәрбие осы талапқа жауап бере ала ма? Әрине, жок. Ал бауыр еті баламызға берген тәрбиеміз оның ақыреттік мәңгілік өмірін балта шапса, ол тәрбие толыққанды тәрбие бола алмайды. Баламызды ақылды етіп, бай етіп, атақты етіп өсіруіміз мүмкін. Бірақ ол мұсылмандықтан макұрым болса, түбінде бақытсыздық тартады. Алла осыдан сактасын. Ол аздай дұрыс жетілмеген ұл-қызы үл дүниеде де, ақиретте де ата-анасына жау болып шығады. Ол ертең Алланың құзырына барғанда: «Уа, Раббым, мені ата-анам сенің разылығынды табатындей етіп өсірген жоқ. Кінә менен емес, солардан» деп шағым жасайды. Құранда мынадай аят бар: «Сол күні адам өз бауырынан, анасы

мен әкесінен, өмірлік жары мен бала-шағасынан қаша жөнеледі» («Абасә» сүресі, 34-36- аяттар). Неге қашады? Өйткені дүниеде оларға Алланың шаригатын үйретпеген. Бір-бірінен қашқанмен мәселе бітсе жақсы. Алайда онымен іс бітпейді. Алланың сансыз нығметіне бөленіп жүріп, Исламды перзенттеріне үйретпеген ата-аналар да, ақыл-есі бүтін бола тұрып өзінше ізденбеген перзенттер де ол күні міндettі түрде жауапқа тартылады. Міне, мәселеге осы тұрғыдан келсек, бұл дүниеде ешбір тәрбие жүйесі Исламға тен келе алмайды. Сондықтан құрметті ата-аналар бала тәрбиесіне күш салам, қаражат жұмсаймын десе, алдымен оның мұсылмандық тәрбиесіне көңіл бөлулері тиіс.

Абай хәкім бір өлеңінде былай деген:

«Балам закон білді деп,
Куанар ата-анасы,
Ойында жоқ олардың
шариғатқа шаласы.
...Ижтихатсыз, михнатсыз
табылmas ғылым сарасы».

Ендеше, перзенттерімізді тек қана экономика, зан, кеден, мемлекеттік басқару салаларына оқуға беру жеткіліксіз. Соған қоса, мұсылмандық тәрбие де керек.

Енді мәселеге қоғамдық, әлеуметтік тұрғыдан келейік. Біз бүгін ислами тәрбиеге дұрыс көңіл бөлмегендіктен, мұсылман елдері экономика саласында да, техника технология саласында да көштің соңында келеді. Балаға дұрыс тәрбие мен дұрыс білім берілмеген соң, бүгінде мұсылмандыққа жабылмаған жала, тағылмаған айдар жоқ.

Дүниемізді мұсылманша тәрбиеге жұмсағымыз келмейді. Соның салдарынан ел-жүрттан бақ-береке,

ырыс-құт қашып отыр. Енді не істеу керек? Біздіңше, мейірім, ықылас, адалдық, тазалық, шүкіршілік, қанағат, ар-намыс, ұят, Құдайдан қорку, ақыреттен үміт ету секілді асыл дініміздің жауһар құндылықтары туралы кітаптар мен дискілер шығарып, оларды мол таралыммен халық арасына барынша кеңінен таратсақ, көп кешікпей, еліміздің барлық саласында өрлеу мен даму болады. Ата-бабамыз сан ғасырдан бері бірлік-ынтымақпен тату-тәтті өмір сүруінің бір себебі олардың осындай ислами тәрбиеге ерекше назар аударғанынан.

Жинақтай келе айтарымыз, бала тәрбиесіне қатысты Ислами кітаптарды көбірек ізденуміз керек. Баланың ақыл-ойын ислами ұғымдармен сусыннатуымыз қажет. Жақсылық пен жамандықты, адал мен арамды, ақиқат пен жалғанды ажырата білуге баулығанымыз жөн. Алла тағала имани тәрбие беруді нәсіп етсін.



Ана толғағы қайтсе женілдейді?

Ислам діні өмірдің барлық кезеңін түгел қамтиды. АナンЫҢ босану кезіндегі қындықтардың өзі Ислам дінінің назарынан тыс қалмаған. Сондықтан бүгін осы мәселенің әйелдерге қатысты жағын қысқаша қозғап өтуді жөн көрдік. Себебі қазір ардақты Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) осы саладағы өсиеттері көбінесе ескерілмей жүрген секілді.

Жалпы, аナンЫҢ ерекше қиналып, өмір мен өлімнің арасында жатып дүниеге сәби әкелетіні мәлім. Оны бала туған әйелдердің өздері ғана жақсы сезінсе керек. Алайда босану кезінің қындығы жайлы Құранда хабарлар бар. Мысалы, Мәриям анамыздың босану кезі жайлы Құранда былай делінеді: «Мәриям жүкті болып, құрсағындағы баланы көтерген күйде елден жырақ (алыстау) бір жерге шықты. Содан соң қатты толғақ оны құрма ағашынан жабыса ұстап алуына мәжбүрледі. Сол кезде ол: **«Әттең-ай! Осы іс басыма түспей тұрып, ертерек өліп кетіп, атым да, затым да ұмытылып кеткенде етті»** деп налыды». («Мәриям» сүресі, 22, 23-аяттар).

Бұл аяттың астарында бүгінгі таңда ескерілуі тиіс көптеген мәселе бар. Біріншіден, хазірет Мәриям секілді қайсар, такуа, діндар әйелдің өзі толғақ қысқанда, аузына өлім туралы сөз алды. Екіншіден, осыған қарап-ақ бізді туған аналар қаншалық құрметке лайық екенін бағалай берсек болады.

Енді осылай қиналғанда әйелдер не істеуі керек? Ислам бұл жайлы не дейді? Соған тоқталайық. Ардақты

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүйікті қызы Фатима толғақ үстінде жатқанда, Алла елшісі (с.ғ.с.) оның қасына Үммү Сәләма және Зәйнәб бинт Жахш деген екі әйелді жіберді. Оларға Фатиманың қасына барып, сол жерде «Аятұл Курсиді», «Аграф» сүресінің 54-аятын, «Юнус» сүресінің 3-аятын, сондай-ақ «Фәлак», «Нас» сүрелерін оқуды тапсырды. Бұл бүтінгі акушерлік салада назар аударылмай жүрген мәселе болса керек. Ендеше, бала босандырумен айналысатын дәрігерлер, медбикелер аталмыш сүрелерді жаттап алғандары жөн. Сәл қиналған әйелдің баласын қарның жарып алуға асықпай, сұннет бойынша аталмыш сүрелерді оқығандары дұрыс.

Тағы бір хадисте былай делінген: «Егер де бір әйелдің босануы қындалап кетсе, (онда қасындағылар) бір ыдысты алыш, оған «Ахқаф» сүресінің 35-аятын, «Назиғат» сүресінің 46-аятын және «Юсуф» сүресінің 111-аятын жазады. Содан соң сол ыдысты жуады да, онымен әйелге су береді, ішіне және ұятты жеріне сол ыдыспен су шашады».

Аталмыш аяттарда былай делінген: «Олар бейне бір уәде етілген азапты көрген күні дүниеде небәрі күндіздің бір сағатындағанда қалғандай сезінеді. Бұл бір насиҳат. Құранмен амал етпейтін пасықтардан өзгелер күрдымға батырыла ма?» («Ахқаф» сүресі, 35-аят)

«Олар сол ұлы күнмен бетпе-бет келгенде, (пәни) дүниеде бір кеш немесе бір таңғана өмір сүргендей болып сезетін болады». («Назиғат» сүресі, 46-аят)

«Шын мәнінде, олардың қиссаларында ақыл иелері үшін әлбетте ғибраттар бар» («Юсуф» сүресі, 111-аят).

Сондай-ақ босанып жатқан ананың да аузынде Алласы болуға тиіс. Ертеректе Мансур ибн Аммар деген кісі болыпты. Анасы бір күні толғақ қысып қинала бастайды. Қиналып жатып: «Әй, Мансур, әкенді шақырып келші» деп өтінеді. Сонда жағдайды көріп тұрған бала: «Анашым, сіздің бұл жағдайыңызда Жаратушы ғана көмектеседі. Әкемді шақырып қайтесіз?» дейді. «Баламау, өлетін сәтім келді ғой, барсаңшы енді» дейді. Сонда Мансур: «Шын жүректен, «Я, Алла ағисни (Уа, Алла, көмек бер!) деп айт», – дейді. Анасы дәл осылай айтқаны сол екен, женілдік сезіне бастайды. Сөйтіп аман-есен босанады.

Ендеше, босанатын әйелдерге айтарымыз, қиналған шақта бар ықыласпен Алладан жәрдем тілеуі керек. Алла тағала дүниеге сәби әкелуші аналарға женілдік берсін.



Отбасымызға қаражат жұмсай білу

Бала-шағаның ішіп-жеуі мен киім-кешегіне, окуы мен тәрбиесіне қаражат жұмсау ата-ананың міндеті ғана емес, Алланың құзырында мол сауапқа кенелудің бір себебі. Сондай-ақ бала үшін жұмсалған мал-мұліктің тәрбие жөнінен де маңызы зор. Әсіресе, перзенттеріміздің қамы үшін мал-мұлік шарифат шеңберінен шықпаса, шектен тыс ысырапшылдыққа жол берілмесе, сарандық танытылып балалардың қажеттілігін өтей алмайтындей тым аз да жұмсалмаса, мұның өзі өсіп келе жатқан баланың тәрбиесіне мол әсер етеді. Құран кәрімде Алла тағала былай деп бұйырган: «**Мүмкіндігі барлар соған қарай көбірек берсін, ал жағдайы жоқтар шамалары келгенше жұмсасын**» («Талақ» сүресі, 7-аят). Бұл аятқа қарасақ, отбасына қаражат жұмсаудың өзі кісінің материалдық жағдайына қарай өзгеріп отырады. Алайда бұдан еркектер әйелдері мен ұл-қыздарын шектен тыс еркелетіп, шолжандатып жіберсін деген қорытынды шықпайды.

Ата-ана перзентіне не берсе, соның сұрауын да алып отыруы керек. Мысалы, ұлынызға немесе қызынызға көлік сатып әперсеңіз, ол көлікпен қайда барып жүргенінен де хабардар болуымыз керек. Күнделікті қаражат беретін болсақ, оның қайда жұмсалып жатқанын байқауға міндеттіміз. Өйткені кейде өз баламызды өзіміз күрдымға батырып жүрген болуымыз да ықтимал. Күн демей, тұн демей еңбек етіп, аузымыздан жырып берген ақшаға балалар темекі тартып, сыра ішіп, құмар ойнап, білгенін істеп жүрсе қандай өкінішті. Осылай

қараусыз өскен бала күні ертең жөні тұзу отбасын құра ала ма? Ондай бала дұрыс әке бола ала ма? Жақсы мен жаманың, адал мен арамның парқына өзі жете алмай жүрген бала артына ізгі үрпак қалдыра ала ма? Әрине, жок. «Судың да сұрауы бар» деген сол. Ендеше, малдұниені де қайдан тауып, қайда жұмсағанымыз тура-лы да есеп бермейміз деп ойламаңыз. «Атанның жүті атанның жүгі» дегенді де дана қазақ бұл дұниеге ғана емес, аргы есеп әлеміне де қатыстырып айтса керек. Бұл айтылғандардан шығатын тұжырым – перзенттер үшін мал жұмсау керек. Бірақ шектен тыс ысырапшылдыққа жол беруге болмайды. Сонда Ислам діні бала-шаға үшін қаражат жұмсауға қарсы ма деген сұрақ туындауы мүмкін. Жок, қарсы емес. Керісінше, соған шақырады, үндейді. Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистерінің бірінде былай дейді: «Адамның асырап отырғандарына дұрыс қарамауы – оған күнә ретінде жетеді». Тағы бір хадисінде былай деген: «Бір динар бар Алла жолында жұмсалған, бір динар бар қызметшілерге берілген, сонымен катар жарлы-жақыбай, міскінге садақа етілген динар бар. Одан соң отбасың, әuletің үшін жұмсаған динар бар. Осылардың ішінде ең сауаптысы – отбасың мен әuletіңе жұмсағаның». Көрдіңіз бе, өз шазырағымызға қаражат жұмсаудың сауабы бәрінен де артық бағаланып отыр. Мұның бір себебі, әркім өз отбасына дұрыс қараса, жұртқа жалтақтатпай, көңілдерін тоқ етіп өсірсе, бүкіл қоғам дұрыс болады. Әрине, бұл жерде мәселе тек перзенттеріміздің тамағын тойдыру ғана емес. Олардың рухани жетілуі үшін жұмсалған мал-мұлік те маңызды. Абай атамыз: «Баламды медресеге біл деп бердім» дейді. Неге медресеге береді. Себебі, баланың

рухани қоймасы, ең алдымен имандылықпен толуы керек. Басқасы кейінгі орындарда тұрады.

Жинақтай келе айтарымыз, отбасымызға қаражат жүмсай білу де – сын. Дұрыс жүмсасақ, ұтамыз. Бұрыс жүмсасақ, ұтыламыз.

Алла тағала баршамызға ата-аналық борышмызды дұрыс аткаруды жазсын.



Баламыз көпшіл болса...

Қазақта «Адамның күні адаммен» деген сөз бар. Бұл даналықтың астарында адам баласы жеке өмір сүрмейді, қоғаммен бірге жасайды деген мән жатыр. Негізінен, бұл мәтел асыл дініміздің қайнар бастауларынан алынған десек қателеспейміз. Өйткені Құран аяттары мен Пайғамбар хадистеріне зер салсак, шынында да, Исламның көпшілікке, әлеуметке арналған дін екенін, ал адамның сол жамағаттың ішінде өмір сұруге лайық жаратылғанына көзіміз жетеді. Адам ешкіммен араспай, құраласпай, жалқы, дара өмір сүре алмайды. Бұл тұрғыдан келгенде, перзенттерімізді көпшіл, қоғамшыл етіп тәрбиелеудің маңызы зор. Мұсылман кісі ел ішінде қалай өмір сүреді, адамдармен қалай қарым-қатынас жасайды, кіммен қалай сөйлеседі, қоғамда өзін қалай ұстайды – мұның бәрі асыл дінімізде үтір, нұктесіне дейін қамтылған. Құранның бір аятында былай делінеді: **«Ешбір нәрсені ортақ етпей, жалғыз Аллаға ғана құлшылық жасандар. Одан соң ата-анаға, жақын туыстарға, жетімдерге, жоқ-жітікке, туыс көршілерге, алыс қонсыларға, жанындағы досжораға, жолда қалғанға, сондай-ақ қолдарындағы құл, күң, қызметшілерге ізгілік жасандар»** («Ниса» сүресі, 36-аят).

Енді елестетіп көріңіз, әр бала өзінің ата-анасына, жақын туыстарына, жетімдер мен жоқ-жітікке, алыс-жақын көршілеріне және аятта айтылған өзге де әлеуметтік топтарға жақсылық жасап, оларды туған бауырындей сыйлап жүрсе, қоғамда қандай тамаша

жағдай орнайды. Біреулер бұл іске аспайтын нәрсе ғой, бір адам осының бәріне қалайша жақсылық жа-сайды деп ойлауы да мүмкін. Әсте, олай емес. Тарихта мұсылмандықтың осы талаптарын орындаپ өткен елдер аз болмаған. Солардың бірі біздің қазак. Естеріңізде болса, кешеге дейін ата-ана ақысы, үлкенге құрмет, кішіге ізет, көршімен сыйласу, дос-жаранға адалдық де-ген қасиеттер біздің ұлттық болмысымыз болып келді. «Дүние ойлап тұрсаң шолақ еken, адамзат бір-біріне қонақ еken» деген қара өлеңді аузынан тастамай айттып келген елміз. Халықтық тәрбиеде де осы жағы өте көп қарастырылған. Мысалы, ауылда бір кісі ас беретін болса, бір баланы бүкіл үйлердің үлкендерін шакыртуға жүгіртіп жіберетін. Оның осы көше-көшені аралап жүріп, асқа адам шакыруының өзі тәрбие. Өйткені ол алдымен барған үйінің иелерімен жұз көріседі, аманда-сады, жағдай сұрасады. Сөйтіп, бірте-бірте көршілерінің бәрімен туған туысындай жақын болып кетеді. Асқа келген қонақтардың қолына су құюдың өзін қараңызшы. Қандай ғажап салт! Үлкендердің «Көп жаса», «Өркенің өссін», «Молда бол» деген секілді батасын алады. Енді ойлаңызшы, күнделікті тіршілігі осындай болып өтіп жатқан ел жаман болуы мүмкін бе? Әрине, жок. Міне, мұның бәрі адамдардың арасын біріктіретін, өзара құрмет, сүйіспеншіліктерін арттыратын аса құнды салттар. Ендеши, баланы көпшіл етіп келген ата-ана оған ең алдымен дінін, тілін және ұлттық салт-дәстүр, әдет-тұрыптарды үйретіп отыруы керек. Өйткені қоғамшыл болудың жалғыз ғана жолы бар. Ол қоғаммен біте-қайнасып өмір сұру. Бір үйден шықпай отырып, көпшіл бола алмаймыз. Сондықтан бұрынғы ақсақалдар бала-сын немесе немересін ертіп жүрген. Бұл да олардың

барған жерінде үлкендермен аралассын, құлағына жақсы әңгімелерді құйып өссін деген мақсаттан туған дәстүр. Бұл ретте үлкендер қауымына да бірқатар міндеттер жүктеледі. Балаға мейіріммен қарау, жылы сөз айту, көркем түрде сәлемін алу, құшактау, бауырына басу, басынан сипау, мандайынан иіскеу, үйге келген балаға құрт, ірімшік, тәтті ұстату, тіпті қажет болса олармен әзілдесу – мұның бәрі үлкендер қауымына қойылатын талаптар. Ендеше, қара домалактарды көпшіл етуге үлкендер де аянбай үлес қосса екен деген тілектеміз.



барған жерінде үлкендермен аралассын, құлағына жақсы әңгімелерді құйып өссін деген мақсаттан туған дәстүр. Бұл ретте үлкендер қауымына да бірқатар міндеттер жүктеледі. Балаға мейіріммен қарау, жылы сөз айту, көркем түрде сәлемін алу, құшактау, бауырына басу, басынан сипау, мандайынан иіскеу, үйге келген балаға құрт, ірімшік, тәтті ұстату, тіпті қажет болса олармен әзілдесу – мұның бәрі үлкендер қауымына қойылатын талаптар. Ендеше, қара домалактарды көпшіл етуге үлкендер де аянбай үлес қосса екен деген тілектеміз.



«Ауыл терапиясы» аудай қажет

Бала тәрбиесінде оның айналасындағы әлеуметтік және заттық ортаның алатын орны ерекше. Баланың өмір сүретін үйі, ауылы, қыры, сайы, тауы, тасы, тіпті желіне дейін жас жеткіншектердің қалыптасуына әсері бар. Сондай-ақ перзентеріміздің айналасындағы адамдар – ата-анасы, бауырлары, туған-туыстары, көршілері, достары – бәрі де бала тәрбиесіне үлкен үлес қосатын факторлар. Бұл жағынан алғанда, коршаған ортаның әдепті баланы әдепсізге немесе тәрбиесіз баланы әдептіге айналдыратындай ықпалы бар екенін естен шығаруға болмайды.

Аяттар мен хадистерде «жамағат», «көпшілік», «қауым» деген ұғымдарға көбірек тоқталуының бір сыры осында. Жамағаттың сау болуы үшін оны құрайтын жеке адамдар қандай қағидаларға бой ұсынуы керек? Міне, бүкіл діни құндылықтар осы сұрақтың айналасына құрылған десек артық айтқандық емес. Сол себепті баласының екі дүниеде бақытты болуын қалаған ата-ана барынша мұсылмандықты ұстанатын, бес парызын орындалап жүрген ортада тіршілік етуге тырысқаны жөн. Мысалы, уәдесінде тұрмайтын, аманатқа қиянат жасайтын, сенімсіз көршілер баланың рухани болмысын әлсірететін себепке жатады. Ислам тарихында тек тәрбие мақсатында бір жерден екінші жерге қоныс аударылатын жағдайлар аз кездеспеген. Мысалы, жұз кісінің қанын мойнына жүктеген қылмыскер бір данышпаннан ақыл сұрағанда, оның тәубе етіп, кешірім сұраумен бірге «пәлен деген елге көш» деп көнестер беруі бекер

емес. Сондықтан, Имам Мәлик: «Жаманшылық ашық жасалатын мекеннен көшу керек. Өйткені жамандық жасырын жасалса, ол жасаушының өзіне ғана зиян. Ал жария жасалса және тоқтатылмаса, әркімге де залалы тиеді» деген тұжырым жасаған. Мысалы, бір ауылда арак, шарап ашық түрде ішілетін болса, оның бүкіл қоғамға, әсіресе жас балалардың келешегіне үлкен кесір келтіретіні анық. Имам Мәлик ондайды тоқтату керек деп бекер айтып отырған жок.

Кейбіреулер «Бізде демократия, әркім өз білгенін істейді» деген ойды алға тартуы да мүмкін. Жоқ. Олай емес. Шын демократияның занылышына келсеңіз, бір ауыл немесе бір аудан бір ғана жеке адамның сатып алған жері емес. Бүкіл тұрғындардың игілігіне жараптағыс ортақ мекен. Сондықтан ешкім де ішкен арағымен, жасаған ұрлығымен, айтқан бейәдеп сөздерімен біреудің жақсы баласына зиян келтіруіне құқы жок. Қылмысы мен күнәсін үйінен шықпай отырып жасауы керек. Міне, нағыз демократия деген осы. Ендеше, перзентінің келешегіне жаны аштын адамдар шамалары келгенше өз ауылдарында ашық жасалып жүрген жаманшылықтарға бөгет болуға тиіс. Біздіңше, Төле би, Қазыбек, Әйтекелер, Абай, Шәкәрім, Ахметтердің көздері тірі болса, өздері өмір сүретін ортаға тәртіп орнатар еді. Аузы көпірген маскүнемдерді тыяр еді, бейпіл ауыздарды әдепке шақырапар еді. Жартылай жалаңаш жүрген қыз-келіншектерге бір тосқауыл қояр еді. Тек олар емес, бұрынғы көнекөздердің қай-қайсысы болса да осындай «ауылдық терапия» жасар еді. Өйткені келешектің жарқын болуы бала тәрбиесінен басталады. Ал бала тәрбиесі қоршаған ортаға тікелей қатысты.

Әлемге әйгілі психолог Артур Томас Джерсильд «Бала психологиясы» деген еңбегінде былай дейді: «Баланың физикалық денесі сырттан алынған азық-түлік арқылы қоректенетіні секілді ақыл-ес бітімі қоршаған ортасынан алынған және тумысынан берілген нәрселердан нәр алады».

Әрине, қоршаған ортаның шеңбері өте кең. Мысалы, әр баланың өз отбасы қоршаған ортасына жатады. Ендеше, бір үйде әке мен шешенің арасындағы татулық-бірлік, балалар арасында бауырмашылдық, олардың біріне бірі бағынуы, бірінің айтқанына екіншісі көнуі, барлығы бірге құлшылық жасауы, кітап оқып білім іздеуі, Аллаға дұға жасауы, жүйелі түрде уағыз айтылуы – бәрі де осы ортаны жақсы етудің шараларына жатады.

Алла тағала әрбір перзенттің қоршаған ортасын иманды, әдепті, пайдалы етсін.



Уызына жарымаған тәрбие

Балаға жастайынан берілуге тиіс діни, рухани, мәдени құндылықтарды бір ауыз сөзben «негізгі тәрбие» немесе қазакы қолданыста «тәрбиенің уызы» деп атауға болады. Әр ұлттың өкілі негізгі тәрбиені өз елінде қалыптасқан дәстүр бойынша береді. Бірак бүкіл елдерге ортақ тәрбие негіздерінің бар екенін естен шығармауымыз қажет. Мысалы, «балага діни тәрбие беру» деген мәселе кез келген ұлттың немесе сенімнің өкілдерінде де кездесуі мүмкін. Алайда бұл тақырыптың астарында қамтылатын мазмұн әр елде әр қылыш болып келетіні анық. Мысалы, мұсылманда перзенттеріне бір Аллаға, ақиret күніне сенуді үйретеді, оларға ардақты Мұхаммед пайғамбарымызды (с.а.с) танытады. Намаз оқуға, мешітке баруға баулиды. Ал христиандар, үштікке сенуді, шіркеуге баруды үйретеді. Осылайша әр сенімнің өкілі өзінше бір тәрбие береді. Қысқасы, негізгі тәрбие дегенде, ұл-қыздарымызды ана тілімізді узына қандыру, ата дініміздің құндылықтарын үйрету, ұлттық салт-дәстүрлерімізді менгертуді еске аламыз. «Уызына жарымаған» деп осы негізгі тәрбиені түрлі себептермен ала алмаған адамдарды айтуға болады. Әрине, өз тілін білмей тұрғаны, өз дінін үйренбегені немесе салт-дәстүріне немкұрайлы қарауы үлкен кемшілікке жатады. Мұндай кемшілікті «заманның талабы» деп жылы жауып қоя салуға болмайды. Егер де бір ата-ана өз перзентін узына жарытпаса, оның келешек өміріне өз қолымен балта шапты деген сөз. Мысалы, бір қазақ бір қазаққа: «Сіз қазақша білмейсіз

бе?» деп сұрағанда, екіншісі «жақсы білмеймін» десе, бұдан артық сор, бұдан артық өлім жоқ. Бұлай жауап беру кімге оңай тисін. Титтей де намысы бар адам мұндай жағдайда өлердей қысылары анық: Шет тілін білмеу айып емес. Ал ана тілінде сөйлесе алмау – үлкен қасірет. Ал енді сол шұлдірлеп тұрған мәңгүрт балаға кезінде әке-шешесі ана тілін дұрыстап үйреткенде, балалары осындағанда күй кешер ме еді. Әрине, жоқ. Дәл сол секілді мешітке немесе жаназа намазына келген бір мұсылман екінші мұсылманға «Дәретің бар ма?» десе, екіншісі «Мен дәрет ала алмаймын» деп жауап қатса не болады? Бұл да бір, өлім де бір емес пе? Өзін мұсылман санайтын ата-ананың үйінде өскен бала дәрет алудың тәртібін білмесе, қандай өкініш. Бірақ мұны жұрттың бәрі дұрыс сезіне алмауы да ықтимал. Мысалы, кейбір ата-ана өз перзенттерін ешкімнен кем қылмай киіндірсе, университет оқытса, содан соң жақсы бір қызметке тұрғызыса, соны жетістік санауы мүмкін. Мысалы, кей кіслер әңгімесінде: «Құдайға шүкір, балаларды жетілдірдім, өсірдім, бәрін бір-бір қызметке тұрғыздым» деп кеуде керіп қалады. Ал баласының ана тілін білмейтіні, салт-дәстүрден жүрдай, дінінен макұрым екенін есепке де алмайды. Сонда бұл мақтаныш қай мақтаныш деген ой келеді. Тіпті неке қидыруға келген екі жас мұсылманның куәлігі саналатын кәлиманы тілін келтіре алмай қиналады. Бұған жастардан бұрын оларды сонша жыл имани тәрбиеден жырақ қалдырған ата-ананың ұялғаны дұрыс. Баласына алғашқы тәрбиенің узынын берсе, сонда мақтанса жарасады. Ұл-қызы ана тілінде сайрап тұрса, намазын оқып, дінін ұстанып жүрсе, салт-дәстүрге келгенде жолын білсе, ата-ананың нағыз абыройы сол болса керек.

Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистерінің бірінде: «Білім іздену – әрбір мұсылманға парыз» деген. Бірақ қандай білім парыз деген сұрақ туады. Имам Ғазали дәл осы мәселеде жиырмадан астам пікірлер бар дейді. Біреулер, сенім парыз десе, екіншілер шариғат негіздері парыз деген ойды алға тартады. Міне, солардың қатарында бұл хадисті негізгі тәрбиеге қатысты деп қарастыруға болады.

Алла тағала перзенттерімізді жастайынан тәрбие уызына жарытуды жазсын. Осындай ұлы міндетті атқаруға жеңілдік берсін.



Атаға қарап ұл өсер...

Балаға көрсетілер үлгі-өнегенің тәрбие құралы ретіндегі маңызы ерекше. Жаңа қалыптасып жатқан жас жеткіншекке оның өз айналасынан көрген-білгені, көңіліне түйгені үлкен өсер етеді. Әсіресе, ата-ананың жүріс-тұрысы, сөздері, мінез-құлқы, жақсы-жаман әдеттерінің баланың жеке адам ретінде қалыптасуына ықпалы мол.

Бала бәрінен бұрын өз әке-шешесіне еліктейді. Соларға ұқсағысы келеді. Олардың бойындағы ерекшеліктерді өзіне сіңіріп алуға тырысады. Тіпті таза мұсылман табиғатпен туылған баланың өзге дінге өтіп кетуіне де ата-ана себеп. Ардакты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «*Дүниеге келген әрбір нәресте пәк. Мұсылман табиғатпен туылады. Ата-анасы оны иудей, отқа табынатын мәжуси я болмаса христиан етеді*» деп осы ақиқатты білдіреді.

Баланың өтірік, өсек, қызғаншақтық, тәкаппарлық секілді мінездерге үйрететін де алдымен ата-анасы, туған-туысы. Алла елшісі (с.ғ.с.) хадистерінің бірінде: «*Кімде кім баласына: «Келе ғой, мә!» деп шақырып, содан соң оған ештеңе бермесе, бұл ісі ол үшін өтірік болып жазылады*» деген. Міне, осылай баланы бала деп алдай салатын іс-әрекеттер бүгінде аз кездеспейді. Содан соң бала өтірікті қайдан үйренді дейміз. Өзіміз темекі шегіп, арак ішіп жүріп бала-шағамызға одан аулак болуды тапсырамыз. Бірақ құры сөзге мойынсұнып жүрген бала жоқ. Ісіміз басқа, сөзіміз басқа екенін олар да сезеді. Кезінде Абай атамыз өзінің туған бауыры

Тәкежан мен жеңгесін осы бала тәрбиесі жөнінде өткір сынаққа алғанын білеміз. Естеріңізде болса, хәкім ата-мызыңыз былай дейді:

Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,
О да өзіндегі ит болсын, азғыр-азғыр.
Асын жөндеп ішे алмай қысылады,
Құрбысынан ұялып өңшең жалбыр.

Бұл өлеңнің қашан және қандай жағдайда айтылғаны «Абай жолы» романында да жан-жақты суреттелген. Мұндағы мәселе ата-ана өз баласына: «Қолындағыны тығып же, анау кедей-кеңішікке көрсетпе! Өзіңнен тұрмысы төмен балалармен ойнама!» деген секілді азғырынды тәлім бермеуі керектігінде. Сондай-ақ әлгі өлеңнің жалғасында:

«Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай,
Артық қайыр артықша қызметке орай», – деп мейіріммен, жанашырлықпен, жылылық, жұмсақтықпен жарлы-жақыбай көршілерге қарайласудың жоқтығы әшкереленеді. Әрине, үйінде жатып ішер, жалқаулардың ісі бөлек. Олар еңбек етуді үйренгені дұрыс. Ал шынында да, қанша еңбек етсе де, қысқа жіпті күрмей алмай жүрген қаншама отбасылар бар. Мейірімді мұсылмандар қараспаса, олар өздігінен аяғына тұра алмайды. Мысалы, бес-алты баласымен тар әрі суық үйде тұратын, бір тойып ас ішуге зар, күндері біреудің жыртық-жамау ескі киіміне қарап отырған отбасылар да елімізде кездеседі. Екінші жақта не ішем, не кием демейтін, дәурені жүріп тұрған шаңырақтар да бар. Міне, сондай дәулетті кісілер бала-шағасына көрсетіп тұрып, елге жақсылық жасауы тәрбие тұрғысынан өте маңызды. Сондай ізгі істерді көзімен көріп өскен жас өркендер өздері де өскен соң қайырымды, мейірімді болады.

Тек қайыр мен жақсылық жасау ғана емес, туралық, шыншылдық, кішіпейілділік, сабыр, тәуекел секілді барлық көркем мінез үлгілері де алдымен ата-ананың атқаруымен барып бала бойына сіңеді. Құлшылық та сондай. Ата-анасы дәрет алатын, намаз оқитын отбасында өскен перзенттер де жүріс-тұрысы тұрғысынан тазалық пен пәктікке жақын болып шығары анық. Мәселен, әйгілі сахаба Ибн Аббас бұлдіршін кезінің өзінде алдында намаз оқып тұрған біреуді көре қалса, жүгіріп барып ол да намаз оқитын дейді тарих кітаптары. Бір күні ол Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) асыл жары болған Мәймұна апасының үйіне қыдырып барғанын былай деп еске алады: «Түннің бір уақыты болғанда, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) орнынан тұрып, бір ыдыстағы судан женіл дәрет алды. Одан соң келіп намазға тұрды. Мен де жүгіріп барып сондай етіп әлгі ыдыстан дәрет алдым. Содан соң келіп Пайғамбарымыздың сол жағына тұрып алдым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мені оң жағына қарай жылжытып қойды. Сөйтіп намаз оқыды». Міне, бұл әйгілі тәпсірші Ибн Аббастың балалық шағы. Байқап қарасақ, мұнда Пайғамбарымыз балаға намаз оқы деген жоқ. Бала тек көргенін жасады. Енде, кейде балаға сөзден гөрі іс өтімді. Мұндай мысалдар аз емес. Қазақтың «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген аталы сөзі тегін айтылмаған. Сондықтан, баласын екі дүниеде бақытты болсын деп тілеген ата-ана оған жастайынан жақсы жағынан үлгі болуға тиіс.

Алла тағала бала-шағасына көркем үлгі-өнеге бола алатын ата-аналарды көбейтсін. Елдің бірлік-ынтымағынан ажыратпасын.

Өз перзентімізге қалайша қастандық қыламыз?

Күрметті ағайын! Күдай тойдан кенде қымасын. Қазір жер-жерде тойдың қызу науқаны жүріп жатқаны аян. Біреулер қыз ұзатып, енді біреулер ұлын үйлендіруде. Бір қызығы, ата-ана оларға той жасап береді. Бұны ұл-қызын жақсы көргені ғой деп ойлаймыз. Ал, бірақ тойдың дастарханына қылтитып арақшарап қойғанын көргенде, олардың өз бауыр еті бала-шағасына қастандық ойлайтын неткен тасжүректер деген пікірге келесіз. Неге дейсіз бе? Оның себебі көп. Бірқатарына ғана тоқталайық.

Біріншіден, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Арақтан сақтаныңдар, ол барлық жамандықтың кілті» деп ашық айтқан. Жер бетінде қанша жаманшылық болса, соның бәрінің бір шеті арақпен байланысып жатады. Ал енді сүйікті бала-шағамыздың өміріндегі ең үлкен қуанышына осынау жаманшылықтың көзін өзіміз әкеліп қоямыз. Бұның астарында көптеген жағымсыз мән жатқан жоқ па? Өз ұрпағымызға жаманшылық тілейтіндей бізге не болған, ағайын! Есі бар ата-ана «ұл-қызым бақытты болсын, өмірлері таза болсын» деп той дастарханын арам судан тазартуы керек емес пе?

Екіншіден, Алла елшісі (с.ғ.с.): «Әрбір мас қылатын ішімдік – арам, мас қылатын нәрсені ішкен адамга Алланың уәде еткен «ұлы балшықты» ішкізетін жазасы бар» деді. «Ұлы балшық» не нәрсе деп сұралғанда, Пайғамбарымыз: «Ол тозақ отына жанғандардың

устінен агатын тер мен ірің», – деп жауап берді (Сахих әл-Мұслим). Ал енді тойға келген қонақтардың тер аралас ірің ішүіне себеп болу қаншалықты орынды. Бүкіл меймандарға, құдаларға, соның ішінде екі жасқа «Алып қойындар» деп осындай жиіркенішті нәрсені ұсынатында бізге не болған? Құдай бетін аулақ етсін, жаңа үйленгендер де арам судан ұрттап қойып, Қиямет күнінде әлгіндей азапқа ұшырап жатса, ол ата-ананың тойларына тартқан сыйы болғаны ма? Бұл қастандық емей не?

Ушіншіден, ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистерінің бірінде былай деген: «*Кімде кім мас қылуышы ішімдік ішсе, бірақ мас болмаса, ол (ішімдік) денесінен немесе қан тамырларынан толық ада болып, арылмайыниа, (ол пенденің) бір де бір намазы қабыл болмайды. Ал егер де мас болса, онда Алла қырық күн бойы оның намаздарын қабыл етпейді. Осы күйде жан тапсырса, кәпір болып өлеңді.*

Бұл хадис тіпті ауыр. Адамның намазы қабыл болмаса, оның қай ісі оңады? Қай тірлігі берекелі болады? Ал жаман айтпай жақсы жок, күнделікті айналамыздан талай жағдайлар мен тағдырларды өз көзімізбен көріп журміз ғой. Ажал батыр адамдарды жас, кәрі деп талғап жатқан жок қой! Солар секілді жаңа үйленген жастардың бірі сол ішімдікті ішкен күні алда-жалда Алла құзырына қайтып кетсе, олардың ақыры не болмақ? Оның артынан «Балам, жаның жаннатта болсын» деп қанша тілегенмен, еңіреп жылағанмен пайда болмайды. Сондықтан бұл да ата-ананың өз баласына жасаған қастандығы болып шыға келеді.

Міне, құрметті есі бар ата-аналар! Тойдың дастарханын даярларда осы мәселелерді ескерсеңіздер! Құдадан ұят болады дейміз ғой. Құдадан ұят болғаны ештеңе етпес, адал дастарханға арам суды араластырсақ, Құдайдан ұят болады. Құдайдан ұят болса, қалған істің бәрі бір-ақ тиын!



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Асқар О. Қара өлең. «Жалын» баспасы, Алматы, 1997. – 635 бет.
2. Жанан И. Хадис анциклопедиси Кутубу сittә. – Стамбул: Заман. – 1993ж. – 1-18 томдар.
3. Жанан И. Хз. Пейгамберин суннетинде тербие. – Ышык академи йайынлары. – Стамбул. – 2010 – 640 бет.
4. Жеті ғасыр жырлайды. Алматы: Жазушы, 2008ж. – 1-2 томдар.
5. Зухайли У. Тәфсир әл-мунир фил-ақидати уәш-шариати уәл минһаджи. «Дәрул фикрил-муасир» баспасы, Бәйрут, Лұбнан, 1991ж. 1-30 томдар. Оспанұлы Ә. Майлықожа (шығармаларының толық жинағы). Алматы, 2005. – 864 бет.
6. Имам әл-Бухари. Сахих әл-Бухари (сахих хадистер жинағы). «Мәктәбәтүл иман- әл мансура» баспасы, Каир, 2003ж., 1551 бет. Асқар О. Қара өлең. «Жалын» баспасы, Алматы, 1997. – 635 бет.
7. Қасиетті Құран.
8. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – 2005ж. 1-2 томдар. Жанан И. Хз. Пейгамберин суннетинде тербие. – Ышык академи йайынлары. – Стамбул. – 2010 – 640 бет.
9. Мұқағали (жыр кітабы). «ҚАЗАқпарат», Алматы, 2012ж. – 1031 бет.
10. Оспанұлы Ә. Майлықожа (шығармаларының толық жинағы). Алматы, 2005. – 864 бет.
11. Сабуни М. Сафуату әт-тәфаасир. «Дәрул-хадис» баспасы, 10-басылым, Каир, 1980ж. 1-3 томдар.
12. Унал. А. Аллах келамы Құрани кәрим ве ачыкламалы меали. «Дефине йайынлары» баспасы, 38-басылым, Стамбул, 2010 жыл, 1454 бет.

Ескертпелерге арналған

Асылбек Әуезханұлы

Мануя жарасымы

Жауапты редакторы: Құдайберді Бағашар
Техникалық редакторы: Бекболат Алтынбекұлы